Қаңлы дәуірімен мерзімделетін «үсті алаңша келген» ескерткіштердің тұрғын үйге арналған құрылыстарының жанында шаруашылық бөлмелері және мал қамауға арналған қоралары орналасатынын Е.И. Агеева мен Г.И. Пацевич өз зерттеулерінде айтып өтеді (Агеева, Пацевич, 1958: 210). Жалпы мал қоралардың тұрғын үйлерге жанама түрде салынуын XIX ғасырдағы қазақ қыстауларынан да көруге болады (Ажигали, Турганбева 2021: 110; Жолдасбаев 2017: 108; Бейсенов 2019: 28;). Салыстырмалы талдау жұмыстары көрсеткендей, қыстаудағы тұрғын үйге жанама салынған мал қораларда көбіне жас төлдер (ірі қара мен уақ мал) ұсталатыны байқалады (Шагирбаев және т.б., 2022: 157). Біздің зерттеулерімізде уақ мал мен ірі қараға тиесілі жас жануарлардың сүйектері Бурнооктябрьскоеден көп анықталды. Жалпы аталған ескерткіштің құрылымы өте күрделі. Д.Ә. Талеев және И.С. Торбековтің пікірінше, аталған ескерткіштегі кешен тіршілігін тоқтатқаннан кейін, оның сырт жағында жалғасқан өмірдің іздері деуге болатын екі бөлменің солтүстік шетінде аула болған (Талеев, Торбеков, 2020: 62). Осы нысан бір кездері мал қамайтын қора немесе жас төлдерді ұстауға арналған жылы жай болуы да мүмкін деп ойлаймыз.

Қаңлы дәуіріндегі мал шаруашылығының кейбір қырлары, осы дәуірмен мерзімделетін Бақатөбенің материалдарынан да анықталған. Зерттеушілер қыш ыдыстардың сыртындағы таңбаларды малға салынатын таңбалармен байланыстырады (Яценко и др., 2020: 166).

«Древняя культура Центрального Казахстана» еңбегінде авторлар Қазақстан территориясындағы мал шаруашылығының қалыптасуын төмендегідей түсіндіреді: «Қазақстан аумағындағы ежелгі мал шаруашылығы бірнеше даму кезеңінен өтті. Оның бастапқы кезеңі б.з.д. II-мыңжылдықтың бірінші жартысының соңынан бастап қола дәуіріндегі тайпаларда мал бағу болды, тек б.з.д. IX-VIII ғғ. ол көшпелі мал шаруашылығына айналды. Осы кезеңде жайылымдар мен су көздерін маусымдық пайдалану жүйесі қалыптасты, табында өткелдерге және қыста шөпті өзі тауып жеуге (тебіндеу) бейімделген қойлар мен жылқылар басым болды» (Маргулан и др., 1966: 409-411). Бұл тұжырымды К.М. Байпақов ерекше атап өткен және мысал ретінде Жетісудағы үйсіндердің қыстауларын негізге алады (Байпаков, 2012: 135). К.М. Байпақов Жетісу жеріндегі шаруашылықтың даму динамикасын тас дәуірінен бастап, XIX ғасырға дейінгі аралықта 7 кезеңге бөліп қарастырып, мал шаруашылығының б.з.д. VIII – б.з. VIII ғғ. және XV-XVIII ғғ. аралығындағы 1400 жылдық мерзімде қарқынды дамығанын айтады

(Байпаков, 2012: 140). Бұл мәлімет біздің қарастырып отырған кезеңімізге толық сәйкес келеді және Жетісудың батыс бөлігі саналатын Шу-Талас өңірі мен Теріс-Аса алқабында да ұқсас жағдай орын алуы мүмкін екендігін жоққа шығармайды.

Зерттеу нәтижелері

Уақ мал – *Ovis et Capra*. Екі ескерткіш (Бурнооктябрьское және Бақатөбе) бойынша қойға 155 дана, ешкіге 15 дана және 130 дана сүйек жалпы уақ малға тиесілі деп ажыратылды. Әрі қарай, қой мен ешкі сүйектері өзара біріктіріліп, жалпы «уақ мал» деп қарастырылады. Жалпы екі ескерткіш бойынша 300 дана сүйек кемінде 47 бас жануарға тиесілі (1-кесте).

Жануар сүйектерінің басым бөлігі ұсақталып шабылған (89,2%), барлығы да «ас үй қалдықтары» болып табылады. Қаңқа бөліктерінің қатынасында кеуде және аяқтың жоғары бөлігінің элементтері яғни «ең етті» бөлігінің сүйектері басым (қабырға, омыртқа, жауырын, тоқпан жілік, кәрі жілік, жамбас, сан жілік, асықты жілік) (2-кесте). Бұл көрсеткішті екі ескерткіш материалдарынан да көреміз. Бас және дене бөліктерінің сүйектері айтарлықтай аз.

Сойылған жануарлардың жас ерекшелігінде ересек және кәрі жануарлардың саны басым. Бурнооктябрьское бойынша жалпы 42 жануардың 47% кәрі, 19% ересек, 22% жас және 12% жаңа туған жануарлар (5, 1-сурет). Бақатөбе материалдарында уақ малдың жас ерекшелігінің екі белгісі анықталды: 63% ересек және 37% кәрі жануарлар (5, 4-сурет). Жаңа туған және жас жануарлардың сүйектері кездескен жоқ. Бұл көрсеткіштер қала тұрғындарының уақ малды терісі мен жүнін алу мақсатында көбірек пайдалануы мүмкін екендігін растайды.

В.И. Цалкиннің пікірінше, егер уақ малдың басым бөлігі мүйізді болса, мүйіздің мөлшері кемінде 1,35% құрауы тиіс, егер жануарлардың басым бөлігі мүйізсіз болса, онда остеоатериалдардың ішінде мүйіз фрагменттерінің үлесі 0,23% - 0,88% аралығында ауытқиды (Цалкин, 1966: 11-13). Бурнооктябрьское қаласынан табылған уақ мал сүйектерінің ішінде 1,8% мүйіз қалдықтары екендігі анықталды. Бұл мәлімет қала тұрғындарының шаруашылығында уақ малдың басым бөлігі мүйізді болған деп тұжырым жасауға негіз бола алады.

Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерімен мерзімі шамалас бірнеше ескерткіштердің материалдары аналогиялық тұрғыдан қарастырылып отыр. Шу-Талас өңірінде орналасқан Құлан (51,2%), Қостөбе (39,7%) және Тараз (73,8%) (Карачаровский, 1949: 200), Ташкент өңірі бойынша Қауыншытөбе (42,8%) (Громова, 1940: 42) және Әмудария өңірі бойынша Жамбасқала (57,8%), Аязқала (87,4%) және Топыраққала (69,4%) (Цалкин, 1952: 215) ескерткіштерінде уақ мал сүйектері басқа үй жануарларына қарағанда басым.

Бүтін сақталған элементтердің морфометриялық өлшемдері келесі көрсеткіштерді беріп отыр. Тоқпан жілік (Humerus): дистальды эпифиз ені (Bd) – 30,6-37,2 мм. Асық (Talus): латеральды ұзындығы (Gl) – 30 мм, медиальды ұзындығы (Gm) – 31,6 мм, сагиттальды ұзындығы (sag) – 25,6 мм, дистальды ені (Bd) – 20,3 мм.

Бурнооктябрьское материалдарының ішінде 8 сүйекте тің мүжуінен қалған іздер кездеседі. 3 дана қой асығының дорсальды беті және бір дана қой жауырынында арнайы тесік жасалған. Қой асықтарындағы тесіктер ойын құралын жасау мақсатында өңделгені анық. Жауырындағы тесіктің мақсаты нақты белгісіз. Бір дана қойдың тарзальды элементі ақ түске айналғанша өртенген (кальцинацияланған). Бақатөбе ескерткішінде екі дана қой сүйегі (humerus және calcaneus) мүжіліп, кемірілген (ит?).

Жануар түрлері	Бурнооктябрьское	Бақатөбе	Барлығы	
	*с/ж	с/ж	с/ж	%
Уақ мал – <i>Ovis et Capra</i>	267/42	33/5	300/47	42,4
Ірі қара – <i>Bos taurus</i>	197/21	30/4	227/25	32,1
Жылқы – <i>Equus caballus</i>	96/5	23/3	119/8	16,8
Түйе – <i>Camelus bactrianus</i>	15/2	2/2	17/4	2,4
Есек – <i>Equus asinus</i>	13/3	–	13/3	1,8
Ит – <i>Canis familiaris</i>	3/1	4/2	7/3	1,0
Құлан – <i>Equus hemionus</i>	–	1/1	1/1	0,1
Бұғы – <i>Cervus sp.</i>	3/2	–	3/2	0,4
Елік – <i>Capreolus pygargus</i>	6/1	1/1	7	1,0
Қарақұйрық – <i>Gazella subgutturosa</i>	3/2	–	3/2	0,4
Арқар – <i>Ovis ammon</i>	3/2	1/1	4/3	0,6
Ақбөкен – <i>Saiga tatarica</i>	2/1	–	2/1	0,3
Түлкі – <i>Vulpes vulpes</i>	1/1	–	1/1	0,1
Қоян – <i>Lepus sp.</i>	–	2/2	2/2	0,3
Сарышұнақ – <i>Spermophilus fulvus</i>	1/1	–	1/1	0,1
Жиыны (дана)	610/84	97/21	707/105	100,0
Сүтқоректілер – <i>Mammalia indet.</i>	22	11	33	
Птица – <i>Aves indet</i>	14	–	14	

*Ескерту: * с – сүйек саны; ж – жануар саны

1-кесте – Бурнооктябрьское және Бақатөбе қалаларының мәдени қабатынан табылған жануар сүйектерінің түр бойынша құрамы

Ірі қара – *Bos taurus*. Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінен жалпы саны кемінде 25 бас сиырдан тарайтын 227 дана ірі қараның қаңқа элементтері анықталды. Ірі қараға тиесілі сүйектердің басым бөлігі бөлшектенген (Бурнооктябрьское – 82,7%; Бақатөбе – 80%), яғни «ас үй қалдықтары» болып табылады.

Қаңқа бөліктерінің қатынасында екі ескерткіш арасында бірқатар айырмашылықтар байқалады: Бурнооктябрьское материалдарында кеуде және аяқтың жоғарғы бөлігі басым болса (29,4% – 34,5%), Бақатөбе материалдарында аяқтың жоғарғы және төменгі бөлігінің элементтері басым (33,3% – 43,3%) (2-кесте).


Сойылған жануарлардың жас ерекшелігінде уақ малмен ұқсастық байқалады. Бурнооктябрьское бойынша жалпы 21 жануардың 57% кәрі, 19% ересек, 10% жас және 14% жаңа туған жануарлар (сур. 5, 1). Бақатөбе материалдарында ірі қараның жас ерекшелігінің екі белгісін байқаймыз: 51% жас және 49% ересек жануарлар (сур. 5, 4).

Қазіргі материалдар бойынша, Бурнооктябрьское қаласының тұрғындары ірі қараны сүт өнімін алу үшін көбірек тұтынғанын байқап отырмыз. Бақатөбе тұрғындары ірі қараны бірінші кезекте ет өнімі үшін, одан кейін сүт өнімін алу үшін пайдаланған секілді. Алайда, Бақатөбе материалына қатысты пікіріміз алдағы зерттеулерде өзгеруі мүмкін. Себебі, жас ерекшелігіндегі үлкен айырмашылық сүйек коллекциясының аздығына байланысты кездейсоқ көрсеткіш болуы мүмкін.

Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінен табылған ірі қара сүйектері саны жағынан үй жануарларының ішінде екінші орында (сәйкесінше 33,3% – 32,6%). Салыстырмалы талдаулар, мұндай үрдістің Ташкент және Амудария өңірлеріне де тән болғанын көрсетті. Мерзімделуі шамалас және территориялық жағынан жақын орналасқан Қауыншы (41,6%), Жамбасқала (17,1%) және Топыраққала (16,4%) ескерткіштерінде ірі қара сүйектерінің саны уақ малдан кейінгі орында. Талас өңірінде орналасқан Қостөбенің материалдарында ірі қара мөлшері саны жағынан бірінші орында (43,1%). Құлан және Тараз қалаларында ірі қара сүйектері уақ мал мен жылқыдан кейінгі үшінші орында (сәйкесінше 22,2% – 9,6%). Бұл көрсеткіштер Шу-Талас өңіріндегі ірі қала тұрғындарының шаруашылығында ірі қараның санын көбейту тиімді болғанын байқатады.

Бірқатар бүтін сүйектердің өлшемдері келесідей: Асық (Talus): латеральды ұзындығы (Gl) – 61,8 мм, медиальды ұзындығы (Gm) – 68,5 мм, сагиттальды ұзындығы (sag) – 53,1 мм, дистальды ені (Bd) – 43,8 мм. Өкше сүйегі (Calcaneus): жалпы ұзындығы (GL) – 111,6 мм. Тоқпан жілік (Humerus): дистальды эпифиз ені (Bd) – 64,4 мм.

Екі ескерткіштен жалпы саны 9 дана сиыр сүйегі жыртқыш жануар тарапынан мүжуге ұшыраған.



Сур. 5. Үй жануарларының жас ерекшеліктері: Бурнооктябрьское – 1-3; Бақатөбе – 4-6

Жылқы – *Equus caballus*. Аталған жануарға тиесілі 119 дана сүйек кемінде 8 бас жылқыға тиесілі және жануар сүйектерінің ішінде саны жағынан үшінші орын алады. Қаңқа элементтерінің 84% ұсақталып шабылған, яғни «ас үй қалдықтары» болып табылады.

Қаңқа бөліктерінің қатынасында екі ескерткіш арасында бірқатар айырмашылықтар байқалып отыр. Бурнооктябрьское материалдарында кеуде және аяқтың жоғарғы бөлігі басым болса (34,3% – 33,3%), Бақатөбе материалдарында аяқтың жоғарғы және төменгі бөлігінің элементтері басым (26% – 60,8%) (2-кесте).

Сойылған жануарлардың жас ерекшелігінде екі ескерткіш арасында ұқсастық пен айырмашылық кездесті. Бурнооктябрьское жылқыларының 60%-ы ересек шағында сойылса, 40%-ы қартайғанда сойылған (сур. 5, 5). Бақатөбеде бірыңғай ересек жануарлар сойылғаны анықталды (сур.5, 6). Аталған көрсеткіштер екі ескерткіш тұрғындарының да жылқыны ұзақ уақыт мініс көлігі ретінде пайдаланғанын растайды.

Бақатөбеден табылған бір дана бүтін сақталған алдыңғы сирақ (Мс III) бойынша жылқының жота биіктігі – 136-128 см құрайды. В.О. Витт анықтамасына сәйкес (Витт, 1952: 173), аталған көрсеткішке ие жануар «ортадан төмен бойлы» (малорослые) жылқыларға жатады.

Шу-Талас өңіріндегі қалалардан табылған жылқы сүйектерінің мөлшері үй жануарларының ішінде бірдей емес. Құлан және Тараз қалаларында жылқы сүйектері үй жануарларының ішінде екінші орында болса, Қостөбе қаласында үшінші орында. Бақатөбе мен Бурнооктябрьское ескерткіштеріндегі жылқының үлесіне қатысты ұқсастықты Қауыншытөбе, Аязқала және Топыраққала материалдарынан көруге болады.

Бурнооктябрьское материалдарының ішінде 4 дана жылқы сүйегі жыртқыш аңның тарапынан мүжуге ұшыраған. Бір дана қабырғаның краниальды қыры егеліп, тегістелген.

Қаңқа бөліктері	Уақ мал (Ovis et Capra)				Ірі қара (Bos taurus)				Жылқы (Equus caballus)			
	Бурноокт.		Бақатөбе		Бурноокт.		Бақатөбе		Бурноокт.		Бақатөбе	
	Дана	%	Дана	%	Дана	%	Дана	%	Дана	%	Дана	%
Бас қаңқасы	53	19,8	4	12,1	42	21,3	3	10,0	17	17,7	1	4,3
Тіс	0	0,0	0	0,0	9	4,5	2	6,7	7	7,2	2	8,6
Кеуде қаңқасы	102	38,2	8	24,2	58	29,4	2	6,7	33	34,3	0	0,0
Аяқтың жоғарғы бөлігі	79	29,5	16	48,5	68	34,5	10	33,3	32	33,3	6	26,0
Аяқтың төменгі бөлігі	33	12,3	5	15,2	20	10,1	13	43,3	7	7,2	14	60,8
Сүйек саны (дана)	267	100	33	100	197	100	30	100	96	100	23	100

2-кесте. Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінен табылған жануар сүйектерінің қаңқа бөлігі бойынша қатынасы

Түйе – *Camelus bactrianus*. Түйе сүйектері екі ескерткіштен де кездескенімен, саны жағынан үй жануарларының ішінде төртінші орында. Жалпы 17 дана түйе сүйегі кемінде 4 бас жануардан тарайды. Бурнооктябрьскоелік түйелердің бірі ересек, екіншісі жас жануар. Жануарлардың жас ерекшеліктері сүйектердің эпифиздеріне негізделіп алынып отыр. Бақатөбелік түйелердің екеуі де ересек жануар болып табылады.

Бурнооктябрьское мен Бақатөбелік түйелердің бір немесе екі өркешті болғанын нақты айту қиын. Қауыншытөбеден табылған түйе сүйектеріне морфологиялық және морфометриялық талдау жүргізген В. Громова: «...қос өркешті түйелердің тірек-қимыл элементтері мен жақ сүйектері бір өркешті түйелерге қарағанда ірі. Анық морфологиялық белгіні асықтың төменгі буын бөлігінен байқауға болады. Дромедар түйелерінің (бір өркешті) түтікшелі сүйектері бактриан түйелеріне (қос өркешті)

қарағанда ұзын, жіңішке болып келеді» деген тұжырым жасайды (Громова, 1940: 56). Бактриан түйелерінің сүйектері дромедарға қарағанда ірі болып келетінін В.И. Цалкин де жазады (Цалкин, 1952: 234).

Жалпы бактриан түйелері солтүстік өңірлерде ертеден белгілі (Громова, 1940: 57). Егер Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінен оңтүстікте орналасқан Қауыншытөбе, Аязқала және Топыраққала ескерткіштеріндегі түйе сүйектері бактриан түріне тиесілі болса, біздің зерттеу нысанамыз болып отырған түйе сүйектері қос өркешті түйелерге тиесілі деп ойлаймыз. Дегенмен В.И. Цалкин Хорезм өлкесінде бактрианмен қатар дромедар түйелері де кездесетінін таңбалар мен иконографиялық белгілерге сүйене отырып мысалға келтіреді (Цалкин, 1952: 234). Жамбасқаладан табылған саз балшықтан жасалған бір өркешті түйе мүсіні салыстырмалы материал ретінде қарастырылған (Толстов, 1948: 428, 81-кесте, 2-3 сур.). Бештөбе қаласынан табылған қыш тақтайдағы суретте бір өркешті түйенің бейнесі көрініс тапқан (Толстов, 1948: 74, 15-сур.).

Қазақстанның оңтүстік өңірлеріндегі Таңбалы (Рогожинский, 2011: 76, 796, 202), Құлжабасы (Бейсенов, Марьяшев, 2014: 116, 42-44; 127-сур., 59; 141-сур., 2-кесте) және Сауысқандық (Самашев және т.б., 2014: 181-197, 359-390 сур.) секілді жартас суреттерінде де түйе бейнелері жиі кездескенімен, барлығы дерлік бактриан түйелері (қос өркешті). Талас өңіріндегі Кемер петроглифтерінде бір өркешті дромедар түйелерінің тізбектелген бейнелері кездеседі. Түйе бейнелерінің тасқа бедерлену техникасы мен көркемдік бейнелері шамамен орта ғасырларды меңзейді. Бұл түркі дәуірінде Қазақстан территориясында түйенің бір өркешті дромедар түрлерінің де шаруашылықта қолданылғанын көрсетеді.


Орталық Азиядағы аңыздар бойынша түйе мифологиясын қарастырған Ә.К. Ақшевтің пікірінше, бактриан түйелері Орталық Азияда қола дәуірінің өзінде-ақ ғұрыптық нысан болған (Акишев, 1984: 71). Б.И. Вайнбергтің пікірінше, қос өркешті түйелер ерте темір дәуірінде Қазақстан, Орталық Азия және Оңтүстік Сібір өлкелеріндегі халықтарда тотем болған (Вайнберг, 1977: 25). А.Г. Банников өз зерттеуінде Н.М. Пржевальский және т.б. саяхатшылардың жазбаларына сүйене отырып, екі өркешті жабайы түйелер (*Camelus bactrianus fesus*) XIX ғ. соңында Солтүстік-батыс Қытай мен Оңтүстік-батыс Моңғолия аумағында мекендегенін жазады (Банников, 1975: 65). Орталық Азиядағы исламға дейінгі түйе бейнесіне ғұрыптық негізге талдау жүргізген Т.И. Гюльдің ойынша, түйе культі Орталық Азияда көшпелі/жартылай көшпелі тайпалардың миграциясымен байланысты және аталған ғұрып б.з.д. I м.ж. солтүстік – солтүстік-шығыстан, оңтүстік – оңтүстік-батысқа қарай таралған (Гюль, 2020: 125).

Бақатөбеден табылған түйенің өкше сүйегінің (*calcaneus*) жалпы ұзындығы (GL) – 149,1 мм. Салыстырмалы түрде қазіргі заманғы Талас өңірінің түйесіне тиесілі өкше сүйегінің ең үлкен ұзындығы – 145,9 мм, Орталық Қазақстандағы Нөгербек Дарасы қалашығынан табылған түйенің өкше сүйегінің өлшемі – 149,2 мм (салыстырмалы материалдар – Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Археологиялық технологиялар зертханасындағы эталондар коллекциясынан алынды). Морфометриялық өлшемдердің арасында айырмашылықты тек қазіргі заманғы түйеден көруге болады. Алайда салыстырмалы материал ретінде қарастырылған Талас өңірінің түйесі бір

және екі өркешті түйенің будандасуынан пайда болған түр аралық будан – қоспақ деп аталды. Тек өркешінің ұшы ғана айыр болып келетін, сипаты бір өркешті түйеге жақын бұл түрдің сүйегінің өлшемі өзгеше болуы жоғарыда аталған В. Громованың пікірін айғақтай түседі. Алайда бұл көрсеткіш тек санаулы материалдарға сүйенгендіктен, кездейсоқ болуы мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз. Түйенің өкше сүйектерінің өлшемдері өзара жақын болуына және салыстырмалы талдауларға қарай отырып, Бақатөбеден табылған түйе сүйектері қос өркешті түйеге (*Camelus bactrianus*) тиесілі деп пайымдаймыз.

Есек – *Equus asinus*. Аталған жануарға тиесілі қаңқа элементтері тек Бурнооктябрьское қаласының мәдени қабатынан анықталды. Кемінде 3 бас жануарға тиесілі сүйектер қаңқаның 4 элементіне тиесілі: тіс – 1 дана, қабырға – 5 дана, асықты жілік – 2 дана және жамбас – 5 дана. Тістің түбірлері (*radix dentis*) толық жабылған (әдетте жас жануарға тиесілі тістің жақ сүйекте орналасқан түбірінің іші қуыс болып келеді. Жануар қартайған сайын, тістің түбіріндегі қуыс толықтай бітеліп кетеді – М.Ш.), яғни ересек жануарға тиесілі. Қабырғалардың төмпешіктері (*tuberculum costae*) мен бастары (*caput costae*) сақталған, яғни ересек жануарларға тиесілі. Асықты жіліктердің бірінің проксимальды эпифизи мен диафизи бірге, ал екіншісінің дистальды эпифизи сақталған. Әдетте жас жануарлардың түтікшелі сүйектерінде эпифиздер сақталмай, бөлек түсіп қалады. Біздің мысалымызда, асықты жіліктердің екеуінде де эпифиздер сақталғанына қарап, ересек жануарлар екенін байқаймыз. Жамбас сүйектерінің бірінде мықын сүйегінің денесі (*corpus ossis ilii*) мен жартылай сербек (*tuber coxae*) сақталған. Қалған 4 дана жамбас сүйегінің фрагменттері – шонданай сүйегінің денесі (*corpus ossis ischii*) болып табылады. Жамбас сүйектерінің бәрі ересек жануарлардан тарайды. Қаңқа элементтерінің оң және сол жақ бөліктерін салыстыру арқылы 5 дана жамбас сүйегінің кемінде үш жануардан тарайтыны анықталды.

Есек сүйектері Талас өңірінде орналасқан ортағасырлық Арна (Ақымбек және т.б., 2022: 33), Ақыртас (Ақымбек, Шагирбаев, 2021: 79) төрткүлдері мен Шаруашылық (Шагирбаев, Буранбаев, 2022: 162) қаласынан аз мөлшерде анықталған. Бурнооктябрьское ескерткішімен мерзімі ұқсас қалалардан да есекке тиесілі қаңқа элементтері табылған. Оның ішінде Құлан, Тараз және Қостөбе қалаларын атауға болады (6, 4-6-сур.). Қауыншытөбе және Аязқаладан 1 данадан есек сүйегі табылса (6, 4-6-сур.), Жамбасқала мен Топыраққаладан біршама көп анықталып отыр (6, 8-9-сур.). Дегенмен В. Громова Қауыншытөбеден табылған тұсамыс сүйегін (*phalanx 1*) есектің өзіне емес, сүйектің өлшемдері мен пропорциясының ерекшеліктеріне қарап, оның жақын тұқымдасы саналатын онагрға (*Equus hemionus onager*) жатқызады. В.И. Цалкин Хорезм өлкесінде өзі зерттеген 9 ескерткіштің ішінде тек Бүркітқалада ғана есек сүйектері кездеспегенін көрсеткен (Цалкин, 1952: 215). Бүркітқаладан табылған жануар сүйектерінің аздығына байланысты, есек сүйегінің кездеспеуі кездейсоқ болуы мүмкін. Олай болса, Хорезм өлкесінде б.з.д. IV ғ. – б.з. XIV ғғ. мерзімделетін ескерткіштердің барлығынан (В.И. Цалкин остеологиялық материалдарын зерттеген ескерткіштер сөз болып отыр – авт.) да есекке тиесілі қаңқа элементтері кездесіп отыр. Соңғы жылдары жүргізілген археозоологиялық зерттеулер есектің Сырдарияның ескі арналарының бірі Қуандария алқабында б.з.б. V-II ғғ. басында үй жануарларының қатарында болғанын дәлелдеп отыр (Утубаев, Шагирбаев, 2022: 173).



Сур. 6. Үй жануарларының ескерткіштер бойынша айырмашылығы

Ит – *Canis familiaris*. Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінің екеуінен де ит сүйектері аздаған мөлшерде анықталды. Бурнооктябрьское қаласынан 3 дана бүтін қабырға (1 бас жануар) және Бақатөбеден 2 дана метаподия, 1 дана тоқпан жілік және 1 дана қабырға табылды. Барлығы кемінде 2 бас жануарға тиесілі. Екі ескерткіштің сүйектеріндегі морфологиялық белгілері мен морфометриялық өлшемдеріне қарап, аса үлкен емес иттерге тиесілі екендігін аңғаруға болады. Жалпы ит сүйектері Шу-Талас, Ташкент өңірі, Сырдария мен Амударияда орналасқан ескерткіштердің барлығынан табылған. В.И. Цалкин өз зерттеуінде Хорезмдегі ескерткіштерден ит сүйектері өте көп кездескеніне тоқталып, барлығының ересек және кәрі жануар екендігін анықтайды.

Морфологиялық белгілерін талдау барысында, иттердің ішінде ұсақ және ірі тұқымдарының да кездесетінін атап өтеді (Цалкин, 1952: 238). В. Громова Қауыншы төбеден табылған ит сүйектерін остеометриялық әдістерге сай зерттеп, олардың Түрікменстан жеріндегі энеолиттік Анау ескерткішінен табылған иттердің сүйектерінің өлшемдеріне жақын екендігіне назар аударады (Громова, 1940: 58). Анау ескерткішінен табылған ит сүйектерін зерттеген Дюрст, иттерді *Canis metris optimaе* (Еуропаның қола дәуіріне тән иттері) типіне жатқызады (Дюрст, 1908: 348-354). Біздің зерттеп отырған материалдарымыз иттердің қандай да бір тұқымдық ерекшеліктерін анықтауға жеткіліксіз. Алайда жоғарыда аталған тұжырымдар, қаңлы дәуірінде иттің түрлі экстерьерлік сипаттағы (ірі, орташа және ұсақ) тұқымдары болғанын жоққа шығармайды.

Құлан – *Equus hemionus*. Бақатөбе ескерткішінен ғана 1 дана артқы сирақтың диафизі (дистальды эпифизіне жақын бөлік – авт.) анықталды. Сүйек ересек жануарға тиесілі, диафиздің ені жылқы метаподиясының (Mt III) артқы сирағының диафиз еніне қарағанда жіңішке, бірақ зертханадағы есек сүйектерімен салыстырғанда ірі. Мұндай морфологиялық ерекшелік аталған қаңқа элементін құланға тиесілі деп анықтауға негізгі себеп болып отыр. Сүйектің сыртқы сүйекқабы (*periosteum*) жыртқыш аңның тарапынан мүжіліп, бүлінуге ұшыраған.

Құлан сүйектері Талас өңіріндегі мерзімделуі жақын ескерткіштердің ішінде тек Құлан қаласынан ғана табылған (Карачаровский, 1949: 199). Аталған жануардың сүйектері В.Громова зерттеген Қауыншытөбенің мәдени қабатынан кездеспейді. В.И. Цалкин зерттеген ескерткіштердің ішінде тек Жамбасқала, Топыраққала және Шемаха қаладан жалпы 4 бас ересек жануарға тиесілі 10 дана қаңқа элементі анықталған (Цалкин, 1952: 240-241).

Сырдария аңғарындағы ерте темір дәуірімен мерзімделетін Шірікрабад мәдениетіне тиесілі ескерткіштерден құлан сүйектері табылған (Утубаев, Шагирбаев, 2022: 173). Қазіргі таңда құлан сүйектері көп табылған ескерткіш ретінде Үстіртте орналасқан ортағасырлық Жезді қаласын айтуға болады. Оғыз дәуірімен мерзімделетін Жезді қаласы орналасқан аумақта ірі тұяқты жабайы жануарларды аулайтын арнайы аран (тас қоршаулар) кездеседі. Бұл құланның миграциялық аймағы болғандықтан, ежелгі тұрғындар жиі аулағаны анық. Ал, Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде құлан көбіне Сырдарияның ескі арналары (Қуаңдария, Жаңадария) орналасқан аумақтағы ескерткіштерден жиі анықталуы, шөлді аймақтарда қауіптің аз болуына байланысты болса керек. Ортағасырлық ескерткіштердің ішінде құлан сүйектері Іле өңіріндегі Шеңгелді төрткүлінен (Савельева, Шагирбаев, 2020: 392), Қастек қаласынан (Нуржанов, Шагирбаев, 2021: 186-187), Шу өңірінде Аспара (Ақымбек, Шагирбаев, 2021), Талас өңірінде Талапты (Ақымбек, Шагирбаев, 2022: 143) және Шымкент қаласынан (Шагирбаев и др., 2021: 25) анықталған. Салыстырмалы-фауналық материалдар кешені Талас өңіріндегі Бақатөбеден табылған қаңқа элементінің құланға тиесілі деп анықтауымыздың дұрыстығын көрсетеді.

Бұғы – *Cervus sp.* Аталған жануарға тиесілі Бурнооктябрьское ескерткішінен кемінде 2 ересек жануардан қалған 3 қаңқа элементі: бір дана мүйіздің фрагменті және 2 дана бүтін асық анықталды. Мерзімделуі жақын ескерткіштерден Тараз және Құлан қаласының төменгі қабаттарынан бұғы сүйектері бір данадан кездескен (Карачаровский,

1949: 199). В. Громова Қауыншытөбеден бұғы сүйектерінің кездесуін аталған жануарды аулаумен немесе жеке мүйіздерін жинаумен байланысты болуы мүмкін деп пайымдайды және нақты қандай бұғы екенін ажырату қиын екендігін айтып, бұхарлық хангул (*Cervus aftinus bactrianus*) немесе тяньшань маралы (*Cervus canadensis songaricus*) болуы мүмкін деп болжайды (Громова, 1940: 59-60). В.И. Цалкин Топыраққаладан табылған бұғы сүйектерін жас ерекшеліктері, жыныстық диморфизмі және қаңқа элементтеріне бөле отырып, барлығын бұхар бұғысы (*Cervus elaphus bactrianus*) деп атайды. Бұхар бұғысының сүйектері Сырдария өңіріндегі ортағасырлық Қышқала (Елеуов және т.б., 2022: 37; Yeleuov, Moldakhmet, 2023: 34-48) және Қаратөбе (Талеев және т.б., 2020: 202) қалаларынан да табылған. Бурнооктябрьское қаласы орналасқан аумақтың жергілікті тұрғындарының айтуынша, XX ғасырдың екінші жартысында малшылар таулы өлкеден «мүйізі қарағайдай» бұғыларды көретінін айтады². Бурнооктябрьское ескерткішінен табылған бұғы сүйектері тяньшаньдық типке жататын бұғыға (тяньшань маралы) тиесілі деп болжаймыз және жоғарыда аталған В. Громованың пікірін қолдаймыз. В.И. Цалкин сипаттаған бұхар бұғыларының көбіне тоғайлы өлкелерде кездесуі және Сырдария мен Амудария бойында шоғырлануы; олардың Бурнооктябрьское қаласы орналасқан таулы аймақта таралмағанын көрсетеді.

Елік – *Capreolus pygargus*. Аталған жануарға тиесілі 7 дана қаңқа элементі табылды. Кемінде ересек екі жануардан тарайтын сүйектер Бурнооктябрьское қаласына 2020 жылы жүргізілген зерттеулер кезінде және Бақатөбе ескерткішіне 2022 жылы барлау жұмыстары кезінде табылды. Елікке тиесілі сүйектер салыстырып отырған ескерткіштердің ешқайсысынан кездеспейді. Бурнооктябрьское (елікке тиесілі тоқпан жіліктің дистальды эпифиз ені – 32,1 мм) және Бақатөбе қалаларынан елік сүйектерінің кездесуі таулы аймаққа жақын орналасуына байланысты болуы мүмкін. Бүгінде елік Талас өңірінің таулы алқабында кездеседі.

Қарақұйрық – *Gazella subgutturosa*. Бурнооктябрьское қаласынан бір дана бүтін сан жілік, бір дана сан жіліктің дистальды бөлігі және бүтін асықты жілік анықталды. Аталған жануардың сүйектері Шу-Талас өңіріндегі ескерткіштерден кездеспегенімен, Қауыншытөбе, Топыраққала, Бүркітқала, Қабатқала (Каватқала) және Шемахақаланың мәдени қабаттарынан табылған. Қарақұйрықтың қаңқа элементтері энеолиттік Анау (Түрікменстан) ескерткішінің мәдени қабатынан да анықталған. Аталған жануар шөлді және шөлейтті аймақта өмір сүретін болғандықтан, ежелгі тұрғындардың аңшылықтағы нысандарының бірі болғаны анық. Бурнооктябрьское қаласы орналасқан Теріс-Аса өңірінде қазір қарақұйрық кездеспегенімен, бұл өңір осыдан 2 мың жыл бұрынғы табиғи-климаттық жағдайда аталған жануардың мекендеу ареалы болуы мүмкін.

Арқар – *Ovis ammon*. Арқардың қаңқа элементтерінің саны аз болғанымен, екі ескерткіштен де кездесіп отыр. Басқа көршілес аймақтарда тек Топыраққаланың мәдени қабатынан ғана анықталған (Цалкин, 1952: 215). В.И. Цалкин оларды қызылқұмдық тұқымға жатқызады (*Ovis ammon severtzovi*) (Цалкин, 1952: 239). Бақатөбеден табылған арқардың бірінші топай сүйегінің өлшемдері: проксимальды ені – 14,9 мм; диафиз ені – 13,2 мм; дистальды ені – 16,3 мм; жалпы ұзындығы – 43,2 мм.

² Ақпарат беруші: Помашев Бекет Ерболович – Жуалы аудандық тарихи-өлкетану музейінің қызметкері, 1982 ж. туған, Қосбөлтек ауылының тұрғыны.

Ақбөкен – *Saiga tatarica*. Аталған жануарға тиесілі қаңқа элементтері аз мөлшерде тек Бурнооктябрьскоеден табылды. Салыстырмалы материалдар Құлан қаласының мәдени қабатынан анықталған. Ташкент оазисі мен Амудария алқабындағы бірде-бір ескерткіштен ақбөкен сүйектерінің табылмауы – ерекше жағдай. Түрікменстандағы энеолиттік Анау қонысының мәдени қабатында да кездеспейді. Өз кезегінде В. Громова да осыған назар аударып, нақты себебі белгісіз деп жазады (Громова, 1940: 60). Б.з.б. V-II ғасырлармен мерзімделетін Шірікрабад мәдениетіне тиесілі ескерткіштерден (Сырдарияның сол жағалау) ақбөкен сүйектері жиі кездеседі. В. Громова мен В.И. Цалкин зерттеулерінде ақбөкен сүйектерінің кездеспеуі аталған жануардың мекендеу ареалы солтүстікке қарай, далалық аймақта орналасуымен байланысты секілді.

Түлкі – *Vulpes vulpes*. 1 дана ересек түлкіге тиесілі бас сүйектің фрагменті анықталды. Түлкі сүйектерін В. Громова зерттеген Қауыншытөбеден ғана кездестіреміз.

Қоян – *Lepus tolai*. Бақатөбеден табылған қоян сүйектері – Орталқ Азияда кеңінен таралған құм қоянына (*Lepus tolai* Pallas, 1778) тиесілі. Топыраққала, Тесікқала және Қабатқаладан табылған қоян сүйектерін В.И. Цалкин құм қоянына жатқызады.

Сарышұнақ – *Spermophilus fulvus*. Аталған жануарға бір дана бүтін сан жілігі тиесілі. Сүйектің сыртқы түсі көкшіл-сұр, сүйек тіндері жақсы сақталғанына қарап, қазіргі заманғы жануардың сүйегі екенін байқау қиын емес. Әдетте ін қазып өмір сүретін кеміргіштер отрядының өкілдері, сол індерінде өліп, сүйектері кейін қазба кезінде анықталатыны – жиі кездесетін жағдай.

Қорытынды

Талас өңіріндегі ежелгі ескерткіштерден табылған остеологиялық материалдарды археозоологиялық зерттеу және орналасқан аймағы мен өмір сүрген мерзімі жақын ескерткіштердің остеоматериалдарымен салыстырмалы талдау бойынша төмендегідей қорытынды жасауға болады.

Б.з. I мыңжылдықтың басындағы мал шаруашылығының өзіндік ерекшеліктері бар екені байқалады. Шаруашылықтың отырықшылық бағыты дамыған аймақтарда (оңтүстік өңірлер мен Орталық Азия) уақ малдың саны көп болғанын ескерткіштерден табылған жануар сүйектері растайды. Талас өңірінде орналасқан Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінде уақ малдың мөлшері үй жануарларының ішінде 45,2%-35,9% аралығында ауытқиды. Уақ мал санының артуын Шу-Талас өңірлеріндегі ірі қалалардың ерте түркі дәуірімен мерзімделген мәдени қабаттарынан да байқаймыз. Ал Сырдария және Амударияның бойында орналасқан ескерткіштердің материалдарында уақ малдың мөлшері шамамен 60% – 90% құрайды. Яғни аталған аймақтарда қой мен ешкінің санын арттыру тиімді болған. Уақ малдың басым бөлігі сойылған кезде 2-2,5 жаста болған. Бұл аталған жануарды бірінші кезекте жүні мен терісін пайдалану үшін өсіргенін растайды. Егер ет қажеттілігін қамтамасыз ету үшін өсірген болса, сойылған малдың ішінде жас және жартылай ересек жануарлар саны басым болуы тиіс.

Ірі қара мен жылқы санының арасында үлкен айырмашылық көрінбегенімен, аздаған мөлшерде ірі қара сүйектері санының басымдығын байқаймыз. Бұл шаруашылықтың отырықшылық бағытын ұстанған халықтардың мал шаруашылығында уақ малмен қатар,

сырлардың санын мақсатты түрде арттыруы мүмкін деген ойға жетелейді. Алайда бұл пікіріміз қазір қолда бар материалдарға негізделгендіктен, алдағы зерттеулерде өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Түйенің сүйектері үй жануарларының ішінде (төрт түліктің ішінде) төртінші орында. Бурнооктябрьское және Бақатөбеден табылған түйе сүйектерінің көбісі ересек жануарларға тиесілі. Жалпы, археозоологиялық зерттеулерде жас түйеге тиесілі қаңқа элементтері өте сирек кездеседі. Шамасы, ежелгі тұрғындар түйені тек көлік ретінде көбірек пайдаланғанымен, ет өнімін қамтамасыз етуде үй жануарларының басқа түрлеріне назар аударған секілді.

Ит сүйектері барлық ескерткіштерден кездесті. Қаңқа элементтерінің морфологиялық белгілеріне жүргізілген зерттеулер, шаруашылықта әртүрлі тұқымдағы (ірі және ұсақ) иттердің болуы мүмкін екендігін көрсетіп отыр. Үй жануарларының ішінде есекті тұрақты пайдаланған. Аталған жануарлардың сүйектерінің саны солтүстік өңірлерде орналасқан ескерткіштерге қарағанда, оңтүстік өңірлерде артады. Мысық сүйектері біздің зерттеу материалдарымызда анықталмағанымен, Талас өңіріндегі ескерткіштерден табылған. Мысық сүйектері Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы ортағасырлық ескерткіштерде көбірек кездеседі.

Жалпы қазіргі зерттеу нәтижелері б.з. I мыңжылдығының басындағы мал шаруашылығының құрылымын анықтау үшін салыстырмалы материалдармен байланыста қарастырылған алғашқы археозоологиялық зерттеу жұмысы болып отыр. Қаңлы дәуірімен мерзімделетін ескерткіштер археологиялық тұрғыдан көбірек зерттелгенімен, остеологиялық материалдары туралы мәліметтер өте аз. Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінің аталған кезеңмен мерзімделетін мәдени қабаттарынан табылған жануар сүйектері Орта Азия аумағында орналасқан ұқсас ескерткіштердің материалдарымен өзара ұқсастық бар екенін көрсетті. Нақты айырмашылықтар жабайы жануарлар фаунасы бойынша байқалады. Бұл айырмашылықты ескерткіштер орналасқан аймақтың табиғи-географиялық ерекшелігімен (таулы, далалы, шөлді, ірі өзен аңғарлары және т.б.) байланыстырамыз.

Бурнооктябрьское және Бақатөбе ескерткіштерінің остеологиялық материалдарын зерттеу нәтижелері мал шаруашылығының белгілі бір кезеңдегі даму динамикасын бақылауда және басқа көршілес аймақтардағы шаруашылықтың құрылымына қатысты зерттеулерде құнды салыстырмалы материал болады. Осы тұрғыдан алғанда, Талас өңірінде шоғырланған қаңлы және ерте түркі дәуірімен мерзімделетін ескерткіштерге жүргізілетін археологиялық қазба материалдарын (остеологиялық материалдар) археозоологиялық зерттеу жалғасын табуы тиіс деп есептейміз.

Әдебиет

Акаевский А.И., Юдичев Ю.Ф., Селезнев С.Б., 2005. Анатомия домашних животных. Москва: Аквариум-Принт. 640 с.

Агеева Е.И., Пацевич Г.И., 1958. Из истории оседлых поселений и городов Южного Казахстана. Труды ИИАЭ АН КазССР. Алма-Ата: Наука. Т.5. 296 с.

Ажигали С.Е., Турганбаева Л.Р., 2021. Культурно-жилищный комплекс Кайнар второй половины XVIII – начала XX в. на Северном Устюрте как историко-культурный и архитектурный памятник. Археология, этнография и антропология Евразии. Т. 49. No 4. С. 109-119.

Акишев К.А., 1972. К проблеме происхождения номадизма в аридной зоне древнего Казахстана. Поиски и раскопки в Казахстане. Отв.ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука. С. 31-47.

Акишев А.К., 1984. Образ верблюда в легендах Центральной Азии. Этнография народов Сибири. Новосибирск: Наука. С. 69-76.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С., 2021. Ортағасырлық Ақыртас төрткүлінің остеологиялық материалдары. Қазақстан археологиясы № 1 (11). Б. 72-100.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С., 2021. Ортағасырлық Ақтөбе қаласындағы мұнара маңынан анықталған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2014 жылғы қазба жұмыстарының материалдары негізінде). Омаров Ғани Қалиханұлының 60 жылдық мерейтойына арналған «Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық археологиясы: мәдениеттер сабақтастығы және трансформациясы» атты Халықаралық ғылыми конференция материалдары Қазақстан (Алматы, 5 маусым 2021 ж.). Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 124-139.

Ақымбек Е.Ш., Шагирбаев М.С., 2021д. Ортағасырлық Аспара қаласының остеологиялық материалдары (2014 ж. қазба материалдары бойынша). Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz» № 2 (26), <https://edu.e-history.kz/index.php/history/issue/view/35>

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., 2022. Ортағасырлық Талапты төрткүлінің археозоологиялық материалдарын талдау (2021 ж. қазба жұмыстары бойынша). Қазақстан археологиясы. № 2 (16). Б. 136-154.

Ақымбек Е.Ш., Шағырбаев М.С., Нұрғали Н.Б., 2022. Ортағасырлық Арна төрткүлі (2021 ж. жүргізілген зерттеулер бойынша). «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: жаңа ашылымдар мен пәнаралық зерттеулер» атты «XIV Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 22-44.

Алипчиев С., Байбосынов К., 1982. Свод памятников истории и культуры Джамбулской области. Джамбул: Джамбулский областной историко-краеведческий музей. 208 с.

Байпаков К.М., 2012. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга I. Урбанизация Казахстана в эпоху бронзы – раннем средневековье. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 390 с., илл.

Банников А.Г., 1975. Дикий верблюд – хавтагай. Природа. Москва: Наука. С. 62-70.

Бартольд В.В., 1897. Отчет о поездке в Среднюю Азию с научной целью 1893-1894 гг. – Санкт-Петербург, Типография Императорской академии наук. 198 с.

Бейсенов А.З., 2019. К.А. Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени. Маргулановские чтения – 2019: Материалы междунар. археол. науч.-практ. конф., посвящ. 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А. Акишева (19-20 апреля 2019 г.). Гл. ред. Байтанаев Б.А., отв. ред. Хабдулина М.К. Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А. Акишева, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. С. 10-38.

Бейсенов А.З., Марьяшев А.Н., 2014. Петроглифы раннего железного века Жетысу. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 156 с.

Вайнберг Б.И., 1977. Монеты древнего Хорезма. Москва: Наука. 223 с.

Витт В.О., 1952. Лошади Пазырыкских курганов. Советская археология. Выпуск 16. Москва-Ленинград: Издательство АН СССР. С. 163-206.

Громова В.И., 1940. Материалы к изучению древнейших домашних животных Средней Азии (по раскопкам каунчи-тепа в 1935 г.). Каунчи-тепа. Ташкент: Узбекский филиал Академии наук СССР. С. 41-62.

Гюль Т.И., 2020. Образ верблюда в доисламском искусстве Средней Азии. Народы и религии Евразии. Барнаул: Издательство Алтайского государственного университета. С. 117-130.

Елеуов М., Шағирбаев М., Молдахмет А., 2022. Ортағасырлық Қышқаладан табылған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2021 жылы табылған остеоматериалдар негізінде). ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. №1 (104). 2022. Б. 34-48.

Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің Жинағы. Жуалы ауданы., 2023. Алматы: Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы. 290 б.

Жаңабеков К., Мақашев Е., 1996. Жануарлар анатомиясы. Алматы: Білім. 336 б.

Жолдасбаев С., 2017. Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары. Материалы и исследования по археологии Казахстана. Т. X. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы. 304 б.

Карачаровский В., 1949. Результаты определения костных остатков животных. Труды Семиреченской археологической экспедиции (1936-1938 гг.). Таласская долина. Сост.: А.Н. Бернштам. Алма-Ата: Издательство АН КазССР. С. 198-202.

Косинцев П.А., Гимранов Д.О., Ломан В.Г., 2020. Костные остатки животных из поселения финального бронзового века Донгал (Центральный Казахстан). Новые исследования. История и культура Великой Степи. Материалы международной научно-практической конференции. Под ред. М.Х. Абусейтовой. Алматы, Шығыс пен Батыс. С. 200-205.

Кюнер Н.В., 1961. Китайские известия о народах Южной Сибири, Центральной Азии и Дальнего Востока. Москва: Издательство восточной литературы. 391 с.

Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық., 2010. 1-том. Алматы: Атамұра. 544 б.

Максимова А.Г., Мерциев М.С., Вайнберг Б.И., Левина Л.М., 1968. / Отв.ред. К.А. Акишев. Древности Чардары (Археологические исследования в зоне Чардаринского водохранилища). Алма-Ата: Наука. 264 с.

Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев М.К., Оразбаев А.М., 1966. Древняя культура Центрального Казахстана. Алма-Ата: Наука. 436 с.

Нуржанов А.А., Шағирбаев М.С., 2021. Археозоологические исследования костных остатков из средневекового городища Кастек (по материалам раскопок 2020 г.). Материалы международной научно-методической конференции «XIII Оразбаевские чтения» по теме «Историко-культурное наследие древних и традиционных обществ Центральной Азии: новые открытия и междисциплинарные исследования» (20-21 мая, 2021 г.). Алматы: Қазақ университеті. С. 185-192.

Рогожинский А.Е., 2011. Петроглифы археологического ландшафта тамгалы. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана. 342 с.

Савельева Т.В., Шағирбаев М.С., 2020. Остеологические материалы из караван-сарая Шенгельды. Вестник КазНПУ им. Абая, серия Исторические и социально -политические науки. №1(64). С. 390-400.

Самашев З., Мургабаев С., Елеуов М., 2014. Сауысқандық петроглифтері. Астана: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институтының Астана қаласындағы филиалының баспа тобы. 374 б.

Талеев Д.Ә., Ержигитова А., Шағирбаев М.С., 2020. Ежелгі Сауран (Қаратөбе) қаласының остеологиялық материалдары. «Орталық Азияның ежелгі және дәстүрлі қоғамдарының тарихи-мәдени мұрасы: зерттеу, түсіндіру және сақтау мәселелері» атты «ХІІ Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары (17–18 сәуір, 2020 жыл). Жауапты ред. Р.С. Жуматаев. Алматы: Қазақ университеті. Б. 201-209.

Талеев Д.Ә., Торбеков Е.С., 2020. Бурнооктябрьск (Жылқышытөбе) қалашығында 2018–2019 жылдары жүргізілген зерттеулер. Қазақстан археологиясы. №2 (8). Б. 50-64.

Талеев Д.Ә., Шағирбаев М.С., 2020. Бурнооктябрьск 1 (Жылқышытөбе) қаласының остеологиялық материалдары. Марғұлан оқулары-2020: «Ұлы Дала археологиялық және пәнаралық зерттеулер аясында» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 17–18 қыркүйек 2020 ж.). 1 том. Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. Б. 230-241.

Толстов С.П., 1948. Древний Хорезм. Москва: Издание Московского государственного университета. 439 с.

Торгоев А.И., Кулиш А.В., Торежанова Н.Ж., 2020. Замок Бака-тобе и крестообразные постройки Кангюя. Археология и история кангюйского государства: монография. отв. ред. С.А. Яценко. Шымкент: Типография Әлем. С. 69-87.

Торгоев А.И., Кулиш А.В., 2020. Городище Культобе в г. Туркестане: генезис поселенческой структуры. Археология и история кангюйского государства: монография. отв. ред. С.А. Яценко. Шымкент: Типография Әлем. С. 87-103.

Торежанова Н.Ж., Торгоев А.И., Кулиш А.В., 2018. Исследование Бака тобе в округе Тараза в 2015–2017 гг. «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «ХІ Оразбаев оқулары» халықар. ғыл.-әдіст. конф. м-ры. жауапты ред. Г.Қ. Омаров. Алматы: Қазақ университеті. С. 216-221

Утубаев Ж.Р., Шағирбаев М.С., 2022. Бәбіш мола 7 археологиялық кешенінен табылған жануар сүйектерін зерттеудің кейбір нәтижелері (2021 ж. қазба материалдары бойынша). Марғұлан оқулары–2022: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Алматы қ., 12–13 сәуір 2022 ж.). Алматы: Ә.Х. Марғұлан ат. Археология институты. Б. 170-180.

Цалкин В.И., 1966. Древнее животноводство племен Восточной Европы и Средней Азии. Москва: Издательство АН СССР. 160 с.

Цалкин В.И., 1952. Фауна античного и раннесредневекового Хорезма (по материалам раскопок С.П. Толстова. Труды Хорезмской археолого-этнографической экспедиции. Под ред. С.П. Толстова. Москва: Издательство АН СССР. С. 213-247.

Шағирбаев М., Сорокин Д., Казизов Е.С., Морыксин Д.В., Бычков В.С., 2021. Исследования остеологических материалов с городища Шымкент (2019-2020 гг.). Культурное наследие. Научный журнал. №2 (93). Нур-Султан: Ұлттық музей. С. 23-47.

Шағирбаев М.С., Буранбаев Р.Н., 2022. Видовой состав костных остатков животных из средневековых городищ Аспара и Шаруашылық (по результатам раскопок 2021 года). Вестник КазНУ. Серия историческая. №4 (107). С. 158-168.

Шағирбаев М., Фаниева А., Сәкенов С., 2022. Нұра-Есіл аралығындағы қазақтардың ХІХ-ХХ ғ. басындағы шаруашылығы (Бозоқ ІІ қыстауының остеологиялық материалдары бойынша). Қазақстан археологиясы. № 1 (15). Б. 146-163.

Яценко С.А., 2020. Очерк социально-политической истории «кочевой империи» Кангюй / Канга. Вассальные владения. Археология и история кангюйского государства: монография / отв. Ред. С.А. Яценко. Шымкент: Типография Әлем. С. 23-50.

Яценко С.А., Кулиш А.В., Смагулов Е.А., Тарезанова Н.Ж., 2020. Тамги Кангюя. Археология и история кангюйского государства: монография. отв. ред. С.А. Яценко. Шымкент: Типография Элем. С. 161-171.

Duerst J.U., 1908. Animal remains from the excavation at Anau and the horse of Anau and its relation to the races of domestic horse. Explorations in Turkestan, Expedition of 1904. Carnegie Institution of Washington Publications, 73(2). P. 341-442.

Yeleuov M., Moldakhmet A.A., 2023. Kumbyz (furnace) found in the medieval city of Kyshkala. Turkic Studies Journal. 2 (Vol.5). P. 34-48. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-34-48>

Silver I.A., 1969. The Ageing of Domestic Animals. Science in Archaeology. Basic books, Inc., Publishers. New York. P. 250-268.

Reference

Akaevsky A.I., Yudichev Yu.F., Seleznev S.B., 2005. Anatomiya domashnih zhivotnyh [Anatomy of pets]. Moscow: Aquarium-Print. 640 p. [in Russian].

Ageeva E.I., Patsevich G.I., 1958. Iz istorii osedlyh poselenij i gorodov Yuzhnogo Kazahstana [From the history of settled settlements and cities of Southern Kazakhstan]. In: Trudy Instituta istorij, arheologii i etnografii AN KazSSR [Proceedings of the Institute of History, Archeology and Ethnography of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR]. Vol. 5. Alma-Ata: Nauka. 296 p. [in Russian].

Azhigali S.E., Turganbayeva L.R., 2021. Kul'tovo-zhilishchnyj kompleks Kajnar vtoroj poloviny XVIII – nachala XX v. na Severnom Ustyurte kak istoriko-kul'turnyj i arhitekturnyj pamyatnik [Kainar cult and housing complex of the second half of the XVIII - early XX century in Northern Ustyurt as a historical, cultural and architectural monument]. Archeology, ethnography and anthropology of Eurasia. Vol. 49. No. 4. P. 109-119. [in Russian].

Akischev K.A., 1972. K probleme proiskhozhdeniya nomadizma v aridnoj zone drevnego Kazahstana [On the problem of the origin of nomadism in the arid zone of ancient Kazakhstan]. In: Poiski i raskopki v Kazahstane [Searches and excavations in Kazakhstan]. Akischev K.A. (ed). Alma-Ata: Nauka. P. 31-47. [in Russian].

Akischev A.K., 1984. Obraz verblyuda v legendah Central'noj Azii [The image of a camel in the legends of Central Asia]. In: Etnografiya narodov Sibiri [Ethnography of the peoples of Siberia]. Novosibirsk: Nauka. P. 69-76. [in Russian].

Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S., 2021. Ortağasyrlyq Aqyrtas törtkүлінің osteologialyq materialdary [Osteological materials of the medieval Akyrtas turtkul]. In: Kazakhstan archeology. No. 1 (11). P. 72-100. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S., 2021d. Ortağasyrlyq Aqtөbe qalasyndaғы мүнара маңынан анықталған жануар сүйектеріне археозоологиялық талдау (2014 жылғы қазба жұмыстарының материалдары негізінде) [Archaeozoological analysis of animal bones found near the tower in the medieval city of Aktobe (based on the materials of excavations in 2014)]. In: Materials of the international scientific conference «Ancient and medieval archeology of Central Asia: continuity and transformation of cultures» dedicated to the 60th anniversary of Omarov Gani Kalikhanovich. (Almaty, June 5, 2021). Zhumataev R.S. (ed). Almaty: Kazakh University. P. 124-139. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagirbayev M.S., 2021c. Ortağasyrlyq Aspara qalасының osteologialyq materialdary (2014 j. qazba materialdary бойынша) [Osteological materials of the medieval city of

Aspara (according to fossil materials 2014)]. In: «edu.e-history.kz» electronic scientific journal. No 2, 2021. <https://edu.e-history.kz/index.php/history/issue/view/35> [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagyrbayev M.S., 2022. Ortaғasyrlyq Talapty törtküliniң arheozoologialyq materialdaryn taldau (2021 j. qazba jümystary boiynşa) [Analysis of archaeozoological materials of the medieval Talgar turtkul (according to excavations in 2021)]. Kazakhstan archeology. No. 2 (16). P. 136-154. [in Kazakh].

Akymbek E.Sh., Shagyrbayev M.S., Nurgali N.B., 2022. Ortaғasyrlyq Arna törtküli (2021 j.jürgizilgen zertteuler boiynşa) [Medieval Arna turtkul (according to research conducted in 2021)]. In: Materials of the international scientific and methodological conference «14th Orazbayev readings» «Historical and cultural heritage of ancient and traditional societies of Central Asia: new discoveries and interdisciplinary research». Zhumataev R.S. (ed). Almaty: Kazakh University. P. 22-44. [in Kazakh].

Alipchiev S., Baibosynov K., 1982. Svod pamyatnikov istorii i kul'tury Dzhambulskoj oblasti [History and culture of Dzhambulsky region]. Dzhambul: Dzhambulsky regional historical and cultural museum. 208 p. [in Russian].

Baypakov K.M., 2012. Drevnyaya i srednevekovaya urbanizaciya Kazahstana (po materialam issledovaniy Yuzhno-Kazahstanskoj kompleksnoj arheologicheskoy ekspedicii) [Customs and Middle-earth urbanization of Kazakhstan (on materials of the South-Kazakhstan comprehensive archaeological expedition)]. Book I. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. 390 p., ill. [in Russian].

Bannikov A.G., 1975. Dikij verblyud – havtagaj [Dikij verblud – khavtagai]. In: Priroda. Moscow: Nauka. P. 62-70. [in Russian].

Barthold V.V., 1897. Otchet o poezdke Srediyu Aziyu s nauchnoj cel'yu 1893-1894 gg. [Report on the Middle Asia with scientific research 1893-1894]. St. Petersburg: Imperial Academy of typography Nauk. 198 p. [in Russian].

Beisenov A.Z., 2019. K.A. Akishev i voprosy izucheniya pamyatnikov kazahskogo vremeni [K.A. Akishev and the issues of the study of monuments of the Kazakh time]. In: Margulanovskie chteniya – 2019: materials of the international forum. archeol. nauch.- practice. conf., post. 95th anniversary of the birth of the Kazakh archaeologist K. A. Akisheva (April 19-20, 2019). Baitanaev B.A. (ed). Nur-Sultan: NII arheologii im. K.A. Akisheva, ENU im. L.N. Gumileva. P. 10-38. [in Russian].

Beisenov A.Z., Maryashev A. N., 2014. Petroglify rannego zheleznogo veka Zhetysu [Petroglyphs of the early Iron Age in Zhetysu]. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. 156 p. [in Russian].

Weinberg B.I., 1977. Monety drevnego Horezma [Coin of the drevnego Khorezma]. Moscow: Nauka. 223 p. [in Russian].

Witt V.O., 1952. Loshadi Pazyryksikh Kurganov [Loshadi Pazyryksikkh kurganov]. In: Soviet archeology. Issue 16. Moscow-Leningrad: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. P. 163-206. [in Russian].

Gromova V.I., 1940. Materialy k izucheniyu drevnejshih domashnih zhivotnyh Srednej Azii (po raskopkam kaunchitepa v 1935 g.) [Materials for the study of the ancient domestic life of Middle Asia (in 1935)]. In: Kaunchi-Tepa. Tashkent: Uzbek branch of the Academy of Sciences of the USSR. P. 41-62. [in Russian].

Gule T. I., 2020. Obraz verblyuda v doislamskom iskusstve Srednej Azii [The image of the verb in the east of Middle Asia]. In: Narodya and the religion of Eurasia. Barnaul: Altai State University. P. 117-130. [in Russian].

Eleuov M., Shagirbayev M., Moldakhmet A., 2022. Ortaғasyrlyq Qyşqaladan tabylğan januar süiekterine arheozoologialyq taldau (2021 jyly tabylğan osteomaterialdar negızinde)

[Archaeozoological analysis of animal bones found in a medieval city (based on osteomaterials found in 2021)]. In: Bulletin of the Kazakh National University. The series is historical. №1 (104). 2022. P. 34-48. [in Kazakh].

Jambyl oblysy tarih jäne mädeniet eskertküşterinij Jinağy. Jualy audany 2023. [Collection of historical and cultural monuments of Zhambyl region. Zhualy district]. Almaty: Directorate for the protection and restoration of historical and cultural monuments. 290 p. [in Kazakh].

Zhanabekov K., Makashev E., 1996. Januarlar anatomiasy [Animal anatomy]. Almaty: Education. 336 p. [in Kazakh].

Zholdasbayev S., 2017. permanent addresses of the Kazakh people in the XV–XVIII centuries, materials and research on archeology of Kazakhstan. T. H. Astana: publishing group of the Kazakh Research Institute of culture. 304 p. [in Kazakh].

Karacharovskiy V., 1949. Rezul'taty opredeleniya kostnyh ostatkov zhitovnyh [Results of determination of animal bone remains]. In: Proceedings of the Semirechensk archaeological expedition (1936-1938). Talas Valley. Bernstam A.N. (ed). Alma-Ata: Publishing House of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. P. 198-202. [in Russian].

Kosintsev P.A., Gimranov D.O., Loman V.G., 2020. Kostnye ostatki zhitovnyh iz poseleniya final'nogo bronzovogo veka Dongal (Central'nyj Kazahstan). Novye issledovaniya [Bone remains of animals from the settlement of the final Bronze Age Dongal (Central Kazakhstan). New research. In: History and culture of the Great Steppe. Materials of the international scientific and practical conference. Abuseitovoy M.H. (ed). Almaty: East and West. P. 200-205. [in Russian].

Kuner N.V., 1961. Kitajskie izvestiya o narodah Yuzhnoj Sibiri, Central'noj Azii i Dal'nego Vostoka [Chinese news about the peoples of Southern Siberia, Central Asia and the Far East]. Moscow: Publishing House of Oriental Literature. 391 p. [in Russian].

Kazakhstan tarikhly (kone zamannan byginge dein) [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. Five volumes. 2010. Volume 1. Almaty: Atamura. 544 p. [in Kazakh].

Maksimova A.G., Mershchiev M.S., Weinberg B.I., Levina L.M., 1968. Akishev K.A. (ed). Drevnosti Chardary (Arheologicheskie issledovaniya v zone Chardarinskogo vodohranilishcha) [The history of Chardar (Archaeological Research in chardar water area)]. Alma-Ata: Nauka. 264 p. [in Russian].

Margulan A.Kh., Akishev K.A., Kadyrbayev M.K., Orazbayev A.M., 1966. Drevnyaya kul'tura Central'nogo Kazahstana [Ancient culture of Central Kazakhstan]. Alma-Ata: Nauka. 436 p. [in Russian].

Nurzhanov A.A., Shagirbayev M.S., 2021. Arheozoologicheskie issledovaniya kostnyh ostatkov iz srednevekovogo gorodishcha Kastek (po materialam raskopok 2020 g.) [Archeozoological studies of bone remains from the medieval settlement of Kastek (based on the materials of excavations in 2020)]. In: Materials of the international scientific and methodological conference «13th Orazbaevskie readings» on the topic «Historical and cultural heritage of ancient and traditional societies of Central Asia: new discoveries and interdisciplinary research» (May 20-21, 2021). Zhumataev R.S. (ed.). Almaty: Kazakh University. P. 185-192. [in Russian].

Rogozhinsky A.E., 2011. Petroglify arheologicheskogo landshafta tamgaly [Petroglyphs of the archaeological landscape of Tamgaly]. Almaty: Margulan Institute of Archaeology. 342 p. [in Russian].

Savelyeva T.V., Shagirbayev M.S., 2020. Osteologicheskie materialy iz karavan-saraya Shengel'dy [Osteological materials from the Shengeldy caravanserai]. In: Bulletin of the Kazakh National Pedagogical University named after Abai. A series of Historical and socio-political sciences. No. 1 (64). P. 390-400. [in Russian].

Samashev Z., Murgabaev S., Eleuov M., 2014. Sauiskandyk petroglypteri [Petroglyphs of Sauyskandyk]. Astana: Publishing group of the branch of the Margulan Institute of Archaeology in Astana. 374 p. [in Kazakh].

Tolstov S.P., 1948. Drevnij Horezm [Ancient Khorezm]. Moscow: Publication of the Moscow State University. 439 p. [in Russian].

Torgoev A.I., Kulish A.V., Torezhanova N.Zh., 2020. Zamok Baka-tobe i krestoobraznye postrojki Kangyuya [Baka-tobe Castle and the cruciform buildings of Kangyu]. In: Archaeology and history of Kangju state. Yatsenko S.A. (ed.). Shymkent: Alem Printing House. P. 69-87. [in Russian].

Torgoev A.I., Kulish A.V., 2020. Gorodishche Kul'tobe v g. Turkestane: genesis poselencheskoj struktury [The settlement of Kultobe in Turkestan: the genesis of the settlement structure]. In: Archaeology and history of Kangju state. Yatsenko S.A. (ed.). Shymkent: Alem Printing House. P. 87-103. [in Russian].

Torezhanova N.Zh., Torgoev A.I., Kulish A.V., 2018. Issledovanie Baka tobe v okruge Taraza v 2015–2017 gg. [The study of the Tobe tank in Taraz district in 2015-2017]. In: «Kazakhstan men irgeles elderdin tarikhi-madeni murasyn zertteudegi zamanai adister men turgylar» atta «9th Orazbayev okulary» halykar. gyl.-adist. conf. m-ry. Omarov G.K.(ed.). Almaty: Kazakh University. P. 216-221. [in Russian].

Utubaev Zh.R., Shagirbaev M.S., 2022. Babish mola 7 archeologiyalyk kesheninen tabylgan zhanuar suyekterin zertteudin keybir natizheleri (2021 j. kazba materialdary boyynsha) [some results of the study of animal bones found in the Babish Mola 7 archaeological complex (according to fossil materials for 2021)]. In: Margulan okulary–2022: halykaralyk gylim-tajiribelik conference materialdary (Almaty k., 12-13 sauir 2022 w.). Almaty: Margulan Institute of Archaeology. P. 170-180. [in Kazakh].

Tsalkin V.I., 1966. Drevnee zhivotnovodstvo plemen Vostochnoj Evropy i Srednej Azii [Ancient animal husbandry of the tribes of Eastern Europe and Central Asia]. Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. 160 p. [in Russian].

Tsalkin V.I., 1952. Fauna antichnogo i rannesrednevekovogo Horezma (po materialam raskopok S.P. Tolstova) [Fauna of ancient and early medieval Khorezm (based on the materials of S.P. Tolstov's excavations)]. In: Proceedings of the Khorezm archaeological and ethnographic expedition. Tolstova S.P. (ed.). Moscow: Publishing House of the USSR Academy of Sciences. P. 213-247. [in Russian].

Shagirbayev M., Sorokin D., Kazizov E.S., Moryksin D.V., Bychkov V.S., 2021. Issledovaniya osteologicheskikh materialov s gorodishcha SHymkent (2019-2020 gg.) [Studies of osteological materials from the Shymkent settlement (2019-2020)]. In: Cultural Heritage. Scientific journal. No. 2 (93). Nur-Sultan: National Museum. P. 23-47. [in Russian].

Shagirbayev M.S., Buranbayev R.N., 2022. Vidovoj sostav kostnyh ostatkov zhivotnyh iz srednevekovykh gorodishch Aspara i Sharuashylyk (po rezul'tatam raskopok 2021 goda) [Species composition of bone remains of animals from the medieval settlements of Aspara and Sharuashylyk (according to the results of excavations in 2021)]. In: Bulletin of the Kazakh National University. The series is historical. No. 4 (107). P. 158-168. [in Russian].

Shagyrbayev M., Ganieva A., Sakenov S., 2022. Nura-Yesil aralygyndagy kazaktardyn XIX–XX g. basyndagy sharuashylygy (Bozok II kystauynn osteologiyalyk materialdary boyynsha) [Economy of Kazakhs from Nura-Ishim to the XIX–early XX centuries (based on osteological materials of the II winter of Bozok)]. In: Kazakhstan archeology. No. 1 (15). P. 146-163. [in Kazakh].

Yatsenko S.A., 2020. Ocherk social'no-politicheskoy istorii «kochevoj imperii» Kangyuj / Kanga. Vassal'nye vladeniya [An essay on the socio-political history of the «nomadic empire» Kangyu / Kanga.

Vassal possessions]. In: Archaeology and history of Kangju state. Yatsenko S.A. (ed.). Shymkent: Alem Printing House. P. 23-50. [in Russian].

Yatsenko S.A., Kulish A.V., Smagulov E.A., Tarezhanova N.Zh., 2020. Tamgi Kangyuya [Tamgi Kangyu]. In: Archaeology and history of Kangju state. Yatsenko S.A. (ed.). Shymkent: Alem Printing House. P. 161-171. [in Russian].

Durst J.W., 1908. Ostanki jivotnyh iz raskopok v Anau i loşad iz Anau i ee otnoşenie k rasam domaşnih loşadei [Animal remains from excavations in Anau and the Anau horse and its relation to the races of domestic horses]. In: Research in Turkestan, Expedition of 1904. Carnegie Institution of Washington Publications. 73 (2). P. 341-442.

Yeleuov M., Moldakhmet A.A., 2023. Kumbyz (furnace) found in the medieval city of Kyshkala. Turkic Studies Journal. 2 (Vol.5). P. 34-48. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-2-34-48>

Silver I.A., 1969. Starenie domashnih zivotnyh [The Ageing of Domestic Animals]. In: Science in archeology. Basic books, Inc., publisher. New York. P. 250-268.

M.S. Shagyrbaev^a

^aA.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: mambet_87@mail.ru)

***Y.Sh. Akymbek^b**

^bA.Kh. Margulan Institute of Archaeology, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: eraly_a@mail.ru)

*Corresponding author: eraly_a@mail.ru

Analysis of archaeozoological materials of sites of the Kangyu period (Adapted from Burnooktyabrskoye and Bakatobe 2022)

Abstract. The article considers the archaeozoological materials found in the sites of Burnooktyabrskoye and Bakatobe (I-IV centuries AD), located in the Talas Valley, studied in 2022. The purpose of the research work is to conduct a laboratory analysis of the archaeozoological materials of ancient settlements and hillforts in the southern regions of Kazakhstan and to study them in comparison with the materials of sites of a similar chronological period in neighboring regions. Animal bones were studied in accordance with archaeozoological methods and the composition of the archaeofauna, types of domestic animals, age characteristics, the composition of elements and parts of the skeleton were determined. Laboratory analysis analyzed 740 animal bones found in the ancient sites of the Talas Valley, of which 95.5% (707 bones) were identified to the species. The main place in the economy of the population of the settlement is occupied by small cattle, in second place - cattle, and horse bones are in third place. Among the osteological materials, a small number of camels, donkey and dog bones were found. From the fauna of wild animals the following were identified: large ungulates (kulan and deer), small ungulates (roe deer, jeyran, argali, saiga), predators (fox), lagomorphs (*Lepus* sp.), rodent bones (gopher). The results of the study were compared with the archaeozoological data of the sites located in the valleys of Shu, Talas, Syr Darya, Amu Darya and Tashkent oasis. Based on the materials

of the settlement in the Teris-Asa valley, the dynamics of the development of cattle breeding, types of pets and hunting directions in the Kanguy and Early Turkic eras were analyzed.

Keywords: Teris-Asa valley, sites, Burnooktyabr, Bakatobe, Kanguy period, Turkic epoch, osteology, archaeozoology, animal husbandry.

М.С. Шагирбаев^а

*^аИнститут археологии им. А.Х. Марғулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: mambet_87@mail.ru)*

***Е.Ш. Ақымбек^б**

*^бИнститут археологии им. А.Х. Марғулана, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: eraly_a@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: eraly_a@mail.ru*

Анализ археозоологических материалов памятников эпохи Кангюя (По материалам Бурнооктябрьское и Бакатобе 2022 г.)

Аннотация. В статье рассматриваются археозоологические материалы памятников Бурнооктябрьское и Бакатобе (I-IV вв. н.э.), расположенных в Таласской долине, исследованных в 2022 г. Целью исследовательской работы является проведение лабораторного анализа археозоологических материалов древних поселений и городищ в южных регионах Казахстана и сравнение с материалами памятников аналогичного хронологического периода в соседних регионах. Кости животных были изучены в соответствии с археозоологическими методами и определены состав археофауны, виды домашних животных, возрастные особенности, состав элементов и отделов скелета. В ходе лабораторного анализа было проанализировано 740 костей животных, найденных в древних памятниках долины Талас, из которых 95,5% (707 костей) были определены до вида. Основное место в хозяйстве населения поселения занимает мелкий рогатый скот, на втором месте – крупный рогатый скот, на третьем – по численности кости лошади. Среди остеологических материалов было обнаружено небольшое количество костей верблюда, осла и собаки. Из фауны диких животных выявлены: крупные копытные (кулан и олень), мелкие копытные (косуля, джейран, архар, сайгак), хищники (лисица), зайцеобразные (*Lepus* sp.), кости грызунов (суслик). Результаты исследования были сопоставлены с археозоологическими данными памятников, расположенных в долинах Шу, Талас, Сырдарья, Амударья и Ташкентском оазисе. На основе материалов поселения в долине Терис-Аса проанализирована динамика развития скотоводства, виды домашних животных и направления охоты в кангюйскую и раннетюркскую эпохи.

Ключевые слова: долина Терис-Аса, памятники, Бурнооктябрьское, Бакатобе, эпоха кангюй, тюркская эпоха, остеология, археозоология, животноводство.

Авторлар туралы мәлімет:

Шагирбаев Мамбет Сапарбекович, магистр, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы

ORCID 0000-0001-8176-9329

Scopus ID 58090349000

Ақымбек Ералы Шардарбекұлы, PhD, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, Достық даңғ., 44, Алматы, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-0603-4514

Scopus ID: 56258902800

Information about authors:

Shagyrbaev Mambet Saparbekovich, MA, Researcher at the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk aven., Almaty, Republic of Kazakhstan

ORCID 0000-0001-8176-9329

Scopus ID 58090349000

Akymbek Yeraly Shardarbekuly, PhD, Leading Researcher at the A.Kh. Margulan Institute of Archaeology, 44 Dostyk aven., Almaty, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-0603-4514

Scopus ID: 56258902800

Сведения об авторах:

Шағирбаев Мамбет Сапарбекович, магистр, научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, пр. Достык, 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0001-8176-9329

Scopus ID: 58090349000

Ақымбек Ералы Шардарбекулы, PhD, ведущий научный сотрудник Института археологии им. А.Х. Маргулана, пр. Достык, 44, Алматы, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-0603-4514

Scopus ID: 56258902800



Түркі халықтары ынтымақтастығы кейбір мәселелерінің Түркия деректері мен тарихнамасындағы көрінісі (XIX ғ. соңы – XX ғ. бірінші ширегі)

*М.Ш. Эгамбердиев^а, А.М. Азмұханова^б

^аӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: mirzahan.egamberdiyev@gmail.com)

^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: aiaz67@mail.ru)

ARTICLE INFO

Кілт сөздер:

Түркия, Османлы,
Ресей империясы,
деректер,
тарихнама, түркі
халықтары,
ынтымақтастық.

XFTAP 03.00.00

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-1517-2023-3-72-91>

АННОТАЦИЯ

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегі түркі халықтары үшін қиын-қыстау кезең болды: патшалық Ресейдің рухани отарлау саясаты белең алды, жәдидшілдік әрекеті мен түрікшілдік қозғалысы өрістей түсті, түркі халықтары осы идеялардың шеңберінде ынтымағын арттырды, Ресейдің тұтас империялық саясаты өзгеріп, қатарынан екі революциялық науқан өтті, большевиктердің атеистік және ашаршылық пен қуғын-сүргін саясаты жүзеге асырылды. Бұл кезең отандық авторлар тарапынан жан-жақты зерттеліп, оның «ақтаңдақ» беттері ашылып келеді. Дегенмен аталған тарихи кезең бауырлас ел болып табылатын Түркия деректері мен тарихнамасында әлі зерделеніп үлгерген жоқ. Хронологиялық шеңбер ретінде таңдалған кезеңге байланысты түркиялық деректердің басым бөлігі Түркия Республикасы Премьер-министрі мұрағат қорларында, Османлы мемлекетінің кеңесінде, Анкара қаласындағы Ұлттық кітапхананың сирек қорларында шоғырланған. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мәселелеріне қатысты зерттеулер мен тарихнамалық негіз екі кезең бойынша қарастырылып, түркиялық ғалымдардың еңбектері кеңінен пайдаланылды.

Мақаланың негізгі мақсаты – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегінде түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын түркиялық деректер мен тарихнамасында кешенді түрде саралау. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін түркиялық деректер мен мұрағат қорларында сақталған материалдарды салыстырмалы әдіспен сұрыптау және Түркия тарихнамасында қалам тартылған жәдидшілдік, түрікшілдік пен ислам, мұсылмандық мәселелері, ұлттық бірегейлік және саяси-мәдени күрес тақырыптары тарихилық ұстаным негізінде зерделенді.

Received 20 May 2023. Revised 02 June 2023. Accepted 20 August 2023. Available online 30 September 2023.

Дәйексөз үшін:

М.Ш. Эгамбердиев, А.М. Азмұханова Түркі халықтары ынтымақтастығы кейбір мәселелерінің Түркия деректері мен тарихнамасындағы көрінісі (XIX ғ. соңы – XX ғ. бірінші ширегі) // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №3. – 72-91 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-1517-2023-3-72-91>

For citation:

M. Egamberdiyev, A.M. Azmukhanova Some aspects of cooperation of the Turkic peoples in Turkish sources and historiography (the end of 19th – first quarter of the 20 centuries) // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No3. – P. 72-91. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-1517-2023-3-72-91>



Кіріспе

Кезінде отаршылдық мақсатта жазылған теориялық-методологиялық еңбектер мен Кеңес өкіметі жылдарында коммунистік идеология құрсауында қалған тарихты зерттеу әдістемесін ой елегінен өткізіп, оны ұлттық ұстаным негізінде қарастырудың маңыздылығы күн өткен сайын артуда. Бұрынғы КСРО құрамы мен Түркиядағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихын жаңаша тұрғыдан зерттеудің теориялық-методологиялық, деректік негіздері мен тарихнамалық деңгейі әлі күнге дейін кешенді түрде зерделенбеген. Себебі тарихты зерттеудің маркстік-лениндік методологиясы оған жол бермей, мәселені бір жақты, бұрмалап қарады және бұл әдісті зерттеушілердің санасына жоспарлы түрде енгізген-ді. Осының салдарынан түркі халықтарының тарихы бір-бірінен бөлек қарастырылып, әрбір түркі халқы өз тарихын мемлекетінің идеологиясы аясында дәріптеуді жалғастыруда. Әсіресе XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, ынтымақтастық мәселесі, идеялық бағыты мен ұлттық бірегейліктің қалыптасу мәселелерінде бірқатар терминологиялардың дұрыс пайдаланылмауын атауға болады. Сондықтан бұл мақалада түркиялық деректер мен оның тарихнамасында XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму тарихының кейбір мәселелері қарастырылады. Аталған мақсатқа сәйкес түркиялық деректер мен тарихшылардың төменде қозғаған мәселелері негізінде мақаланың міндеттері айқындалды: XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында жәдидтік қозғалыстың өрістеуі және түркі халықтарының ұлттық санасының өсуі мен ынтымақтастығының мәдени-рухани салада дамуын саралау; Ресей империясының рухани отарлау саясатын жалғастырған большевиктік биліктің кезінде ұлттық тәуелсіздік қолданыстың саяси-идеологиялық бағытта дамуы және түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының ұлт-азаттық көтерілістер шеңберінде өрбуін талдау; 1922 жылы кеңестік биліктің орнауы мен тұтас Түркістанның межеленуі және жаңа ұлттық социалистік мемлекеттердің пайда болу тарихын ғылыми тұрғыдан сұрыптау.

Материалдар және зерттеу әдістері

XIX ғасырдың соңына таман Ресейдің отарында қалған түркі-мұсылман халықтары арасында басталған ояну мен жаңарудың тетіктері Түркия деректері мен тарихнамасында қамтылған кең тақырыптың қатарына жатады. Теңіз бен құрлық жолдарының дамуы Ресей түркі-мұсылман халықтарын Османлы еліндегі түрік халқымен араласуына және сол ынтымақтастықтың дамуы арқасында баспа өнімдері мен мерзімді басылымдардың көбеюіне себеп болды. Митхат-паша, Намық Кемал және Зия пашаның жазбалары Орталық Азия түркі халықтарына жетіп, аймақтағы саяси-мәдени ынтымақтастықтың өрбуіне әкелді. Ресейде түркі-мұсылман халықтары тек ынтымақтастықтың арқасында ұлттық бірегейлікті қалыптастыра алатындықтарына сенім артты. Ирандағы Конституциялық революцияның салдары, Үндістандағы отаршылдыққа қарсы идеялар Орталық Азияға басылымдар мен қаржылық байланыстар арқылы жетіп отырды. Ресейдің отарына енген түркі-мұсылман халықтары ұлттық саяси идеология мен мәдени-ағарту саласын

дамыту арқылы еркіндікке қол жеткізе алатындықтарын ұғынды. Дума мүшелігіне өткен түркі халықтарының өкілдері ұлттық тәуелсіздік мәселелерін тілге тиек ете бастады, жер мәселесін көтеріп, аймақтарға орыс келімсектерінің көшін тоқтатуды талап етті, тіл саласында елеулі реформаларды жүргізуді және ана тілін сақтауды, оның ерекшеліктеріне нұқсан тигізбеуді сұрады (Saburgalieva, 2022: 86-95). Революциялық толқулардан кейін әрбір түркі-мұсылман халқы өз ұлттық мүдделерін қорғай бастады. Осы тақырыптарға қатысты деректер Түркияның Ыстамбұлдағы Османлы кеңсесінде, Түркия Республикасы Премьер-министрі мұрағат қорында, Анкара қаласындағы Ұлттық кітапхананың сирек қорында сақталуда. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегі түркі-мұсылман халықтарының саяси-мәдени ояну кезеңі болып есептеледі. Олар ұлттық болмыстарын қорғау мақсатында алғашқыда мұсылмандық болмысты қорғауды қолға алса, XX ғасырдың басында түркілік мәселесін алға тартты. КСРО мен тәуелсіздік жылдары зерттеу нысанына айналған хронологиялық шеңбер ішіндегі түркі халықтарының ынтымақтастық тақырыбы көптеген түркиялық зерттеушілердің назарынан тыс қалмады. Атап айтқанда, XX ғасырдың басында эмиграцияға ұшырап, ғылыми-саяси қызметін Түркияда жалғастырған Зәки Уәлиди Тоған, Юсуф Ақшора, Зия Гөкалп, Азамат Абдулхамит, Ысмайыл Гаспыралы, Аяз Исхаки және т.б. «темір тор» ыдырағаннан кейін Ресейдегі мұсылмандық пен ұлт-азаттық қозғалыстар және түркі-мұсылман халықтарының ұлттық бірегейлік мәселелері мен ынтымақтастықтың мазмұнына байланысты ғылыми ізденістерді Ақдес Нимет Курат, Ибрахим Мараш, Ахат Андижан, Абдуллах Ресжеп Байсун, Шевкет Сурейя Айдемир, Рыдван Акын, Фүсун Үстөл, Нежиметдин Сеферджиоғлу, Хакан Қырымлы және т.б. жүргізді. Зерттеу барысында тарихилық принципін ұстанып, салыстырмалы талдау және деректердің шынайылық дәрежесін анықтайтын модельдеу әдіс-тәсілдері пайдаланылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Ресей империясының отарлау саясатының ерекшелігі, жаулап алған жерлерде орыс халқының жергілікті халықтармен сіңісіп қана қоймай, сол жерлерді ажырамас бөлік деп санап, тек орыс тілі мен мәдениетін дәріптеу және қазіргі британдық тарихшы және саясаттанушы Д.Ливен атап өткендей: «Ресейдің отарлық саясаты қайдан бітеді және империя қайдан басталады?» деген сұраққа жауап беру әлі күнге дейін өз маңызын жоғалтқан жоқ (Ливен, 1999: 299).

Анадолы түріктерінен басқа түркі халықтары толығымен Ресей империясының отарлық аймағына айналғаннан кейін, әкімшіліктің оларға қарсы бағытталған орыстандыру мен шоқындыру саясаты мәдени бірігуіне себеп болды. Ислам діні түркі халықтарының бірігуінің басты факторына айналды. Түркі халықтары оқу-ағарту саласын реформалау арқылы, ұлттық тәуелсіздіктеріне қол жеткізе алатындықтарына сенім артты. Осылайша, Ресей империясының барлық аймақтарында жаңа әдісті мектептер бой көтерді. Бұл жәдидтік қозғалыстың өрістеуіне әкеп соқты. Жәдидтік қозғалыс түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының негізін қалады.

Жәдидтік қозғалыстың түрікшілдік идеясының практикалық негізде жүзеге асыру қажеттілігі жөнінде, сондай-ақ оның теориясы мен идеялық бағытын белгілеп, іс жүзіне асырғандар ретінде Юсуф Ақшораның (Ақшора, 1978: 23), Ш.Марджанидің (Mardjani,

1864: 21), Садри Максудидің (Maksudi, 1934: 50), Мұстафа Шоқайдың (Çokayoğlu, 1927: 2), Зәки Уәлиди Тоғанның (Togan, 1981: 32), Зия Гөкалыптың (Gökalp, 2019: 134) жұмыстарын ерекше атауға болады. Эмиграцияға ұшыраған бұл көшбасшылар сыртта жүріп, бір жағынан Түркия Республикасының құрылуы мен дамуына орасан зор еңбек етіп, екінші жағынан ғылыми түрікшілдікті дамытқан және империалистік мемлекеттерге қарсы саяси-ғылыми күресін жалғастырған. Осыған байланысты 1996 жылғы мамыр айының 23-і мен 26-сы аралығында профессор Абдулкадир Ювалының ұйымдастыруымен Түркияның Кайсери қаласында Эржиес университетінде «Түркия Республикасының құрылуы мен дамуына қызмет еткен түрік әлемі көшбасшыларының рөлі» атты халықаралық ғылыми конференция өтті (Türkiye Cumhuriyeti Devletinin Kuruluş..., 1996). Конференцияға Қазақстан, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Татарстан, Башқұртстан т.б. елдерден ғалымдар қатысып, түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы туралы мәселелерді қозғаған.

1923 жылы Түркия Республикасы құрылғаннан кейін оның негізін қалаушы М.К.Ататүріктің бастауымен түрікшілдік төңірегіндегі мәселелер түрік халқының ұлттық санасының қалыптасуы бағытында дами бастады. Түркиядағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастық мәселесі әлемнің екі – коммунистік және капиталистік бағыттарға бөлінуі салдарынан тек республика шеңберінде қалды. КСРО құрамындағы түркі халықтары «темір тордың» ішінде коммунистік идеология құрсауында қалса, Түркия Республикасының құрылуында эмиграциядағы түркі саяси элитасы елеулі орын ала бастады. Түркия Республикасының саяси-экономикалық дамуы мен ұлттық-мемлекеттілік санасының қалыптасуы, ел ішіндегі ұлтаралық қатынастардың жағдайы, М.К.Ататүріктің зайырлылық пен толеранттық саясатты ұстануы және демократиялық үрдістердің даму мәселелері туралы Бернард Левис, Ақгүн Сечил, Аныл Чечен, Дервиш Кылынккая және т.б. маңызды зерттеу жұмыстарын жүргізді. Аталған авторлар түркі халықтарының өзара ынтымақтастығына жалпы шолу жасап, идеологиялық өзгеріске ұшыраған әлемдегі Түркия Республикасының алатын орны мен қызметіне көңіл аударған. Бернард Левистің көптеген жұмыстары түрік тіліне аударылып, Орталық Азия түркілері мен Түркиядағы түріктердің өзара ынтымақтастығының көлеңкелі тұстарын зерттеудің тарихнамалық және деректік негізінің қалыптасуына әсер етті (Lewis, 2016). Оның жұмыстарындағы қарастырылған басты мәселе – Түркиядағы өнеркәсіп саласының дамуы мен оның Германиямен тығыз экономикалық байланыстарының эволюциясы болса да, зайырлы Түркия елінің құрылуын нақты деректер негізінде айқындап берген. Осы тұрғыда автор елдің қоғамдық-саяси құрылысының өзгеріске ұшырағандығын және «исламшылдық» идеологиясынан бас тартып, зайырлылық жүйесінің ішіндегі демократиялық үрдістердің дамуын баса зерттеген. Бернард Левистің ғылыми жұмысы түрік тіліне аударылған соң, «түріктер» жайлы батыста ежелден қалыптасқан «варварлар», «мәдениеттен жұрдай» халықтар деген теория мәнін сатылы түрде жоя бастады. Батыс елдері интеграцияға көңіл аударып, Түркияның стратегиялық маңызын ұғынып, елге қыруар инвестициялар құйды. Ел экономикасы өсіп, Түркия қалыптасқан «қырғи-қабақ» соғысында НАТО тарапын ұстанды. Міне, аталған зерттеулер түрік халқының даму эволюциясын жан-жақтан айқындап, қиын-қыстау жылдарында КСРО құрамындағы түркі халықтары мен Түркиядағы түрік халқының арасындағы байланыстарын ашуға мүмкіндік береді.

Талдау

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мәселелерінің Түркия мұрағат қорларында айқындалуы. Түркия Республикасының Мұрағаттар басқармасынан 37-ші құжаттар жинағы, каталогтар, анықтамалар, Республика архивінен, Тарих құрымы мұрағатынан Түркияда жарық көрген Қазақстанға қатысты мақалалар мен кітапшалар тізімі, Османлы архивінен Қайыпханның Осман сұлтанымен жазысқан хаттары, жіберген елші мен сыйлықтары жөніндегі деректер, Черняевтың Қазақстаннан Ресейге жаңа сауда жолын салуы, қоныс аударған орыс казактары, қазақ саудегерлеріне Османлыға баруға рұқсат берілуі, Түркістаннан келген қажылар, Түркістан, Каспий және Жетісу әскерлеріне қатысты, қазақ көшпенділері туралы XVIII-XX ғасырларға қатысты 238 парақты құжаттарда түркі халықтарының ынтымақтастығы жайлы көптеген мәліметтер кездеседі. «Түркі әлемі зерттеу қорынан», «Аяз Тахир Түркістан Еділ-Орал қорынан», Баймирза Хайт кітапханасынан Қазақстан тарапына 26 кітап, 28 журнал сыйға тартылған-ды. Ол деректердің ішінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Түркістан өңірінде саяси ойдың дамуы мен түркі халықтарының саяси элитасының тәуелсіздікке деген ұмтылыстары сипатталған.

Түркияға келген алғашқы қазақтардың мекені болған Ниде облысының Ұлықшыла ауданындағы Алтай ауылынан қазақтар көшіне қатысты жалпы саны 2 қолжазба, 43 фотосурет, 3 бейнекөріністе XX ғасырдың 20-30 жылдары терең із қалдырған қазақ халқының амалсыздан қоныс аударғандары туралы мәліметтер кездеседі. Түркияда тұратын қазақтар қорын біраз жыл басқарған Сыдықхан Ұлычай 5 кітап, 6 журнал, 1 қолжазбаны Қазақстан Республикасының Орталық кітапханасына сыйға тартты: Г.Ж.Қазақбаласы (Kazakbalası, 1980: 12) «*Көштен кейін*» кітабы, түрік тілінде, Мәрия Шоқай (Şokaуođlu, 1972: 18) естеліктерінің түрік тіліндегі нұсқасы, Мехмет Қатып «*Қашиқар тарихы*» кітабы, Мухаррем Еркіннің (Ergin, 1964: 108) «*Қорқыт ата кітабы*» туралы, Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері шағатай тілінде (көшірмесі) және «*Йени Түркістан*» журналының 6 саны (түпнұсқа даналары), Зәки Уәлиди Тоғанның «*Түркістан жағрафия тарихы*» дәрістер жинағының қолжазбасында сол кездегі түркі халықтарының бірігу идеяларының түп тамырында ислам дінінің маңызды рөл атқарғандығы және Орталық Азияда сопылық әрекеті мен дін мәселелері туралы ақпараттар молынан кездеседі. Осы аталған құжаттар мен деректерге қарағанда, Ресей империясының отарлық езгісіне қарамастан, түркі халықтары аймақтағы ағарту-мәдени күресін біріге жүзеге асырғандығы айтылған.

Осман мемлекетінің кеңсесінен түркі халықтарының Осман мемлекетімен XX ғасырдың басында орнатқан байланыстары жөнінде хаттамалар мен 1905-1907 жылдардағы Ресей империясының түркі халықтарына қарсы ұстанған саясаты туралы ғылыми айналымға тартылды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында Осман мемлекетінің Түркістан өңірінде белсенді әрекет ету кезеңі жайында бірқатар орыс ғалымдары жазған. Олардың берген пайымына қарағанда, ислам діні құрал ретінде аймақтағы түріктердің геосаясатының негізін қалыптастырды. 1898 жылы Әндіжан көтерілісін де патшалық билік Түркияның аймақтағы діни саясатының салдары деп бағалайды. Ол жайында М.М. Литвинов (Литвинов, 1938: 89) бірқатар деректер ұсынады.

Патша өкіметі түркі халықтарының «халифатқа деген сенімдері» бар екендігін тілге тиек етіп отырған, бірақ Түркістандағы түркілердің ұлт-азаттық көтерілістерін диверсиялық әрекет ретінде бағалады. 1898 жылғы Әндіжан көтерілісінің себептерін зерттейтін генерал Н.И. Корольков басқарған үкіметтік комиссия: «Түрік ықпалының болуын, жақында түрік азаматтарының аймақта белгілі бір мақсаттар мен тиісті құжаттарсыз жиі пайда болуынан басталды және Түркияның гректерді жеңіп, христиандық крестті таптап, халыққа тарату үшін Түркиядан көрнекі басылымдарын жіберген», – дейді (Литвинов, 1938: 101-102). Комиссия түрік сұлтанының Түркістандағы түркі халықтары арасында бірлескен үгіт-насихат жүргізу үшін ауған әмірімен байланыс орнатқандығы туралы ақпар беріп отырған. Түркістан генерал-губернаторы С.М. Духовской 1899 жылы 22 ақпанда соғыс министрі А.Н. Куропаткинге Әндіжан ұлт-азаттық көтерілісінде түрік эмиссияларының маңызды рөл атқарғандығы және оларды Ыстамбұлдағы арнайы мекемелер дайындағандығы жайлы агентуралық ақпараттарды жіберіп отырған. 1899 жылы 2 наурызда әскери ведомствоның бастығы Сыртқы істер министрі М.Н. Муравьевқа Түркиядағы Түркістанға агенттер дайындайтын орталықтарға тұрақты бақылау орнату қажеттілігі туралы хат жазған. 1899 жылы 6 наурызда Сыртқы істер министрі Куропаткинге, Ресейдің Константинопольдегі елшісіне, нақты мемлекеттік кеңесші Зиновьевке тиісті бұйрық бергені туралы хабарлады. 2005 жылы түркиялық ғалым Юсуф Сарынай тарапынан XVI-XX ғасырлар аралығын қамтитын Османлы-Түркістан байланыстары туралы деректер жинағы жарық көрді. Бұл жинақ Түркия Премьер-министрінің Мемлекеттік мұрағатының дирекциялар басқармасы тарапынан қолдау тауып, жарық көрген (Sarınay, 2005).

1911-1918 жылдары Ыстамбұлда бой көтерген «Түрік ошақтарының» материалдары, оның ресми органы қызметін атқарған және бүгінге дейін баспа жұмысын жалғастырып келе жатқан «Түрік Юрду» журналында жарық көрген мақалалар мен ізденістер, «Йени Түркістан», «Тарих Дүниясы», «Тарих араштырмалары», 1929 жылы жарияланған «Одлу Юрт», 1934 жылы жарияланған «Шимали-Кавказия» баспа беттерінде Орталық Азияның түркі-мұсылман халықтарының саяси-экономикалық және әлеуметтік жағдайлары мен Түркістан өлкесіндегі патшалық биліктің жүргізген реформаларының мән-мазмұны туралы көптеген мақалалар жарияланған.

Түркия Республикасы Премьер-министрінің мемлекеттік мұрағатынан (ТР П-МММ) түркі халықтары ынтымақтастығының даму үрдісін айқындайтын 6-қор Мемлекеттік мұрағаттардың директорлығы, 50-қор Түркістанға байланысты шешімдер, 258-қор Өзбекстан мен Тәжікстан арасындағы байланыстар XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ислам дінінің түркі-мұсылман халықтарының қорғанына айналғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, 3-қордағы Кавказдағы мұсылмандардың жағдайы, 609 қор Қытайдың Шығыс Түркістандағы саясаты, 4-қор Түркістандағы мұсылмандардың жағдайы, 229-қор Германияның Түркістан туралы ақпараттық материалдары, 611-қор Зәки Уәлиди Тоған туралы хабарлар Түркістан өлкесіндегі жәдидшілдік әрекетінің белең алуы туралы біршама мағлұматтарды алға тартады. Бұл деректерде жәдидтік қозғалыс патшалық Ресейдің отаршылдық саясатына қарсы бағытталған ағарту саласындағы тактикалық күресі ретінде сипатталған.

ТР П-МММ-да Уәли Каюмханның өзін Түркістан Ұлттық бірлік комитетінің басшысы ретінде көрсетіп, Түркия Республикасы мәжілісіне жіберген хаты 6-қорда жинақталған.

Онда Уәли Каюмханның Түркия Республикасынан Түркістандағы Ұлттық комитетіне материалдық және рухани көмек беру туралы өтініші сақталған. Бұл хат 1945 жылғы 18 тамызда тіркелген. Хаттың негізгі мазмұнына үңілетін болсақ, онда Түркістан легионы туралы хабар берілген. Жалпы Германиядағы түркі халықтары туралы хабарды бере отырып, Уәли Каюмханның Түркиямен тығыз байланыс орнатуды көздегені айқындалды.

ТР П-МММ-ның қорларында Түркістан тарихына байланысты көптеген материалдар кездеседі. Оның ішінде 50-қордан алынған «Түркістан» журналының жариялануы туралы деректерді атауға болады. 1920-1922 жылдар аралығында М.Шоқай Түркияда болған кезде, осы «Түркістан» журналына жариялаған мақалалары болуы мүмкін, осы қордан 1956 жылдың 7 тамызында Аднан Мендерес атына Германиядағы түркі халықтарынан жіберілген хат табылды. Бұл хатта батыстағы түркі халықтарына қаржылай көмек көрсету туралы өтініші жазылған.

ТР П-МММ-да патшалық үкіметтің Түркияның шығыс өңіріндегі әскери қимылдары жөніндегі ақпарат хаттар 3-қорда сақталған. Онда орыс тілінде жазылған «аса құпия» хабарлар кездеседі. Әсіресе Кавказдағы орыс агентурасының жұмыстары туралы мәліметтер патшалық биліктің, сонан соң большевиктердің армяндық «Дашнакцутюн» партиясымен байланыс орнатып, Қоқан қаласын талқандап, Түркістан өңіріндегі халықтарды қырып салғандықтары туралы деректер молынан кездеседі.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейін большевиктердің Бұқара мен Хиуадағы әскери қимылдары жөніндегі ақпарат хаттар мен түркі халықтарының өтініштері 258-қорда сақталған. Бұл қордағы материалдарда Түркістан аймағында большевиктер мен меньшевиктердің өзара соғысы туралы ақпараттар берілген, бұл соғыс қимылдарының жергілікті халыққа ауыртпалық әкелгені және елде коммунистік идеологияның белең алғандығы туралы жазылған.

Түркі халықтары ынтымақтастығының Түркия тарихнамасында көрініс табуы. 1905 жылғы Бүкілресейлік мұсылмандар съезі түркі-мұсылман халықтарының саяси ынтымақтастығының айқын көрінісі болып табылатыны сөзсіз. Нижний Новгород қаласында өткен бұл съезде түркі халықтары ортақ мәселелерді талқыға салып, Дума депутаттарынан ұлттық тәуелсіздікті қарауды талап етті. Олар патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын сынап, орыстандыру мен шоқындыру саясатына қарсы біріге күрес жүргізу қажеттілігін көтерген. Кейінгі жылдары мұндай съездер Санкт-Петербург, Ташкент, Қазан, Орынбор қалаларында өтті. Олар жайында зерттеулерді түркиялық зерттеушілер Х. Фейзи, А. Саитакбар, Зәки Уәлиди Тоған, Надир Девлет (Devlet, 1987: 93), Сейфеттин Эршахин (Erşanin S., 2007: 212), Гирай Сайнур Бозкурт (Bozkurt, 2008: 143) т.б. жүргізген. Олардың еңбектерінде XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының саяси жағы сипатталып, өңірлердегі ислам дінінің маңызы және түрікшілдік әрекеті туралы мәліметтер берілген. Авторлардың пайымдауынша, ислам мен мұсылмандық түркі халықтарының қорғаны функциясын атқарған және ұлттық бірегейлік жолындағы маңызды факторлардың бірі еді. Осы орайда, аталған авторлардың еңбектерінде нақты фактологиялық материалдар берілгенін атап өткен жөн, себебі еңбектердің басым бөлігі КСРО ыдырағаннан кейін мұрағат материалдарына негізделген.

Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын түрікшілдіктің негізінде көрген, сондай-ақ оның эволюциясын зерттеген түркиялық ғалымдарды атауға болады.

Түркиялық зерттеушілердің арасында Надир Девлеттің ұстанымы мен түркі халықтары арасындағы байланыстар жайлы ойлары назар аудартады. Себебі ол өз жұмыстарында, әсіресе XX ғасырдың басында түркі съездеріндегі, сонан соң тәуелсіздік жолындағы күресін біржақты қарастырған. Түркі халықтарының саяси ойының қалыптасуы мен дамуын автор татарлардың үлесі деп біледі (Devlet, 1987: 99). 1905-1917 жылдар аралығындағы Ресей мұсылмандарының ұлттық күрес тарихын зерттеген Надир Девлет, Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарын отарлық әкімшілік пен орыс ғалым-миссионерлері түрік халықтары деп атамайтын деген ойын білдіреді. Автор 1895 жылғы «Шопан жұлдызы» атымен шыққан Абдурашит Ибрагимовтың (İbrahim, 2003: 453) кітапшасын зерделей отырып, оның Ресей империясының отаршылдық саясатын ашық түрде сынағанын тілге тиек етеді. 1905 жылы Бірінші орыс революциясы қарсаңында түркістандықтардың саяси белсенділігі татарларларға қарағанда әлсіз болғандығын жазған Надир Девлеттің бұл тұжырымын қай деректерге сүйенгені ойландыратын мәселе болып табылады. Сондықтан түркиялық тарихшылардың еңбектерін сыни көзбен қарап, мәселені объективті түрде зерделеу басшылыққа алынғаны жөн.

Түркі халықтарының тарихын ғылыми тұрғыдан зерттеген түркиялық тарихшылардың қатарында Ақдес Нимет Кураттың (Kurat, 2014: 321), Ибрахим Мараштың (Ибрагимов, 2005: 67), Ахат Андижанның (Andican, 2009: 543), Абдуллах Ресжеп Байсунның (Baysun, 2006: 167), Шевкет Сурейя Айдемирдің (Aydemir, 2019: 489), Рыдван Акынның (Akin, 2002: 279), Фүсун Үстөлдiң (Üstel, 2010: 198), Нежиметдин Сеферджиоғлуның (Sefercioğlu, 2005: 113), Хакан Қырымлының (Kırmılı, 2016: 564) т.б. жұмыстарын атауға болады. Бұл авторлар түркі халықтарының шығу тегіне, олардың өзара саяси байланыстарда болып, бір жақтан шығыс, екінші жақтан батыс мәдениетінде елеулі рөл атқарғандығын зерттеген. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуында мұсылмандықтың негізгі орын алғандығы және діни жаңарудағы басты фактор болып табылатын, ислам дініне деген ұстамдылықтарын зерттеген Ибрахим Мараш, 1905 жылғы Бүкілресейлік мұсылман съездеріне түркиялық көзқарасын білдірген. Ақдес Нимет Курат болса түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын көне дәуірмен сабақтастырып, XIX ғасырдың екінші жартысында ұлттық сананың артуымен байланыстырған. Жоғарыда аталған түркиялық зерттеушілердің арасында Шевкет Сурейя Айдемирдің жұмысында түркі халықтарының ислам діні Орталық Азияға тарағаннан кейінгі кезеңі айқындалып, түркі халықтарының саяси ойының қалыптасуымен басталған мәдени бірлік тұрғысындағы мәселелері қозғалған.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы өрістей түскен сәтте большевиктік саяси қысымға ұшырап, эмиграцияға кетуге мәжбүр болған және сол жерде өз тарихын дәріптеген зерттеушілердің қатарында Баймирза Хайиттің еңбектерін атауға болады (Hayit, 1962). Ол бұл зерттеуінде Түркістан өлкесінің большевизмнің құрсауындағы саяси ахуалын жазған. XX ғасырдың басындағы түркі-мұсылман халықтарының ынтымақтастығын сынаған Баймирза Хайит, аймақтардағы жәдидтік қозғалыс туралы сипаттаған. Автордың келесі еңбегі түркі халықтарының Қытай мен Ресей империясы арасында қысымға қалғандығы туралы зерттеуі болып табылады (Hayit, 1975). Оның пайымдауынша, түркі халықтарының арасындағы ынтымақтастықтың күшеюі жәдидтік қозғалыстан бастау алып, 1924 жылы социалистік мемлекеттердің құрылуымен аяқталған. Мұндай хронологиялық шектеу қоюды автор сталиндік тоталитарлық жүйенің күшеюімен

байланыстырады. Сонымен қатар, Баймирза Хайит социалистік мемлекеттердің құрылуы салдарынан қазақ, өзбек, қырғыз, түрікмен т.б. түркі республикалардың «Түркістан мұхтариятының» немесе «Түркістан Ұлттық Республикасының» тамырына «балта шабылды» деп біледі. Орыстандыру мен шоқындыру саясатына тап болған Орта Азиядағы түркі халықтарының ұлттық болмысы мен ұлт ретінде қалыптасуын, сондай-ақ түркістандық сананың дер кезінде қолға алынбағандығын тілге тиек етеді. Шын мәнінде эмоцияға толы және антикеңестік санада жазылған Баймирза Хайиттің еңбектерінде субъективизм басым және фактілік материалдардың шынайылық деңгейі күмән тудырады. Себебі еңбектерінің ішінде кездесетін деректердің басым бөлігін Кеңес өкіметінен алынған газеттік материалдар және батыста антикоммунистік пиғылда жазылған еңбектер құрайды. Сонан соң автордың жұмыстарында кездесетін мұсылмандық оқу орындарының қызметі жайлы пікірлері шындыққа жанасатыны да күмән тудырады. Баймирза Хайит мұсылмандық оқу орындарының білім сапасының әлсіреуін зерделей отырып, жәдиттік қозғалыстың өрістеуінде өзбек халқының үлесін көрсетуге тырысқан. Түркістандағы Ресей мен Қытайдың саясатын жан-жақты зерттеген Баймирза Хайиттің еңбектері антикоммунистік тұрғыда жазылғанымен, сол уақыттағы Түркістан өңіріндегі саяси-экономикалық қатынастар тарихы туралы бірқатар мәліметтер береді. Дегенмен оның зерттеулерінен түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының дамуы туралы жалпы ойды қорытуға жетелейтін кейбір мәліметтерін пайдалануға болады.

Тарихнамалық бөлімде атап өткен түркиялық ғалымдардың арасында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен түрікшілдік негіздерін зерттеген, «түрік» атауы мағынасының кеңеюі мен түрік ұлтының санасына сіңірілу мәселесіне қатысты Айдын Танеридің көлемді монографиясын атап өтуге болады. Ол мәдениеттер соғысындағы тарихтың қызметін, «османшылдықтың» орнына «түрікшілдіктің» келуін, бұл атаудың ұлттық деңгейге көтерілу мәселесін зерттеген (Taneri, 1993). Оның «Түріктердің мемлекетшілдік дәстүрі. Кеше-бүгін» атты еңбегінде «Түрік халқы – әлемдегі ең көне халықтардың бірі. Терең тарихы бар халық болу, әрине, бұрыннан келе жатқан мәдениет пен өркениеттерді өзіне сіңіру деген сөз. Өркениеттің ұзақ өмір сүруі оның қайталанбас ерекшеліктерін сақтап, заманауи құндылықтармен жаңарту арқылы мүмкін болады. Осы тұрғыдан алғанда, тарихтың әр кезеңінде дерлік өмір сүруін жалғастырған түрік мемлекеттері белгілі бір жинақтау, мәдени инфрақұрылым және дәстүрге байланысты қалыптасқан басқару тәсілі нәтижесінде өмір сүруін әрқашан жалғастырды», – деген ойларынан түркі халықтарының ынтымақтастығының тереңде жатқандығын аңғаруға болады (Taneri, 1993: 63). Автордың еңбегі түркі халықтарының өзара ынтымақтастығының даму салаларын зерделеуге мүмкіндік береді.

«Түрік» ұғымы мен «түріктік» сананың тарихын зерделеген түркиялық зерттеуші Танери Айдын өз еңбегінде Осман империясының ыдырау барысында Түркиядағы түрікшілдіктің дамуына көңіл аударады. Осы тұрғыда автор Түркиядағы түрікшілдіктің даму мәселесін Ресей империясының қысымына шыдай алмай, эмиграцияға кетуге мәжбүр болған Юсуф Ақшора, Зәки Уәлиди Тоған және Түркістандағы түрікшілдіктің дәріптеушісі қызметін атқарған Зия Гөкалыптың сүбелі үлестерімен байланыстырады

(Taneri, 1983). Осының нәтижесінде Түркиядағы түрікшілдіктің дамуында Орталық Азиядан кеткен қоғам қайраткерлері мен ғалымдардың үлесі мол болды деген тұжырым жасауға толық негіз бар. Ал «түркілік» ұғымына келер болсақ, Ресей империясы сонан соң КСРО құрамында түркі халықтарын біріктіруге жетелеген басты фактор, ол Ресей империясының отаршылдық пен қанаушылық саясаты негіз болған деген ойды көптеген ғалымдар қолдайды. Себебі қорғану мақсатында мәдени бірлікке және ынтымақтастыққа бет бұрған түркі халықтарының науқанынан үрейі ұшқан большевиктердің ұстанымы аяқ астынан өзгеріп тұрған. Түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы мен мәдени бірлікті идеологияға негіздеп, «пантүрікшіл», «исламшыл», «агресшіл» деген айыптар тағылды және осы бағытта провокациялық саяси жұмыстар атқарылды. Бұл саясаттың нәтижесінде ұлт-азаттық көтерілістерге көшбасшы болған, оны жан-жақты дәріптеген, түркі халықтарының бірқатар ұлттық саяси элитасы «қызыл террорға» ұшырап, тәуелсіздік жолында құрбан болды, қалғандары жер ауып, сол жерде саяси-ғылыми күресін жалғастырды. Сондықтан түркі халықтарының өзара ынтымақтастығы дәстүрлі түрде ежелден жалғасып келе жатқан табиғи үрдіс деуге әбден болады.

Осман империясы кезінде мұсылмандықтың орталығы қызметін атқарып, батыстың үрейін ұшырғаны тарихтан белгілі. Оның мемлекеттік құрылымы мен ислам философиясын, XIX ғасырдың екінші жартысында түрік ұлтының қалыптасу барысын, қоғамдық-саяси өмірі мен әлеуметтік-экономикалық қатынастарын А.Д. Алдерсом мен Шенел Жемал Осман империясы кеңсесі мұрағатынан алынған құжаттар негізінде айқындаған. Осман империясының ыдырауы барысында «түрікшілдіктің» орнына орталық билік «исламшылдықты» ұстану арқылы тұтастықты сақтай аламыз деген. Бірақ «исламшылдық» саясаты Осман империясының құрамындағы славян және араб халықтарын уысында ұстауына керісінше әсер етті. Осы мәселелерді зерттеген аталмыш ғалымдар Осман империясында ұлттық мемлекеттің қалыптасуын нақты деректер негізінде айқындай білген және «түрікшілдік» қозғалысын Түркия шеңберінде зерделеген. Сондықтан аталған ғалымдардың еңбектері салыстырмалы талдау жүргізу үшін үлкен септігін тигізген. Себебі олардың жұмыстарында Түркия мен Орталық Азия халықтарының арасындағы байланыстарға мән берілген.

Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы жылдарында түркі халықтарының өзара ынтымақтастығын зерттеген келесі түркиялық тарихшы – Али Бадемжи (46). Ол 1917-1934 жылдар аралығындағы Түркістандағы ұлттық қозғалыс пен құрбашылар (басмашы қозғалысының жетекшілері) және Энвер Пашаның рөлі мен қызметіне байланысты екі томдық еңбек жариялаған. Автордың Түркістандағы ұлт-азаттық қозғалысын жазу ұстанымы зерттеушілерді қызықтырады. Еңбегінің бірінші томын алты тарауға бөліп қарастырған Али Бадемжи Осман империясын Османлы Түрік империясы деп атап, оның Түркістанмен байланысын зерттеген және түркістандықтардың сол уақытта Энвер Пашаны «құтқарушы» ретінде қабылдағанын атайды. Осы мәселелерді саралай келе, екінші тарауда көне заманнан большевиктердің революциясына дейін Ресей империясының Азиядағы саясаты мен Түркістан өңірін отарлауының барысын айқындаған. Али Бадемжинің еңбегінің басым бөлігі болжауға негізделген, фактологиялық материалдардың аздығы салдарынан еңбегінде жасаған тұжырымдары

да бір жақты жасалған. Оның пайдаланған деректерінің шынайылық дәрежесі ғылыми тұрғыдан анықталмағандықтан, еңбегі күмән тудырады. Дегенмен Али Бадемжинің аталған жұмысында пайдаланған түрік деректері құнды. Мәселен, Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Энвер Паша мен құрбашылар арасындағы ымыралы ұстанымның айқындалуы, түркі халықтарының сол уақыттағы өзара ымақтастығының бет пердесі мен жағдайын жазған.

Нәтижелер

Түркиялық деректердің ішкі мазмұнына қарағанда Анадолы және Ресей отарына енген түркі-мұсылман халықтарының XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші ширегіндегі саяси және ұлттық ынтымақтастығын этникалық мағынада «ұлттық күрес» деп қарау дұрыс болмас еді. Бұның шынайы сипатын бағалай отырып, сол кездегі қоғамның әлеуметтік құрылымы мен көңіл-күйін ескеру қажет дегенді меңзетеді¹. XIX ғасырдың аяғында Ресейге тәуелді болған түркі-мұсылман халықтары бір-бірінің саяси өмірінен бейхабар еді және өзара ынтымақтастықты күшейту үшін олардың инфрақұрылымы мүмкіндік бермеді деген ойды алға тартады. Сол себепті Анадолы түріктеріне қарағанда, Ресей империясының құрамындағы түркі халықтарының арасында ынтымақ та, бір ұлттың бірегейлік санасы да болған жоқ деген мәселені нақты ортаға салуда. Тіпті түркі халықтарының арасындағы оқымыстылардың өздері бірінші кезекте «мұсылманбыз» деп, екіншіден рулық тегін алға тартып отырды, сонымен қатар трайбалистік ерекшеліктерімен айналысты деген деректер де кездеседі².

Орыс ғылымында декодтау стилистикасы теориясының дамуы И. Арнольд есімімен байланысты. Терминнің өзін стилистиканың бұл бөлімін «ақпарат теориясымен» және «қатысым үдерісіне қатысушымен» («мәтін – оқырман») байланыстың ыңғайлы көрсеткіші деп қабылдап И. Арнольд мұны нақтылай түсіп, зерттеудің мақсатын былайша дәлдейді: «Декодтау стилистикасы деп стилистиканың анағұрлым толық та терең түсінуге қол жеткізу үшін көркем мәтінді құрылымы мен оны құрастыратын элементтердің арақатынасына сүйеніп түсіндірмелеу амалдарын қарастыратын бөлімін ұғамыз» (Арнольд, 1972: 1).

Орыстың басқа ғалымдарының декодтау стилистикасы тұрғысынан мәтін талдаған еңбектерінде ақпарат теориясы, кибернетика, құрылымдық стилистика, поэтика, әдебиет теориясы мен тарихында мәтінді түсіндірмелеудің әлемдік және отандық ғылымдағы жетістіктері пайдаланылады. Мәтінді декодтау стилистикасы тұрғысынан зерттеушілердің интуицияны (түйсікті) құнттау жөніндегі пікірлері бір жерден шығады, мұны ғылыми талдауларына қосып отырады. М. Риффатерге және өз тәжірибелеріне сүйене отырып, онан ары дамытады: түйсік кез келген лингвистикалық зерттеуге міндетті түрде қатысатындығымен қатар, стилистің өзі де мәтінді түсіндірмелеуге информант бола алатындығын растайды (Арнольд, 2001: 35-45).

Анығын айтқанда, декодтау қазір көркем әдебиет мәтінін кеңінен парықтау, тәпсірлеудің негізі ретінде ұғынылып отыр. Түпкі мақсат – оқырманға мәтінді және ондағы автор

идеясын терең де толық түсінуге көмектесетін амалдарды тауып анықтау. Қалай? Көркем мәтіннің «кодын» құрылымдық стилистика сүйенетін мәнде іздеу мен жеткізу арқылы анықтау. Декодтаудың әзірленген әдістемесінің негізінде айтылып өткен аспектіде мәтін туралы ғылымның қорытындылары пайдаланылып қана қойған жоқ, сонымен қатар осы әдістемені кез келген мәтінмен жұмыс істеуде қолданудың типологиялық мүмкіндіктеріні дәлелдеу мен теориялық түзетулер енгізуге талпыныстар жасалған.

Декодтау стилистикасы – айтылыстың қабылдаушыға автордың ойы мен сезімін жеткізетін, сондай-ақ мәтіннің оқырманға әсерін анықтайтын тұстарын зерттейтін стилистикалық бағыт. Декодтау стилистикасындағы талдау мақсаты – шығарманың идеялық-көркем мазмұнын лингвистикалық тұрғыдан белгілеу. Негізгі міндеті – тіл мен мәдениеттің әр түрлі деңгейлері үшін шығарманы декодтаудың алгоритмдері мен кодтарын зерттеу. Код деп мәнді тілдік бірліктер мен олардың іліктесу, байланысу (комбинирование) ережелерінің жиынтығын, декодтау алгоритмі деп код комбинацияларын білудің арқасында ақпараттарды жаңғырту ережелерін ұғамыз. Ақпарат ретінде әдеби шығармалардың мәтіні немесе оның эстетикалық мәні болу үшін қажетті де жеткілікті болатын көлемдегі үзіндісі пайдаланылады. Декодтау стилистикасында коннотативтік мағыналарға, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, фонетикалық бірліктердің сол контексте бейнелеу мүмкіндігіне, яғни экспрессивтік сапасына; ойды беруде ой, сезім мен басқа да қатынастардың көркем мәтінде қатысымының әр түрлі жағдайларында қолданымы мен өзара ықпалын зерттеуге басты назар аударылады. Декодтау барысында ақпараттың кейбір бөлігінен айырылып қалу сөзсіз болады, оның себебі кодтаушы мен декодтаушы жадындағы мазмұн айырмашылығында және кодта өзгерістер болуының мүмкіндігінде. Ақпаратты жоғалтуға қарсы әрекет автор үшін маңызды қандай да бір мәністерді ұсыну амалының көмегімен жүзеге асады. Бұл амалдар ақпаратты бұрмалаудан сақтайды және декодтау барысында қате ұғынуға жол бермейді. Декодтау стилистикасында мұндай амалдарға, мысалы, конвергенция, ойдан шықпау әсері (эффект обманутого ожидания) және ілінісу (тіркесу, сцепление) жатады. Бұларға сипаттама көптеген еңбектерде беріледі. Соларды ортақтастыра түйіндеп, анықтамалар беруге тура келеді:

– конвергенция – автордың оқырман қабылдауын күшейтетін және түйілдіретін уәждері, сезімдері мен күйлері стилистикалық тәсілдердің тым молдығы.

– ойдан шықпау әсері – айтылыста ықтималдығы аз элементтің, ақпараттың жалғастығын бұзатын және күтпеген жайды туғызатын элементтің пайда болуы, бұл қабылдауға кедергі жасайды, оқырманның күш салуын талап етеді де, сонымен оқырманға күшті әсер етеді, өйткені болжамдалуы қиын элементтер ақпарат ретінде анағұрлым маңызды және экспрессивті болып келеді.

– ілінісу – шығарма элементтерінің фонетикалық (ұйқас, метр, аллитерация, ассонанс), құрылымдық (морфологиялық не синтаксистік құрылыс) немесе семантикалық (синоним, антоним) жағынан ұқсас тұрғыда болып, мәтін тұтастығына қызмет етуі.

Осы амалдармен Ясауидің «Хикметтеріндегі» тілдік-мәдени кодтарды шешіп көреміз. Р. Сыздық «Хикметтердің» Самарқанд нұсқасын талдағаны белгілі, біз Ыстамбұл нұсқасын (1897-жыл) және М. Жармұхамедұлының жолма-жол аудармасын пайдаланбақпыз. Ескерте кетер жайт – аталмыш аударманы сол қалпымен пайдаланған

жоқпыз, түпнұсқамен үнемі салғастырып отырып, түпнұсқа мәтінге басымдық бердік. «Хикметтердің» шағатай тілінде жазылғаны белгілі, түсініктілік үшін дәлме-дәл қазақша баламалары талдауға тартылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы айтарлықтай шамада зерттелді, әлі де зерттелуде. Зерттеуге ғылыми материал болуға лайық еңбектер де баршылық. Ясауи тілінің зерттелу деңгейін Р. Сыздықова толымды етіп көрсетіп берген (Сыздықова, 2014: 15-30). Қазақ тіл білімінің тұрғысын ұстанатындықтан осы тұрғыға орай келетін еңбектермен есептесіп отыру қажет.

Қазақ тілтанушыларының тарапынан Р.Ф. Сыздықованың Ясауи «Хикметтерінің» тілі» жөніндегі Самарқанд (Залеман) нұсқасына негіздеп талдаған еңбегі тілтанулық тұрғыдан көшбасшылық тұғырда тұр (Сыздықова, 2014). Дінтанушы философ Д. Кенжетайдың Ясауи мұрасын тарихи-философиялық, таным, мәдениеттану тұрғысынан жасаған терең де кең зерттеулерінің лингвистер үшін әдістанулық тұрғы болуға тиісті (Кенжетай, 2008). А.П. Әбуовтің зерттеулері Ясауи мұрасының түркілік-сопылық мәдениеттің жаңғыру жолдарын саралап берген (Абуов, 2022). Әдебиеттану тұрғысынан түсіндірген еңбек те бар (Жармұхамедұлы, 1999) Дей тұрсақ та Ясауи мұрасының тілін зерттеуде алда тұрған міндеттер көп. Сондай міндеттің бірі – Ясауи хикметтерін көркем мәтін ретінде декодтау стилистикасы жолымен парықтап беру. Ал қазақ тіл білімінде көркем мәтін стилистикасындағы оқырман тұрғысын (декодтау үлгісін) атап көрсеткен – А.С. Адилованың «Қабылдау стилистикасы» деген оқу құралы ғана (Адилова, 2016).

Декодтауда аялық білім болуы үшін Е.Э. Бертельстің сопылық пен сопылық әдебиет туралы еңбегі (Бертельс, 1965), А.Д. Кныштың сопылық философияны егжейлеген еңбегі (Кныш, 1991) көп көмегін тигізді.

Талдаулар

Конвергенция. Хикметтерде мол кездесетін лингвокультурема *жылау* сөзіне қатысты. Бұл сөздердің оқырман қабылдауын күшейтетін сезім, күй таңбалары екені сөзсіз. «Хикметте» *жыла* сөзі 52 рет, *жас (көз жасы)* сөзі 37 рет, *зар* сөзі – 26 рет, *еңіре* сөзі 12 рет кездеседі. Бұған байланысты қолданылған стильдік тәсілдерді түгендеп шығу қиын, алайда көп қолданылған тәсілдерді көрсетіп берейік: кейіптеу тәсілі – *жылаушы (налушы)* (2-хикмет)², *Күз иашимди дария қылыб иурдим мана – Көз жасымды дария қылып жүрдім* (18); коннотация – *иглаб иурдим – жылап жүрдім* (6), *Таки иглаб – Тәңірге жылау* (8), *Сахар уақтида зары қылыб иңранмидим – Таңсаріде зар қылып еңіремедім* (5) *Алла дибан тунлар туриб иңранмидиң – Алланы айтып, түнде тұрып еңіремедің* (11), *маңа игла – маған жыла* (11), *Зар иглабан, зар иңрагил, рахим келсун – Зар жылаңыз, зар еңіреңіз, рақым келсін* (31); *әсірелеу – иаш тукиб – жас төгу* (2, 11, 27, 57), *көз яшымен ақызубан жала қылдым – көз жасын көл қылып егілу* (6, 12); *Күз иашимди дария қылыб иурдим мана – Көз жасымды дария қылып жүрдім* (18)

² Мұнан былай жақша ішіне хикметтердің рет саны беріліп отырады

қайталанып кеткен метафора – бигам йурдим иашым ақмай - бейгам жүрдім жасым ақпай (9), Қанлар ақар кузлардин аққан иаши – Қан боп саулар көзінен аққан жасы (12), Кузларимдин қанлар тукиб иад етмидим – Көзімнен қанды жас төгіп, жад етпедім (16), қан иглазил – қан жылау (49, 60), қанлар ақсун кузлариндин – қан ақсын көздеріңнен (57), Кузини иашига қылгай таһарат – Көз жасына еткей таһарат (Мінәжаттан); эпитет – ихлас билан иглаб – ықыласпен жылау, шыннан жылау, һазар дастан иглаб - бұлбұлың боп жылау (17), Фарияд уриб иглаған, кириан болған гашиқлар – Зар еңіреп жылаған, жолы болған гашиқтар (45), Бидарларни куңли синуқ, кузи иашлиқ – Сопылардың көңілі сынық, көзі жасты (48). Сонымен қатар бұл қолданыстардың қай-қайсында болсын эмоционалдық пен экспрессивтілік бар.

Ал жылау сөзінің «Қазақ әдеби тілі сөздігінде» 12 мағынасы көрсетілген: «1. Қайғыдан, реніштен, ауырғаннан көзден жас шығару; 2. Зар еңіреу, зарлау, зарлану, іштегі зарын шығару; 3. Жоқтау, дауыс шығару; 4. Өкіру, қатты жылау; 5. ауыс. Қайғыру; 6. ауыс. Қиналу, жапа шегу; 7. ауыс. Сағыну, іздеу; 8. ауыс. Еңсесі түсу; 9. ауыс. Шағыну; 10. ауыс. Қоштасу, мауқын басу; 11. ауыс. Аңдардың дауыс шығаруы; 12. ауыс. Жауын жауу» (ҚӘТС, Т. 6: 667-668). «Диуани хикмет» мәтініндегі «жылау» сөзінің мағынасы бұл мағыналармен байланысын ада-күде үзген деп айтуға болмайды. Дегенмен осы мағыналардың бірін тап басып сәйкестіру қиын.

Демек, бұл мәтіндер «сөйлемдер желісінен» ғана тұрмайды, сөзбен берілмеген әлдебір «білімнен» де – қабылдау үшін мағлұм болу керек білімнен, мәтіннің жалпы мән-мазмұнының қалыптасуына қатысып тұратын білімнен де – тұрады. Жоғарыдағы мәтін өрнектерін декодтауға сопылық туралы білім көмектеседі. Жыла сөзінің мағынасы сопылықта, әдеби тілдегідей нақтылы психофизиологиялық құбылыстың атауы ғана емес, сопылықтағы шын сезім. Сопылық поэзия «тариқат» жолына үндей отырып, Құдайға мистикалық жолмен жетуге ден қояды, тариқат Құдаймен табысуды бастан кешудің сезімдік жолдарын сипаттайды (Нурдаулетова және т.б., 2022: 73). Д. Кенжетайдың сөзімен айтқанда, психотехникалық мектептен өтеді (Кенжетай, 2008, 137). Жылау – тариқат жолындағы сезімдік амал, психотехникалық қарекет. Сондай-ақ «жылаудың» нуминоздық мәні бар (Нуминоздыққа «понятие, характеризующее важнейшую сторону религиозного опыта, связанного с интенсивным переживанием таинственного и устрашающего божественного присутствия» деген анықтама беріледі (Ur1). Мұны «Иақам тутиб иглаб йурдим гулзарында – Жағамды ұстап жылап жүрдім гулзарында» (6); «Иақам тутиб утган ишга чиндан иглаб – Жағамды ұстап, өткен іске шыннан жылап» (17) деген жолдар айқындай түседі. Өйткені «жаға ұстау» тіркесінің мағыналық құрамында таңданумен бірге «шошу, қорқу» сияқты элементтер бар екені мәлім.

Демек, «Хикметте» жылау сөзінің символдық мәнге ие болып тұрғанын байқауға болады.

Конвергенция жолымен «Диуани хикметтегі» гашиқ, шарап лингвокультуремаларын да осылайша декодтауға болады, ықшамдық үшін оларды келесі бір орайға қалдырамыз.

Ойдан шықпау әсері. Бұл әсерді «Хикметтегі» топырақ сөзінің қолданысынан байқауға болады.

Декодтау екі негізді біріктіреді: біріншісі – оқырман қабылдауы тұрғысынан талдағанда болатын субъективтік негіз, екіншісі – тілдік қордан тұратын объективтік негіз. Осы тұрғыдан келгенде, *топырақ* сөзінің әдепкі қолданысындағы объективті мағыналары белгілі: «1. Жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ қабаты; 2. Атмосфераның, литосфераның, биосфераның және физикалық, химиялық, биологиялық процестердің әсерінен түзілген жер қыртысының борпылдақ беткі қабаты» (ҚӘТС, Т. 14: 284-289). Сөздікте сонымен қатар «топырақтың» фразеологиялық контекстері берілген. Ал «Хикмет» контексіндегі қолданыстардан (*Топырақ* сөзі 13 рет қолданылыпты) топырақтың мұндай белгісін көре алмайсыз:

Тофырақ қылыб хази бол деп бойнум игди – Топырақ қылып, әзір бол деп мойнымды иді (1).

Тупрақ сифат иер астиди болған яхши – Топырақ сипат жер астында болған жақсы (6).

Тупрақ сифат иол устида иолы болсам – Топырақ сипат жол үстінде жолы болсам (9).

Башим тупрақ, узим тупрақ, жисмим тупрақ – Басым – топырақ, өзім – топырақ, тәнім – топырақ (9).

Асылым тупрақ, насилим тупрақ, баршадин хар – Асылым – топырақ, нәсілім – топырақ, баршадан хар (22).

Тупрақ болғыл галим сени басыб утсун – Топырақ болғыл, галым сені басып өтсін (33).

Туфрақ улыб иерда иатсаң кафир улмас – Топырақ болып жерде жатса, кәпір болмас (39).

Күткен жайт болмай «алданудың» пайдалы әсері қарама-қайшы тіркестерден, шеңдестіктен, контрастыдан, алогизмнен, парадокстардан да көрінеді.

Хақтин қорқыб отқа тушмай пиштим мана – Хақтан қорқып отқа түспей пістім міне (1). *Шакир болыб, уртаб яниб куйдим мана – Ризалықпен өртеніп күйдім міне* (12). *Ғариблиқни куб қадирини билдим мана – Ғарыптықтың көп қадырын білдім міне* (19). *Салғыл қулағымға мени ғоғай, Мухаммад. – Сала гөр менің жаныма уайым-қайғы, Мұхаммед* (20). *Иер устида улмас бурун тирик улдим. – Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім* (22). *Ғашиқларни суннати дур тирик улмак. – Ғашықтардың сүндеті дүр тірі өлмек* (23). *Нафси улған хор уа гилман кучар, достлар. – Нәпсі тыйған хор қыздарын құшар, достар* (39). Осы сөйлемдердегі отқа түспей пісу, тірі өлу сияқты оксюморондар, ризалықпен күйу, нәпсісін тыйған адамның хор қызын құшуы, ғарыптықтың қадыры сияқты алогизмдер, өзіне уайым-қайғы сұрап жалынуы – оқырман логикасына қайшы жайттар. Осының әсерінен оқырман декодтауға бірден кіріседі. Шығарма мәнісін ашу, оқырманда бұрын бастан кешкенінен, естігенінен, оқығанынан жиған аялық білім болса, алдын ала қажетті ақпарат қоры болса, тиімді болады. Егер бұрын жинақтаған қор жеткіліксіз болса, яғни оқырман зерде мен сезім жағынан тиісінше деңгейде болмаса, тілдік бірліктегі негізгі ақпаратты ала алмайды. Аялық білімді, ақпаратты сопылықтан аламыз. Сопылық лирикада жырланатын сезім амалдары мен әрекеттері екеніне көз жеткіземіз.

2-хикметте әр шумақтың соңында «Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга – Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» сөйлемі қайталанып отырады. Әр шумақта рухани кемелдену жолында табысқа жетіп отырғаны айтылады да, лирикалық кейіпкер

тосын түрде «жерге кіреді», парадокс. Қазақ тіліндегі қарабайыр дүние суретінде «жерге кіру» – жағымсыз мәндегі құбылыс, бұл тіркестің Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы – «Бетінен оты шығып, қатты ұялу, өзін қоярға жер таппау» (Кеңесбаев, 2007: 258). Оқырманның алданған үміті шындықты іздетеді. Шындықты табуға, әрине, сопылықтағы тариқат, мағрипат туралы аялық білім көмектеседі. Ясауидың сопылық іліміндегі бір қағида – қоғамнан оңашалану, тариқаттың 10 мақамының бірі «таджридке» келеді (Абуов, 2022: 114, 124). Д. Кенжетай бұл қарекеттің «халуат» (қазақша – қылуат) деп аталатынын байыпты түсіндірмесін берген: «тілдік мағынасы «жалғыз қалу», «тыныш, таса жерге тығылу» дегенді білдіреді. Сопылықта мүридтің санасын белгілі мақсатқа бағыттау. Сол үшін шайх мүридін қараңғы, сыртқы әлемнен жырақ орындарда, яғни жерден қазылған мекенде, белгілі бір уақыт ішінде зікірлер, арнайы рухани жаттығулар арқылы тәрбиелейді» (Кенжетай, 2008: 324-325). Оқырманға енді «жерге кірудің» мәні осылайша түсінікті болады, яғни декодталады.

Ілінісу. Хикметтерде фонетикалық, құрылымдық, семантикалық жағынан ұқсас тұрғыда болып, мәтін тұтастығына қызмет ететін стилистикалық тәсілдер баршылық.

Хикмет шумақтарындағы дыбыстық үйлесімдер диахрониялық тұрғыдан алғанда мәтін тұтастығына қызмет етіп тұрады. Мысалы (шағатай тіліндегі түпнұсқасы арнайы ұсынылады):

*«Бисмиллаһи» деб баян айлай хикмат айтыб,
Талибларға дур уа гауһар сачтим мана.
Риядатни қатиғ тартыб қанлар йутиб,
Мен «Дафтар сани» созин ачтим мана
Сөзни айтдим һар ким болса дидар талаб,
Жанни жанға пунд қылыб рокни олаб.
Ғариб, фақир, иетимларни башин сылаб,
Көңили қатиғ халаиқдин қачтим мана*

(1-хикмет)

Бұл тармақтардағы шалыс ұйқастардың (абаб), негізінен, етістіктерден, 1-, 3-тармақтар етістіктің көсемшесімен тиянақсыз пішінде берілсе, 2-, 4-тармақтардың жедел өткен шақ пішінінде жасалуы мәтіннің баяндау жосығының бірыңғайлығына қызмет етіп тұр. Ең бастысы, ақынның сопылықтағы тариқат жолындағы әрекеттерін өлең ұйқасы да қолдап тұр. «Диуани хикметтен» мұндай құбылыстарды көптеп табуға болады.

Құрылымдық жағынан ілінісу амалдарына хикмет шумақтарының бір сөйлемнің қайталануымен тұйықталып отыратындығын жатқызуға болады. Осы сөйлемдер сол мәтінді бір семантикаға біріктіріп отырады. Ондай құрылымдарға шумақтарды тиянақтап отыратын, мәтін когезиясына қызмет ететін мына сөйлемдерді жатқызуға болады: «Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга – Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» (2), «Ол сабабдин хаққа сиғныб келдим мана – Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне» (4), «Заты улуғ хожам, сиғниб келдим сеңа – Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған» (6), «Бир уа Барым, дидарыңны курармин му – Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе» (7), «Мустафаға матам тутуб кирдим мана – Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне» (8), «... иер астиға кирдим мана – ... жер астына кірдім, міне» (9), «Не иуз бирла хазретиға барғум мана – Қай бетіммен хазіретке барам міне» (13),

«Ламаканда хақдин сабақ алдым мана – Ламаканда хақтан сабақ алдым міне» (16-, 17), «Иштиб, уқиб иерга кирди Құл Қожа Ахмад. – Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет» (22-, 23), «Һар не қылсаң ғашық қылғыл паруардигар. – Не қылсаң да ғашық қыл, пәруардігер» (27-, 28), «Жан уа дилда хайй зикирини айтың, достлар – Жан мен ділде хақ зікірін айтқын, достар» (33-, 34) т.б.

Ясауидың «Диуани хикметін» декодтау стилистикасы жолымен лингвистикалық парықтау үлкен іргелі зерттеу жасауды қажет етеді. Мақала мақсаты осының бір үлгісін көрсету болды.

Нәтижелер

Жылау культуремасына қатысты қолданыстарды талдау барысында олардың бәрінен эмоциялық және экспресивтік мән анықталды.

Конвергенциямен декодтау үшін тек мәтін ішімен шектеле алмаймыз. Мәтіннің дұрыс қабылдануы тілдік және графикалық бірліктер мен құралдар көмегімен ғана емес, білімнің жалпы қоры, басқаша айтқанда, «коммуникативтік фон (ая)» көмегімен де қамтамасыз етіледі. Осы фонға сүйеніп мәтін түзіледі, декодталады. Соған орай мәтіннің қабылдануы пресуппозициямен байланысты болады. Мұндай жайттарға байланысты функционалдық тіл білімінде вертикал контекст деген термин де қолданылады.

«Жылау» культуремасы бар айтылыстар бойында мән-мазмұнды анықтайтын білім де бар екені байқалды, атап айтқанда, сопылық туралы білім бар. Жыла сөзінің мағынасы сопылықта, әдеби тілдегідей нақтылы психофизиологиялық құбылыстың атауы ғана емес, сопылықтағы шын сезім. Сопылық поэзия «тариқат» жолына үндей отырып, Құдайға мистикалық жолмен жетуге ден қояды, тариқат Құдаймен табысуды бастан кешудің сезімдік жолдарын сипаттайды. «Хикметте» жылау сөзінің символдық мәнге ие болып тұрғанына талдау нәтижесінде көз жетті.

Қарапайым оқырман осынша рухани кемелденген кейіпкердің «топырақ» болуын күтпейді, осы күтпеген жайттың әсері бұл жұмбақты шешуге итермелейді. Осыдан келіп субъективті негізге сүйенеміз де, топырақ сөзі діни мәндегі лингвомәдени мағынаға ауысқан деген ойға тірелеміз. Құранның біраз аяттарында (Хаж сүресі, 5-аят, Муминун сүресі, 12-аят, Мумин сүресі, 67-аят т.б.) Алланың адамды топырақтан жаратқаны туралы айтылады. Демек, Ясауидың «Диуани хикметі» діни сопылық мазмұндағы шығарма екенін ескерсек, лирикалық кейіпкердің топырақ болуын, топырақ сипатқа енуін, өзін, басын, тәнін, асылын, нәсілін топырақ деп табуын алғашқы болмысқа, адам жаралмай тұрғандағы болмысқа «қайту» аңсары деп, өзінің болмысынан тыс болуын жанының қалауы деп, яғни трасценденталдыққа ұмтылуы деп, декодтауға болады. Осылайша декодтау стилистикасының әдістері сырт көзбен қарағанда көрінбейтін ақпаратты декодтау арқылы көркем мәтінді лайықты түсінуді қамтамасыз етеді. Мұндай ақпарат, біздің мысалымызда арнаулы аллюзиядан байқалып тұр.

Ойдан шықпау әсеріне байланысты «жерге кіру» культуремасының мәні қылуат процесімен декодталатыны анықталды.

Ілінісуге қатысты тілдік айғақтарды талдаудан бұлардың мәтін тұтастығына қызмет етіп тұратыны анықталды. Шумақтар соңында бірдей сөйлемді қайталау тәсілімен

мәтін семантикасын шоғырланатыны көрінді (Сол себептен алпыс үште кірдім жерге; Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе. т.б.).

Қорытынды

Декодтау стилистикасының әдістері сырт көзбен қарағанда көрінбейтін ақпаратты декодтау арқылы көркем мәтінді лайықты түсінуді қамтамасыз етеді. Анығырақ айтқанда, декодтау – көркем сөзді эстетикалық қабылдау теориясында оқырман тұрғысы бастапқы болатын шығармашылық үдеріс, оқырманның автормен түсіністігі мәтін талдаудың маңызды әдістанулық ұстанымына айналады.

Оқырманға жетер жолда мәтін әлеуметтік, тарихи, уақыттық, мәдени т.б. сипаттағы әр түрлі бөгетке тіреледі, бұл сөзсіз. Автор мен оқырман әр басқа тарихи дәуірден, әр басқа әлеуметтік топтан болуы мүмкін, діни я саяси көзқарасы әр басқа болуы мүмкін, мәдени және ұлттық дәстүрі әр басқа болуы мүмкін. Кейбір шығармалар оқырманнан ой-өріс кеңдігін, тарихтан, философиядан, мифологиядан, діннен т.б. білімі болуын талап етеді, осылар болса ғана мәтінді барынша декодтауға болады. Ясауидың «Диуани хикметі» мен қазіргі оқырман арасында осындай жайттар бар.

Ясауидың хикметтеріндегі тілдік-мәдени кодтарды ашу үшін декодтау стилистикасының конвергенция, ойдан шықпау әсері, ілінісу сияқты амалдары мол мүмкіндік береді. Осылар арқылы хикметтердегі тілдік бірліктердің мәдени айғақ екені анықталады, сонымен қатар бұлардың көркем мәтінтүзімге қызмет ететіні, эстетикалық қызметі айқындалады. Көркем мәтіндегі символдық мағына, сөз киесі, концептілік мәнді де анықтауға жол ашылады.

Түркілік сопылық поэзияны көркем мәтін санатында қарауда аялық білімнің маңызы зор. Себебі мәтін дегеніміз – автордың ойлау-сөйлеу қарекетінің өнімі ретінде және тәпсірлеуші оқырманның ойлау-сөйлеу қарекетінің материалы ретінде бәрінен бұрын ерекше түрде ұсынылған білім – вербалданған білім және аялық білім. Ясауидың «Диуани хикмет» көркем мәтінін лингвистикалық тәпсірлеу (интерпретация) үшін ислам мәдениеті, сопылық ағым, тариқат, мағрипат санаттарының контекстін бағдарлау шарт.

Әдебиет

Абуов А.П., 2022. Духовное наследие Яссауи. Алматы: «Көкжиек-Горизонт». 212 с.

Адилова А.С., 2016. Қабылдау стилистикасы. Алматы: «Эпиграф» баспасы. 128 б.

Арнольд И., 1972. Теоретические основы стилистики декодирования// Стилистика романо-германских языков: Материалы семинара. Ленинград. С. 6-20.

Арнольд И.В., 2001. Стилистика современного английского языка (стилистика декодирования). Москва: Наука. 383 с.

Бертельс Е.Э., 1965. Суфизм и суфийская литература. Москва: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. 531 с.

Воробьев В.В., 2006. Лингвокультурология. Москва: Изд-во Российского университета дружбы народов. 338 с.

Жармухамедұлы М., 1999. Қожа Ахмет Ясауи және Түркістан. Алматы: Ғылым. 128 б.

- Кеңесбаев І., 2007. Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы. 800 б.
- Кенжетай Д., 2008. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы: «Арыс» баспасы. 360 б.
- Кныш А.Д., 1991. Суфизм // Ислам. Историграфический очерк. Москва: Наука. 230 с.
- ҚТӘС, Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық.
- Нұрдәулетова Б., Шохаев М., Кенганова А., 2022. Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі. Turkic Studies Journal. 4 (Vol.2). Б. 72–85. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85>
- Сыздықова Р., 2014. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Алматы: «Ел-шежіре». 664 б.

Reference

- Abuov A.P., 2022. Duhovnoe nasledie Yasawi [The spiritual heritage of Yassawi]. Almaty: «Kokzhiiek-Gorizont». 212 p. [in Russian].
- Adilova A.S., 2016. Qabyldau stilistikasy [Stylistics of perception]. Almaty: «Epigraf» Publishing House. 128 p. [in Kazakh].
- Arnold I., 1972. Teoreticheskie osnovy stilistiki dekodirovaniya. Stilistika romano-germanskih yazykov: Materialy seminara [Theoretical foundations of decoding stylistics. Stylistics of the Romano-Germanic languages: Materials of the seminar]. Leningrad. P. 6-20. [in Russian].
- Arnold I.V., 2001. Stilistika sovr. angliskogo yazyka (stilistika dekodirovaniya) [Stylistics of the modern English language (decoding stylistics)]. Moscow: Nauka Publishing House. 383 p. [in Russian].
- Bertels E.E., 1965. Sufizm i sufiiskaya literature [Sufism and Sufi literature]. Moscow: Nauka Publishing House. The main editorial office of Oriental literature. 531 p. [in Russian].
- Vorobev V.V., 2006. Lingvokulturologiya [Linguoculturology]. Moscow: Publishing House of the Peoples' Friendship University of Russia. 338 p. [in Russian].
- Zharmuhameduly M., 1999. Qozha Ahmet Yassawi zhane Turkistan [Khozha Ahmed Yasawi and Turkestan]. Almaty: Gylym. 128 p. [in Kazakh].
- Kenesbaev I., 2007. Frazeologiyalyq sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: «Arys» Publishing House. 800 p. [in Kazakh].
- Kenzhetai D., 2008. Qozha Ahmet Yasawi dunietyanymy [Khozha Ahmed Yasawi's worldview]. Almaty: «Arys» Publishing House. 360 p. [in Kazakh].
- Knysh A.D., 1991. Sufizm. Islam. Istorigraficheskii ocherk [Sufism. Islam. Historiographical essay]. Moscow: Nauka Publishing House. 230 p. [in Russian].
- QTAS, Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. 15 volumes. [in Kazakh].
- Nurdauletova B., Shohaev M., Kenganova A., 2022. Zhyraul ar poetikasyndagy «shynajy adam» konceptisi. Turkic Studies Journal. 4 (Vol.2). P. 72-85. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85>
- Syzdyqova R., 2014. Yasawi «Hikmetterinin» tili [The language of the «Wisdom» of Yasawi]. Almaty: «El-shezhire» Publishing House. 664 p. [in Kazakh].

Zh.A. Zhakypov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

**From the experience of decoding Turkic Sufi poetry
(based on the text of Yassawi's "Diwani hikmet")**

Abstract. The article suggests ways of decoding Yassawi's work "Diwani hikmet" as a literary text. We consider it the first experience in linguistic Turkology, since decoding stylistics is applied only to modern literary texts, and not to old manuscripts. It is known that Yassawi's "Diwani Hikmet" is a fundamental example of Sufi poetry. At the same time, according to the laws of cultural studies, this work, along with other religious writings, belongs to the sacred cultural code. And the language composition in it is considered a linguocultural code. Linguoculturema can be basis for analysis of the linguistic and cultural code. At this point, linguoculturema includes everything from the text to its every element. However, in order to introduce linguoculturema into the the style of decoding, it is necessary that linguoculturema should serve to form a literary text.

The pragmatism of the author's thought is connected with the reader's ability to decipher the codes presented to the reader. On the basis of the principle of nomination in the Yassawi's "Diwani hikmet", the phenomena of convergence, the effect of deceived expectations and coupling are put forward. Thanks to these phenomena, the reader can interpret the linguistic and cultural information of the hikmet. However, the disclosure of the meaning of the work will be effective if the reader has background knowledge gleaned from what he has experienced, heard and read, and if he has a stock of necessary information in advance. Therefore, background knowledge plays a crucial role. To understand the text of Yassawi's «Diwani Hikmet», it is useful for the reader to know the ways of Islamic Tariqat, Magrifat, Sharia and Sufi world knowledge.

With the help of decoding stylistics, the essence and content of stylistic techniques in the literary text of Yassawi's «Diwani Hikmet» are revealed.

Keywords: linguistic and cultural code, linguoculturema, decoding stylistics, convergence, deceived expectation effect, cohesion, Sufism, Tarikhat, Magripat.

Ж.А. Жакыпов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

**Из опыта декодирования тюркской суфийской поэзии
(на материале текста «Диуани хикмет» Ясауи)**

Аннотация. В статье предлагаются способы декодирования произведения Ясауи «Диуани хикмет» как художественного текста. Мы считаем, что это первый эксперимент в лингвистической тюркологии, поскольку стилистика декодирования применяется только к современным художественным текстам, а не к историческим текстам. Известно, что «Диуани хикмет» Ясауи является фундаментальным образцом суфийской поэзии. В то же время по законам культууро-

логии это произведение, наряду с другими религиозными писаниями, относится к священному культурному коду. А языковая система в нём считается лингвокультурным кодом. Лингвокультура может стать опорой для анализа языково-культурного кода. Лингвокультура включает в себя от текста до отдельных его единиц. Однако для внедрения лингвокультуры в стилистику декодирования она должна служить формированию художественного текста.

Прагматичность авторской мысли связана со способностью читателя расшифровывать представленные читателю коды. На основе принципа выдвижения в «Хикметы» Ясауи выдвигаются явления конвергенции, эффекта обманутого ожидания и сцепления. Благодаря этим явлениям читатель может интерпретировать языково-культурную информацию хикметов. Однако раскрытие смысла произведения будет эффективным, если читатель имеет фоновое знание, почерпнутое из пережитого, услышанного и прочитанного, и если у него заранее имеется запас необходимых сведений. Поэтому фоновое знание играет решающую роль. Для понимания текста «Диуани Хикмет» Ясауи читателю полезно знать пути развития исламского тариката, магрифата, шариата и суфийского миропознания.

С помощью стилистики декодирования выявлены суть и содержание стилистических приемов в художественном тексте Ясауи «Диуани Хикмет».

Ключевые слова: языково-культурный код, лингвокультура, стилистика декодирования, конвергенция, эффект обманутого ожидания, сцепление, суфизм, тарикат, магрипат.

Автор туралы мәлімет:

Жақыпов Жантас Алтаевич, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев к-сі, 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-8141-55017

Information about author:

Zhakupov Zhantas, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-8141-5501.

Сведения об авторе:

Жақыпов Жантас Алтаевич, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-8141-55017



Синтаксистік синтагманың грамматикалық статусы

Н.А. Ильясова^a, *Г.А. Еркегалиева^b

^aАбай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: nagima68@mail.ru)

^bАбай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы
(E-mail: gulnafis.yerkegalieva@mail.ru)

*Байланыс үшін автор: gulnafis.yerkegalieva@mail.ru

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
синтагма,
интонация,
лексикалық
мағына,
атауыш сөз,
грамматикалық
мағына,
коммуникативті
семантика,
лексика-
грамматикалық
статус,
коммуникативті
статус,
интонациялық
статус.

XҒТАР 16.21.43

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-123-135>

Мақалада синтагма мәселесі фонетика, лексика, семантика, интонациямен байланысты зерттелгені анықталып, ғалымдардың синтагманы фонетикалық бірлік, семантикалық-интонациялық бірлік, көп компонентті синтагма, бір компонентті синтагма, лексикалық синтагматика, синтаксистік синтагматика түрінде әртүрлі жіктегені, оның ғылыми айналымда бір жүйеге түспегені көрсетіліп, синтагманың аталған салалармен байланысын айқындайтын тілдік бірлік сөйлем деп танылады. Сөйлем сөйлеу ағымына түскен сөздердің байланысуынан қалыптасатын, ал синтагма сөйлем ішінде байланысқа түскен сөздердің мәні мен мағынасын анықтайтын, ой-пікірді жеткізуге қызмет атқаратын синтаксистік категория ретінде талданады. Нәтижесінде синтаксистік синтагма термині ұсынылады. Синтаксистік синтагма тілдің құрылымдық, семантикалық, интонациялық, коммуникативтік жүйесімен тығыз байланыста жұмсалатын грамматикалық статусқа ие категорияға жатады. Сөйлем ішінде өзара байланысқан сөздер мен оларды байланыстырушы тілдік бірліктердің қызметіне талдау жасау барысында синтаксистік синтагма мен тілдің құрылымдық жүйесі арасында байланыс орнайтыны дәлелденеді. Синтаксистік синтагма құрамындағы сөздердің семантикалық жақтан үйлесім табу жолдары лексикалық мағынаның семантикалық өрісімен байланысты қарастырылады. Интонация мен синтаксистік синтагманы байланыстыруға интонациялық кідіріс пен ұласпалы интонация негіз болатыны көрсетіледі. Коммуникация мен синтагманың байланысы ақпараттық мағыналарды анықтауда көрініс табады. Әрбір синтагма белгілі бір ақпарат жеткізу қызметіне ие екені жан-жақты талданады. Нәтижесінде синтагма құрамындағы сөздердің, қосымшалардың қызметіне талдау жасалады. Синтаксистік синтагма сөйлеу ағымындағы сөздердің байланысынан туындайтын грамматикалық категория ретінде қарастырылады.

Received 21 January 2023. Revised 27 January 2023. Accepted 26 August 2023. Available online 30 September 2023.

Дәйексөз үшін:

Н.А. Ильясова, Г.А. Еркегалиева Синтаксистік синтагманың грамматикалық статусы // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №3. – 123-135 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-123-135>

For citation:

N.A. Ilyassova, G.A. Yerkegalieva Grammatical status of syntactic syntagma // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 3. – P. 123-135. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-123-135>



Кіріспе

Әрбір ғылым саласы танымды тірек ете отырып, зерттеу нысанын табиғатпен, қоғаммен, әлеуметпен байланыстыра қарастырса, ғылыми білімнің сапасы артып, жастардың жаңаша білім алуына, креативті және сыни тұрғыдан ойлана алуына, мәдени-рухани дамуына мол мүмкіндіктер жасалады. Осы өзекті мәселені зерделеуде лингвистика ғылымының алатын орны ерекше. Лингвистика – адамдардың ақыл-ойын, сөйлеген сөзін, қарым-қатынасын, мәдениетін, сонымен бірге тілдің құрылымдық жүйесін, қызметін, мәнін өн бойына жинаған іргелі ғылым саласы. Лингвистикалық зерттеудің нысанына айналған кез келген мәселені кешенді түрде зерттеу арқылы күткен нәтижеге қол жеткізуге болады. Солардың бірі – синтаксистік синтагма мәселесі. Синтаксистік синтагма сөз тіркесімен, интонациямен, коммуникативтік семантикамен, когнитивтік семантикамен өзара тығыз байланыста өмір сүретін лингвистикалық категорияға жатады. Оларды кешенді түрде зерделеу арқылы сөйлеу ағымындағы сөздердің байланысу жолдары, сөздердің семантикалық жақтан үйлесім табу жолдары, ақпаратты жеткізу жолдары анықталады.

Синтаксистік синтагманы зерттеу барысында ғылыми білімнің мәнін анықтайтын бірнеше нәтижелерге қол жеткізуге болады: біріншіден, синтаксистік синтагма арқылы когнитивті семантиканың мәні сараланады; екіншіден, заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи байланыстардың адам танымындағы бейнесі айқындалады; үшіншіден, ұғымаралық байланысуға қабілетті және қабілетті емес сөздердің жігі анықталады; төртіншіден, морфемалар ақпарат мазмұнын ашатын көрсеткіштер екені дәлелденеді; бесіншіден, сөйлеу кезіндегі мағынаны ашатын интонациялық компоненттер айқындалады.

Синтаксистік синтагмаға тән осындай кешенді белгілерден оның грамматикалық статусы анықталады. Синтаксистік синтагманы лексика-грамматикалық, коммуникативті-грамматикалық, интонациялық статусқа жеткізетін категорияларды талдап, зерделеу арқылы тілдің адаммен, табиғатпен, қоғаммен, өмірмен тығыз байланысын анықтауға болады. Бұл лингвистикалық білім мазмұнын жаңаша құруға септігін тигізеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Ғылыми мақалада жалпы ғылыми әдіснамаға тән ойлау, зерттеу, іздену, оқу, дамыту т.б. сияқты ғылыми танымдағы әмбебап әрекеттер және ғылыми тұжырымдар мен теориялардың қабылдану өлшемдерін талдау, ғылыми ойлауда қолданылатын категориялардың жүйесін зерттеу мәселелері басшылыққа алынады.

Жеке ғылыми әдіснама бойынша металингвистикалық зерттеулерге сүйеніп, оның ішінде семантикаға ерекше орын беріледі. Нақты ғылыми әдіснама бойынша теориялық және эмпирикалық зерттеудегі пәнаралық әдістер пайдаланылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Синтагма мәселесіне қатысты зерттеулерге талдау жасасақ, оның әртүрлі дәрежеге ие екенін көруге болады. Әлемдік тіл білімінде болсын, қазақ тіл білімінде болсын,

синтагма мәселесі, көбінесе, интоналогия саласында зерттеліп, кез келген тілдің интонациялық жүйесін анықтайтын категория ретінде қарастырылған. Л.В.Щерба синтагманы ойлау мен сөйлеуден тұратын бір бүтін процесте ритмикалық топ құрап, мағынаны ажырататын фонетикалық бірлік (Щерба, 1963: 86) десе, Бен Енг Сук те сөйлеу барысында ритмикалық құрылым болатынын, оның ішінде синтагма пауза арқылы ажыратылатынын айтып, оны тұтас мағына білдіретін просодикалық құрал, фонетикалық бірлік деп тұжырымдайды (Бен Енг Сук, 2000: 8). Ал В.В.Данилина да сөйлеу барысында буындардың екпінді, екпінсіз, сөйлеу темпінің жылдам және баяу, дауыс тонының жоғары және төмен, синтагманың ұзақ және қысқа болуын сөйлеу ритмімен байланыстырып, оның ішінде ең негізгі компонентке синтагманы жатқызады (Данилина, 2002: 87). Профессор З.Базарбаева сөйлеудің просодикалық құралдары синтагмада көрініс табатынын, оған семантикалық мазмұн үстейтінін айта келе, интонация, синтаксис, семантика аралығындағы күрделі қарым-қатынастарды айқындауда синтагманың атқаратын қызметі зор екеніне тоқталады. Синтагма коммуникация теориясы, сөйлеу әрекеттері, психолингвистика, прагмалингвистика салаларының белортасын иемденген категория деп таниды. Сөйлеу кезіндегі сөз ағымының семантикасын тереңнен зерттеуге мүмкіндік беретін тілдік құбылыс ретінде бағалап, мәтін, контекст, сөйлеу жағдаятын зерттеудегі өте өзекті мәселе деп таниды (Базарбаева, 2008: 170). Ғалым синтагманы семантикалық-синтаксистік, интонациялық өлшем бірлігі деп, оның әр уақытта сөз тіркесінен, сөйлем бөлшектерінен тұратынын айтады да (Базарбаева, 2008: 187), қазақ өлеңдері мен сөйлеміне тән ырғақтар арқылы синтагмалық зерттеулер жүргізеді. Бұдан синтагманың зерттелу дәрежесі тіл білімінің фонетика, интоналогия салаларымен тығыз байланысты болғанын байқауға болады. Ал синтаксис саласындағы синтагма мәселесі күні бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмаған. Сөйлем құрамына енетін сөздердің сөйлеу ағымында байланысатыны, олардың байланысынан шығатын нәтиже, семантиканың алатын орны туралы зерттеу енді ғана назарға алынып келеді. Сондықтан синтаксистік синтагма мәселесі тіл біліміндегі алғашқы зерттеулердің біріне жатады. Тіл білімінде сөз тіркесі жан-жақты зерттелгенімен, оның семантикалық ерекшеліктері, байланысу дәрежесі, семантикалық қызметі қарастырылған емес. Синтагма сөз тіркесіне тән коммуникативтік семантиканың, сөйлемге тән ақпараттық мағынаның мәнін айқындауға арқау болатын категория ретінде енді ғана зерттеу нысанына айналып келеді.

Талдау

Тіл ғылымында синтагмалық зерттеулер сан қилы тұжырымдарға толы. Фонетика саласында интонациямен, лексика саласында тіркесіммен, синтаксис саласында сөйлеумен байланысты қарастырылып, әр қырынан зерттеліп келеді. О.В.Раева мен Е.Г. Риехакайнен синтагманың интонациялық сипатына талдау жасай келе, синтагма тексті оқу барысында семантика-интонациялық жақтан бүтін жұмсалатын бірлік деп таниды (Раева, 2015: 14-20). А.А. Реформатский «синтагма» терминіне қатысты ғылыми тұжырымдар әртүрлі екенін жан-жақты талдай келе, синтагманы интонацияның термині ретінде қарастыруға келіспейтінін айтады (Реформатский, 2018: 299).

Е.В. Филатова «Сөйлемге сөздердің синтагмалық құрылым арқылы түсетінін айтып, осыған орай синтагманың белгілі бір статусқа ие екенін көрсетеді. Сөйлемде кешенді түрде ұйысып жұмсалатын сөздер көп компонентті синтагма статусына ие екенін айтады, ал кешенді түрде ұйымдаспаған, бір сөзден тұратын синтагмаларды біркомпонентті статусқа ие синтагмаға жатқызады (Филатова, 2018: 48). Ғ.Қ. Хасанов тілдің лексикалық жүйесіндегі синтагмалық қатынастар синтаксистік синтагматикамен шатастырылып жүргені туралы айта келіп: «лексикалық синтагматика мен синтаксистік синтагматиканың айырмашылықтары мен ұқсастықтары, сол сияқты семантикалық валенттілік пен синтаксистік валенттілік түрлерінің айқындалмай жатқан мәселесі өз алдына бір төбе», - дейді (Хасанов, 2012: 390).

Тілдің қай саласында болмасын синтагманың мәнін анықтауға негіз болатын басты белгі – семантика. Семантика сөйлеу мен тілдің қызметін, мазмұнын анықтайтын категория ретінде лингвистиканың барлық саласында өмір сүреді. Синтагманың табиғатын анықтайтын негізгі өлшем семантика болғандықтан, ол тілдің барлық қабатында көрініс табады. Синтаксистік синтагма тілдің грамматикалық жүйесіндегі семантикалық зерттеулердің нысанына жатады.

Синтаксистің зерттеу нысаны сөйлем екені белгілі. Оның коммуникативтік қызмет атқаратыны да баршаға мәлім. Олай болса, сөйлем әрі тілдік бірлік, әрі коммуникативтік бірлік ретінде ерекшеленеді. Бұл мәселе Ф. Оразбаеваның еңбектерінде жан-жақты талданған. Ғалым сөйлемді коммуникативтік бірлік ретінде танудың жолдарын анықтайды: біріншіден, кез келген адам басқа біреуге айтайын деген ойын түсінікті жеткізу үшін ең алдымен, мәтін емес, сөйлем құрастыруды ойлайтынын айтады; оның айтқан не жазған сөйлемі дұрыс, түсінікті болса ғана тілдесім әрекеті жүзеге асатынын дәлелдейді; бұл тілдік қатынастың басты шарты екенін көрсетеді (Оразбаева, 2009: 243). Бұл тұжырымдағы «сөйлем құрастыру» мәселесін ерекше назарға алуға болады. Осы мәселені анықтаудың бір аспектісіне синтаксистік синтагманы жатқызуға болады.

Синтаксистік синтагманың басты ерекшелігі – сөйлеу ағымындағы сөздердің байланысу, тіркесу жолдарынан қалыптасуы. Адамдар сөйлегенде ойын жеткізу үшін сөйлем құрастыратын болса, сөйлемді құрастыруға синтагма арқау болады. Дәлірек айтқанда, сөйлеу үшін, сөйлем құрастыру үшін сөздерді байланыстырады. Осы құбылыс синтаксистік синтагма деп танылады. Адамдар сөйлегенде сөздерді қалай болса солай байланыстыра салмайды, айтылатын ойға қатысты ақпаратты жеткізетін сөздерді іріктеп қолданады. Ақпарат жеткізу үшін лексикалық жақтан да, грамматикалық жақтан да семантикалық үйлесім табатын сөздерді байланыстырады. Синтаксистік синтагманың басты ерекшелігі осында.

Семантикалық үйлесімнің лексикалық аспектісі синтагма құрамындағы сөздердің мағынасы, қызметі арқылы анықталады да, грамматикалық аспектісі сөздердің грамматикалық мағынасы, сөздерді байланыстыратын амал-тәсілдер мен қосымшалар арқылы анықталады. Мысалы, жылқы, сиыр, адам, ағаш, жұқа, күлу, тамыр, әйнек, салу, кісінеу, кітап, мөңіреу, алу, ауыл, бала, ойыншық, кету т.б. сөздерін қатыстырып ойды жеткізу үшін адамдар лексика-грамматикалық жақтан үйлесім табатын сөздерді байланыстырады. Нәтижесінде жылқы кісінеді, сиыр мөңіреді, адам күлді, ағаштың тамыры, жұқа әйнек, ұя салды, кітапты алды, ауылға кетті, баланың ойыншығы, т.б. түрінде

синтаксистік синтагма қалыптасады. Синтаксистік синтагма құрамындағы сөздердің лексикалық жақтан семантикалық үйлесім табу жолдарын екіге жіктеуге болады:

1) толық лексикалық мағынаға ие атауыш сөз бен оны танып-білуге негіз болатын, сол нәрсенің сипатын, белгісін, қасиетін анықтайтын танымдық (когнитивтік) семантикаға ие сөздердің байланысуынан қалыптасатын семантикалық үйлесімділік. Оған жылқы кісінеді, сиыр мөңіреді, адам күлді, ағаштың тамыры, жұқа әйнек т.б. синтагмаларын жатқызуға болады.

2) толық лексикалық мағынаға ие, бір-біріне танымдық тұрғыда қатысы жоқ, дербес тұрған атауыш сөздердің байланысуынан қалыптасатын семантикалық үйлесімділік. Оған ұя салды, кітапты алды, ауылға кетті, баланың ойыншығы, т.б. синтагмалары жатады. Синтаксистік синтагма құрамындағы сөздердің осылайша байланысуына адам – табиғат – қоғам арасындағы қатынас арқау болады. «Тіркеске түскен түбірлердегі қоршаған орта, табиғат, социум, адам т.б туралы ақпараттар олардың лексикалық мағынасы арқылы көрініс табады» (Шаймердинова, 2022: 103).

Заттар мен құбылыстардың табиғи қатынастағы, әлеуметтік қатынастағы қызметі сөз арқылы адам танымында орнығып, олар сөйлеу ағымында өзара байланысқа түседі. Табиғи қатынастағы сөздер семантикалық жақтан бір ұғымның мәнін білдіруге қызмет атқарады. Синтагманың бұл түрі семасиологиялық мәндегі синтаксистік синтагма деп аталса, әлеуметтік қатынастың негізінде әртүрлі ұғымда жұмсалатын сөздер байланысады. Синтагманың бұл түрі атауыштық мәндегі синтаксистік синтагма деп аталады (Ильасова, 2009: 163-168). Ендеше, сөздердің семасиологиялық қызметі арқылы байланысатын синтаксистік синтагма 3 түрлі семантикалық қабаттардан тұрады деп танымыз. 1-қабаты – толық лексикалық мағынаға ие сөздердің байланысуы; 2-қабаты – синтагмаға тірек (басыңқы) сыңардың негізгі мағынада жұмсалуды (жылқы, сиыр, адам, ағаш, әйнек т.б.); 3-қабаты – бағыныңқы сыңардың когнитивті семантикада жұмсалуды. Олар заттар мен құбылыстардың арасындағы табиғи қатынастың адам санасында орнығуын көрсететін синтагмалар болғандықтан, табиғи қатынастағы синтагма қатарына жатады. Мысалы, ағашты тануға, білуге оның жапырағы, тамыры, бұтағы, өсуі т.б. сияқты өзіне тән белгілері арқау болады. Олар синтагма құрамында ағашты тануға қызмет атқаратын когнитивті семантикаға ие белгі-атаулар ретінде жұмсалады. Осындай когнитивтік семантикаға ие белгі атаулар өзара байланысып, синтаксистік синтагма құрай алмайды. Өйткені олардың арасында семантикалық үйлесім болмайды.

Сөздердің атауыштық қызметі арқылы байланысқан синтаксистік синтагма заттар мен құбылыстардың әлеуметтік қатынастағы қызметінен туындап, адам санасында орнығуынан пайда болады. Синтагма құрамындағы сөздер атауыштық мағынасы арқылы байланысып, әрқайсысы өз дербестігін сақтайды. Сондықтан олар толық лексикалық мағынаға ие дербес атаулардың лексика-грамматикалық байланысынан тұратын синтаксистік синтагма ретінде ерекшеленеді.

Синтаксистік синтагма құрамындағы сөздердің грамматикалық жақтан үйлесім табу жолдарын С. Исаев атап көрсеткен жалпы грамматикалық мағына, категориалды грамматикалық мағына, қатыстық грамматикалық мағыналардың (Исаев, 1992) үйлесім табуынан көруге болады. Олардың әрқайсысы ұғыммен (семантикамен) байланысты анықталады. Жалпы грамматикалық мағына лексикалық мағынаның

абстракциялануынан пайда болатынын ескерсек, олардың қызметі сөздердің байланысуынан да көрініс табады. Заттық ұғымды білдіретін сөздер (зат есімдер) қимылдық ұғымды білдіретін сөздермен (етістіктермен) семантикалық үйлесім табады. Мысалы: балалар ойнайды, ауылға кетті, басын көтерді т.б. Сындық, сандық ұғымды білдіретін сөздер (сын есімдер, сан есімдер) зат есімдермен семантикалық үйлесім табады (көк көйлек, тәтті алма, отыз кісі т.б.); мезгілдік, амалдық ұғымды білдіретін сөздер (үстеулер) етістіктермен (кеше келді, биікке ұшты, т.б.) семантикалық үйлесімде болады. Зат есім + етістік, сын есім + зат есім, сан есім + зат есім, үстеу + етістік типіндегі синтагманың құрамында да кез келген сөздер тіркесе бермейді. Мысалы, балалар жайылады, ауылға құлады, басын сөйледі; момын көйлек, ертең келді, тереңге ұшты т.б. түрінде айта алмаймыз. Себебі жайылу қимылы балаға тән қасиет (белгі) емес; құлау қимылы өте тез жүзеге асатын және жоғарыдан төменге қарай бағытталатындықтан ауылға сөзімен тіркесуге қабілетті емес; момын сөзі мінез-құлқы бар тірі жанға тән қасиет болғандықтан, жансыз зат атауларымен байланыса алмайды; ертең сөзі келер уақытты білдіретіндіктен, өткен шақ формасында тұрған келді сөзімен тіркесе алмайды; терең сөзі қатты (жер) немесе сұйық заттың (көл, теңіз, мұхит) бетінен бастап төменге қарайғы қашықтықтың өлшемін білдірсе, ұшты сөзі керісінше, жерден, судан бастап жоғары қашықтыққа қарай бағытталатын қимыл-әрекет. Сондықтан бұл сөздер де өзара байланыса алмайды. Синтагмаларды сөз таптарына қарай жіктеп типтік ерекшеліктерін анықтауда да семантикалық ұстаным басшылыққа алынады. Семантикалық жақтан үйлесім таппаса, кез келген зат есім + етістік, сын есім + зат есім, сан есім + зат есім, үстеу + етістік тіркесіп, синтагмалық қатынасқа түсе алмайды.

Сындық ұғымды білдіретін сөздерді (сын есімдер), сандық ұғымды білдіретін сөздерді (сан есімдер), қимылдық ұғымды білдіретін сөздерді (етістіктер), мезгілдік, амалдық ұғымды білдіретін сөздерді (үстеулер) өзара бір-бірімен байланыстырып сөйлемейміз. Мысалы, кеше, бүгін, ертең, биыл үстеулері; келдім, кеттім, жаздым т.б. етістіктері; қара жасыл, сары, көк т.б. сын есімдері, бес, он, жиырма т.б. сан есімдері бір-бірімен байланысып, синтаксистік синтагма құрай алмайды. Себебі олардың арасында семантикалық үйлесім болмайды.

- Mierkamali A., 2001. 谈中世纪克普恰克文献《库曼语汇编》(Tan Zhong Shi Ji Ke Pu Qia Ke Wen Xian «Ku Man Yu Hui Bian»). [Talk About «Codex Cumanicus» in Qipchaq Literature during the Middle Age]. Journal of Xinjiang University (Social Science Edition). Vol. 29, No. 3. P. 137-138. [in Chinese].
- Özyetgin A. M., 1996. Altın Ordu, Kırım ve Kazan sahasına ait yarlık ve bitiklerin dil ve üslup incelemesi [Linguistic and stylistic analysis of yarlık and manuscripts belonging to Altın Ordu, Crimea and Kazan]. Ankara: Türk Dil Kurumu. P. 106-107. [in Turkish].
- Räsänen M., 1969. Versuch eines etymologischen wörterbuchs der Türksprachen. [in German]
- Shaimerdinova N.G., 2022. The word formation potential of affixes in the ancient Turkic runic texts. Turkic Studies Journal. Vol.4, No.3. P. 118-127. DOI: <http://doi.org/10.32523/2644-5157-2022-3-118-127>.

Varasy I., 1977. Susun and Süsün in Middle Turkic texts, Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. Vol. 31, No. 1. P. 51-59.

Л. Кароли^а

*^аУппсала Университети, Уппсала, Швеция
(E-mail: laszlo.karoly@lingfil.uu.se)*

***Е. Мұнай^б**

*^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: erbol.munay@gmail.com)*

**Байланыс үшін автор: erbol.munay@gmail.com*

Орта ғасыр қыпшақ ескерткіші «Темір Құтлық жарлығы» тіліндегі -ĉi/-ĉi дериваттары

Аннотация. «Жарлық» Алтын Орда ханы Темір Құтлық тарапынан 1397 жылы Қырымдағы жер-гілікті патша әулетіне арналып шығарылған. Орта ғасыр ескерткіші тілін зерттеу барысында авторлар кәсіби атауларды саралап, олардың көпшілігі сөзжасам жұрнағы -ĉi/-ĉi дериваты арқылы жасалғанын анықтайды. Бастауын алтайлық тектілден, көне түркі тілінен алатын -ĉi/-ĉi дериваты – көне және қазіргі түркі тілдерінде кеңінен таралған сөзжасам жұрнағы. Бұл жұрнақтың руника, көне ұйғыр, араб графикаларымен хатқа түскен ерте және кейінгі орта ғасыр түркі жазба ескерткіштері тілінде белсенді түрде қолданылғанын зерттеліп отырған қыпшақ ескерткіші тіліндегі туынды сөздерге жасалған талдаулар да дәйектейді. -ĉi/-ĉi жұрнағы арқылы жасалған тарихи туынды сөздер «адамның затқа, іс-әрекетке» немесе белгілі бір кәсіпке қатысын сипаттайды, ескерткіші тіліндегі -ĉi/-ĉi жұрнағы да осы сөзжасамдық мағынаны сақтаған (*bitigĉi, tartnaqĉi, köprükĉi* т.б.). Мақала авторлары Алтын Орда дәуіріндегі адамның кәсіби қызметін сипаттайтын туынды сөздер корпусын анықтап, лексемалардың жасалу негіздеріне семантикалық және этимологиялық талдаулар жасайды, олардың синтагматикалық және контекстік үйлесімділігін саралай отырып, -ĉi/-ĉi дериваты арқылы жасалған туынды сөздер «Темір Құтлық жарлығы» ескерткішінің сөздік қорын толықтырады және олардың сөзжасамдық мағынасы қазіргі түркі тілдеріндегі сәйкес дериваттар мағынасымен сабақтасып жатыр деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: Алтын Орда, орта ғасыр ескерткіші, «Темір Құтлық хан жарлығы», туынды сөздер, -ĉi/-ĉi жұрнағы, семантикалық талдау, сабақтастық, түркі тілдері.

Л. Кароли^а

*^аУппсальский университет, Уппсала, Швеция
(E-mail: laszlo.karoly@lingfil.uu.se)*

***Е. Мунай^б**

*^бЕвразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан
(E-mail: erbol.munay@gmail.com)*

**Автор для корреспонденции: erbol.munay@gmail.com*

Дериваты -ĉi/-ĉi в средневековом кыпчакском памятнике «Указ Темир Кутлука»

Аннотация. «Указ» был выдан Темуру Кутлуком, ханом Золотой Орды, местной царской семье в Крыму в 1397 году. При изучении языка этого средневекового памятника авторы статьи

установили профессиональные номинативы, многие из которых образованы при помощи словообразовательного суффикса (аффикса) *-či/čī*. Дериват *-či/-čī* достаточно распространенный словообразовательный аффикс в древних и в современных тюркских языках, истоки его находятся в праалтайском и древнетюркском языках. Активно функционирует данный дериват в тюркских памятниках раннего и позднего средневековья, написанных рунической, уйгурской, арабской графиками, что подтверждается также анализом производных слов в указанном кыпчакском памятнике. Исторически производные слова с аффиксом *-či/-čī* обозначали «лицо (человека) по предмету, действию» или профессиональной деятельности, и это словообразовательное значение сохранилось в аффиксе *-či/-čī* памятника (*bitigčī, tartnaqčī, köpriükčī* и т.д.). Авторы статьи сделали семантический и этимологический анализ производящих основ лексем, выявили корпус производных слов, обозначающих профессиональную деятельность человека в эпоху Золотой Орды, рассмотрели их синтагматическую и контекстуальную сочетаемость и пришли к выводу, что производные слова с дериватами *-či/-čī* пополняют словарный фонд памятника «Указ Темир Кутлука», и их словообразовательные значения имеют преемственные связи с подобными дериватами современных тюркских языков.

Ключевые слова: Золотая Орда, памятник средневековья, «Указ Темир Кутлук хана», производные слова, аффикс *či/чы*, семантический анализ, преемственность, тюркские языки.

Information about authors:

Laszlo Karoly, Ph.D, Professor of the Department of Turkic Languages, Uppsala University, 3H Engelska parken, Thunbergsvägen, Uppsala, Sweden.

Yerbol Munai, Doctoral student, Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev street, Astana, Republic of Kazakhstan.

Авторлар туралы мәлімет:

Ласло Кароли, Ph.D, түркі тілдері кафедрасының профессоры, Уппсала университеті, Мекен жайы, Уппсала қаласы, Швеция.

Ербол Мұнай, Ph.D докторант, түркітану кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ.Сәтпаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

Сведения об авторах:

Ласло Кароли, Ph.D, профессор кафедры тюркских языков, Уппсальский университет, Английский парк, Thunbergsvägen 3H, Уппсала, Швеция.

Ербол Мунай, Ph.D докторант, кафедра тюркологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.



«Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифолингвистикалық сипаты

*Ж.М. Пансат^а, Г.Б. Мамаева^б, Е. Алкая^с

^аМ. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы

(E-mail: 94_jansaya@mail.ru). *Байланыс үшін автор: 94_jansaya@mail.ru

^бЛ.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы

(E-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru)

^сФырат университеті, Елязыг, Түркия, (E-mail: ealkaya16@gmail.com)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
колоративті
лексика, көк
Тәңірі, көк бөрі,
көк түрік, Ашина,
мифологема,
ұлттық
дүниетаным,
ғаламның
тілдік бейнесі,
дүниетаным.

XFTAP 16.21.33

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-146-160>

Мақалада түркі халықтарына ортақ таным ретінде қалыптасқан «көкТәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» ұғымдарына байланысты туындаған мифтердегі «көк» сөзінің символдық мағыналары мифолингвистикалық талдау негізінде қарастырылды. Жалпы тіл білімінде тілді адамның танымдық ойлау қабілетімен байланыстыра қарастыру өзекті мәселелердің қатарында екендігі белгілі. Тілді рухани-мәдени код ретінде антропоөзектік парадигма тұрғысынан зерттеу тілдің ашылмаған жаңа қырларын тануға мүмкіндік береді. Сөздік қорымызда ерте кезден сақталып келе жатқан колоративті лексикаға жататын «көк» сөзі тіл дамуында тек қана түстік мағынаны ғана емес, әртүрлі мағыналарды да білдіреді. Түрік танымындағы дүниенің бастауы саналатын «көк» сөзі ежелден-ақ көк Тәңірі ретінде заттық мағынаға ие болған. Көне түріктердің танымында «көк» сөзі – көк аспанның белгісі. Осыған байланысты «Тәңірі», «көк», «аспан» ұғымдарын семантикалық парадигма ретінде қарастырамыз. «Тәңірі» мен «Көк» сөздері аспан мағынасындағы мәндес сөздер. «Күлтегін» және «Білге қаған» жырларында ежелгі түріктер өздерін «көк түріктер» деп атаған. Мұндағы «көк» сөзі космогониялық аспан мағынасын білдіреді. «Көк Тәңірі», «көк түрік» ұғымдары «аспан» сөзімен байланысты болса, «көк бөрі» ұғымындағы «көк» сөзі киелі, қадірлі, қасиетті, қуатты, батыл деген сипаттық мағыналарға ие. Зерттеу жұмысында «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздеріне байланысты туындаған мифтерге талдау жасалып, ежелгі мифтердегі «көк» концептісінің семантикалық ерекшелігіне байланысты тұжырымдар айтылды.

Received 21 January 2023. Revised 05 February 2023. Accepted 29 August 2023. Available online 30 September 2023.

Дәйексөз үшін:

Ж.М. Пансат, Г.Б. Мамаева, Е. Алкая «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» сөздерінің мифолингвистикалық сипаты // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №3. – 146-160 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-146-160>

For citation:

Zh.M. Pansat, G.B. Mamayeva, E. Alkaya Mythological characteristics of the words «Kök Tengri», «Kök buri», «Kök turk» // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 3. – P. 146-160. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-146-160>



Кіріспе

Түр-түс атаулары – әрбір халықтың тарихынан, мәдени өмірінен, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінен, жалпы дүниетанымынан мол ақпарат беретін күрделі категория. Адамзат үшін түр-түстер айналасындағы құбылыстарды тану мен түсінудің құралы ретінде қолданылады. Дүниенің тілдік бейнесін ашуда түр-түсті өмірдің эстетикалық, моральдық және этномәдени сипаттарын танудың негізі ретінде қарастыруымызға болады. Әр халық өзінің дүниетанымы мен болмысы, ұлттық-мәдени өмірі мен әлеуметтік тыныс-тіршілігіне байланысты түр-түстерді әртүрлі сипатта қабылдайды. Түр-түс атауларының шығу төркінін зерттеу, олардың лексика-семантикалық сипатын ашу – ғалымдардың назарына ілінген мәселелердің бірі. Колоративті лексиканың пайда болуы, олардың сындық, заттық, сипаттық, символдық мағыналарының туындау себептері мен танымдық болмысы жайлы мәселе қашан да өзекті болып келеді.

Түр-түс атауларының мифолингвистикалық сипаты басым. Түр-түстермен байланысты мифтердің туындауынан әр халықтың түсті символикалық ұғым ретінде қабылдап, оларға терең мән бергендігін байқаймыз. «Көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» тіркестеріндегі «көк» сөзі түс қана емес, терең символикалық мәнге ие. Бұл тіркестердегі «көк» сөзі киелі, қадірлі, қасиетті, құдіретті, күшті, мықты деген ұғымды береді.

«Көк» концептісінің толық семантикалық табиғаты мен мәнін түсіну үшін оны тек түстік мағынада қарастыруымызға болмайды. «Көк» сөзі өмір, бастау, жаңару, бақыт, туыстық қарым-қатынас, уақыт, аспан ұғымымен астасып жататын биіктік сияқты бірқатар мағыналарды да береді. Жалпы түркі халықтарының лингвомәдениетінде «көк» концептісі табиғатпен тығыз байланыста пайда болған. Қазақ халқында *көк аспан, көк мұнар, көктен тілеу, көкжиек, көгал, көктеу, көк шықты, жер көгерді, көктем, көк тіреу, көк тұман, көк шай, көкөніс, көк алма*, т.б. ұғымдар тікелей көк сөзімен байланысты туындаған. Түркілердің табиғатпен біте қайнасып өмір сүргені белгілі. Сол себепті де аспан әлемінің құпия-сырларына үңіле келе, «көк» сөзінің символдық мағынасының тууы заңды. Көне түркілер танымында «көк» сөзінің семантикалық аспектісі өте кең. «Көк Тәңірі», «көк аспан», «көк түрік», «көк бөрі» сөздеріндегі «көк» сөзі ортақ «қасиетті» деген сөзді жеткізіп, көне түрік әлемінде пайда болған мифтік ұғымдармен тамырласып жатады (Tazegul, Nakhanova, 2020: 60). Түркі халықтары үшін «көк» концептісі жоғары әлемді білдіретін символдық мағынаға ие.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақалада түркі халықтарына ортақ «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» ұғымдарына байланысты туындаған мифтер мен Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен мысалдар алынды. Түркілер танымында көк линвокультеремасы ерекше орын алады. Аталған жұмыс материалдары сипаттамалық, семантикалық, салыстырмалы-тарихи тұрғыдан зерттеліп, мифолингвистикалық, этнолингвистикалық талдаулар жасалды. Семантикалық спектры ауқымды «көк» сөзінің заттық және символдық мағыналары мифолингвистикалық талдау негізінде ашылды. Мақалада мәліметтерді жалпылау, сараптау, жүйелеу, сипаттау секілді жалпы ғылыми әдістер қолданылды.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Көне түркі таным-түсінігінде «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» концептісі көне түркі мифологиясы мен Орхон жазбаларынан бастау алып, белгілі әдебиеттанушы, фольклортанушы, лингвист ғалымдардың еңбектерінде зерттеу нысанына айналған. Бөрі мен түріктердің пайда болу тарихы түрколог ғалымдардың ғылыми еңбектерінде қарастырылған. «Түркі» сөзінің мифонимиялық бейнесін А.Н. Бернштам (1935), А.Н. Кононов (1948), Н.А. Баскаков (1955), Г. Дёрфер (1965), В.В. Бартольд (1966), Л.Н. Гумилев (1967), Н.Я. Бичурин (1977), С.Г. Кляшторный (1986) және т.б. ғалымдар зерттей отырып, тұжырым жасаған. Көк Тәңірі жайлы Орхон-Енисей жазбаларындағы «Күлтегін» жырын М. Жолдасбеков, ал «бөрі» мен «түркі» сөздерінің танымдық ерекшеліктері Ш. Уәлихановтан бастап Ә. Марғұлан, С. Қасқабасов, Б. Абылқасымов, Т. Жұртбай, Қ. Сартқожаұлы, Б. Сарбасов, О. Жанайдаровтың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Талдау

Әр ұлт үшін түр-түс атауларының өзіндік танымдық қызметі бар. Түркілер үшін түстердің, соның ішінде әсіресе көк түстің ерекше сипатқа ие болғандығы белгілі. Ежелгі ғұндар дүниені төрт бұрыш деп түсініп, әр бұрышқа өзіндік символдық реңк-түс берген. Ғұндардың ұғымы бойынша солтүстік – қара, оңтүстік – қызыл, батыс – ақ, ал шығыс – көк түспен бейнеленген. «Көк» – аспан тәңіріне табынудан келіп шыққан киелі ұғым. Түркілер танымындағы көк түс – «мәңгілік көк аспанмен», «Тәңірімен» астасып жатқан ұғым. Еліміздің туының түсі ашық аспан түсімен түстес болуы да қазақ үшін көк түстің ерекше қасиетке ие екендігінде деп түсінуге болады.

Символдық ұғымдардың пайда болуының мифологияға ұласатын терең тарихы бар. Түр-түс символының пайда болуы да мифтік ойлаудың әсерінен туындап, тілде көрініс тауып отырған. Символ ретінде «көк» сөзі әртүрлі семантикалық мәнде көрініс табады. Көк түс ашық аспанның, мәңгіліктің, бейбітшіліктің, адалдықтың, тұрақтылықтың, байлық пен бақыттың да символы ретінде қабылданады. Түріктер үшін «көк» сөзінің тілдік таңба ретіндегі мағынасы ашық аспан тәріздес түс. «Көк» сөзі – аспан, аспан әлемін жайлайтын көк Тәңірдің белгісі ретінде тәңірлік сипатқа ие. Ә. Марғұлан «Ежелгі жыр, аңыздар» атты еңбегінде көк түс көкке табынудың, аспанның символы екендігін атап өтеді. «Ерте замандағы «бөрі құс», «маңғыт» бергі кезде «ит құс», «көктің құсы» деген мағынадан туған», – дейді (Марғұлан, 1985: 364). Қазақ үшін көк – ең таза, қасиетті, киелі түс. Оның басты себебі – түркілер үшін өзіндік орны бар көк түстің «Тәңір мекені» ұғымымен байланысты болып келуінде.

Көне түркі халқы өздерін «көк бөрі емген, көк Тәңірге сенген түрікпіз» деп атайды. Түркілер Тәңірді аспандағы жалғыз жаратушы Құдай деп білген, оған табынған. Ал көк бөріні өздерінің ата-тектері деп санаған. Қоршаған ортамен, табиғатпен тығыз бірлікте өмір сүрген ежелгі түркілер танымының бастауы табиғатпен байланысты қалыптасқан. Олар табиғатты жаратушы Тәңірі деп түсініп, табиғат құбылыстарын Тәңірінің

жаратылысындағы тамаша туынды деп түсінген. Осыған байланысты, түркілердің көптеген салт-дәстүрлері табиғат құбылыстарымен біте қайнасып жатады. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері «Тәңірдей Тәңірден жаралған» деп басталуы заңды құбылыс.

Әкем Елгеріс қағанды,
Шешем Елбілге қатынды
Тәңірі төбесіне ұстап
Жоғары көтерген екен

Әкем қағанға он жеті ер етіпті, – деген сөздерден көне түркі халықтарының қағанды Тәңірі жоғары көтерген деген сенімін байқай аламыз (Жолдасбеков, 2012: 51).

Ш. Уәлиханов 1855 жылы Батыс Сібір генерал-губернаторымен бірге Семейден Аягөз, Қапал арқылы Алматыға дейін сапар шегіп қайтады. Осы сапарында қазақ, қырғыз халықтарының тарихы, ауыз әдебиеті, этнографиясына қатысты деректер жинайды. Осы жинаған деректерінің негізінде Шоқан Уәлиханов «Тәңірі (құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбектер жазады. Ш. Уәлихановтың «Тәңірі (құдай)» деп аталатын еңбегі қызықты материалдарға толы. «Қазақтардағы ислам дінімен араласқан тәңіршілдік, ұрпақсыз құпия тіршіліктер: жын, пері, шайтандар болады-мыс деген ұғымға жол береді», (Уәлиханов, 2013: 81) – деп қазақ халқының ежелгі наным-сенімдерінің, олардың тарихы мен мән-мағынасын жан-жақты ашқан. Ғалымның айтуынша, ислам дінін қабылдаған түркілердің күнделікті өмірінде шамандық ұғымдар әлі күнге дейін орын алып жататынын атап көрсетеді. Халық арасында «Тәңірі» сөзі жиі қолданылып, отпен аластау сияқты ұғымдар бүгінгі күнге дейін орын алып келе жатыр.

Абай Құнанбайұлы, Мағжан Жұмабайұлы сынды ұлы ақындарымыздың өлеңдерінен де «Тәңірі» сөзін кездестіреміз. Абай өлеңдерінде *Құдай*, *Алла*, *Тәңірі* сөздері жиі қолданыс тапқан. Ақынның «Тәңірі қосқан жар едің сен...», – деп басталатын «Татьяна сөзі» атты шығармасында «Тәңірі» сөзін қолданады (Құнанбайұлы, 2020: 127). Ақын Мағжан Жұмабайұлы да өз туындыларында «Тәңірі» сөзін жиі қолданып отырған. «Зор Тәңірі, күштісің сен, сенеміз біз, Әділ деп, әр ісіңе көнеміз біз...», – деп жыр жырлауы тәңіршілдік ұғымдардың қазақ үшін маңызды танымдардың бірі екендігінің айғағы (Жұмабаев, 1995: 87).

Миф – тіл дамуының бірден-бір көрінісі. Миф дегеніміз – адамзаттың тұрмыс-тіршілігінен, өмір сүру салтынан, ішкі көңіл-күйінен, жалпы таным-түсінігінен туындаған ойлау жүйесі. Қалыптасқан мифтер – әрбір ұлттың этностық болмысын танытатын тілдік деректер. Тіл дамуында мифтік сюжеттердің алатын орны ерекше. Тіл білімінде тілдің танымдық тегін зерттеуге ерекше мән берілді. Осыған орай, тіл мен танымның, тіл мен ойлаудың, тіл мен мәдениеттің ең көне формасының бірі мифтік танымды зерттеудің қажеттілігі туындауы заңды құбылыс. Мифология – адамзат пайда болғаннан бергі рухани мәдениеттің ең көне формасы. Қоғам дамуының бастапқы кезеңдерінде қоғамдық сананың формасы ретінде пайда болған мифтер барлық халықтарда бар. Табиғаттың сырларына терең үңілуінен туындаған мифтер әлем мен адамзат қалай пайда болды деген сұрақтардан туындайды. Табиғат құбылыстарын терең танып білмеген адамзат белгісіз дүниені түсінуге тырысқан. Әлемді жаратушы Тәңірі деп түсініп, оны құдіретті күш иесіне, құпия ғаламат күшке балаған. Тәңірге табынушылық осыдан бастау алады.

Мифологиялық лингвистика тіл табиғатын, сөз мағынасын, сөздің мифтік болмысын, тіл онтологиясын зерттеуге мүмкіндік береді. Яғни, тіл білімінің мағыналық болмысы мен мифологиялық ұстанымдарын, сөз мағыналарының аспектілерін әр түрлі қырынан ғылыми негіздейді. Ғаламның тілдегі бейнесін жан-жақты қарастыруда мифологиялық шығармалардағы мифологемаларды қарастыру өзекті. Мифологемалар – әлем халықтарының мәдениетінде кең тараған мифологиялық сюжеттер, көріністер мен образдар жүйесі. Көне түрік мифологиясына үңілетін болсақ, «көк Тәңірі», «көк аспан», «көк бөрі» мифологемалары – басқа тілдік бірліктер сияқты танымдық модель қалыптастырушы нысандар. Тіл тарихын зерттеуде ауыз әдебиеті үлгілерінің негіз болуы заңды құбылыс. Мифологемаларды танымдық тұрғыда зерттеген ғалым Р.М. Ускенбаева «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» атты еңбегінде мифологиялық шығармалардың тілін зерттеудің когнитивтік моделін ұсына отырып, миф – халық мәдениетінің бастауы, ақиқат болмысты бейнелі түсіндірудің ең алғашқы формасы деген тұжырым жасайды (Ускенбаева, 2016: 80)¹. Түркі танымындағы мифтер сол кезеңдегі халықтың дүниені тануынан, қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды түсінуге тырысқан ой-танымдарынан туындап отырған. Осыған орай, мифтік танымға сәйкес мифологемалар қалыптасып отырған. Р. Авакова: «Мифологемалар – ерте кездегі халықтың әдет-ғұрпына, салт-санасына, көне дәуірдің наным-сенімдерінде пайда болған, тілді жасаушы халықтың белгілі дәуірдегі ой-санасының, жан-дүниесінің көрінісі болып табылатын эмоционалдық және экспрессивтік мәнге ие тілдік қордың құрамдас бөлігі», – дейді (Авакова, 2012: 204).

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – көне түрік мифологиясын жаңа көзқараста қарауда құнды дерек. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – тек әдеби-мәдени, рухани құндылықтарымыз ғана емес, байырғы түркілердің өмір салтынан сыр шертетін шығарма. Сол замандағы түркілердің таным-түсінігін терең танытатын бұл шығарма олардың мемлекеттік құрылымын, салт-дәстүрін, әлеуметтік тыныс-тіршілігін, менталды ерекшеліктерін, ұлттық рухын білдіретін ұлы туынды. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – лингвистикалық, этнографиялық, археологиялық зерттеулер жасауға жол ашатын құнды мұра. Көне әдеби жәдігер арқылы көк түріктердің әлем және адам туралы діни-мифологиялық және философиялық танымын анықтауға болады. Түркілер танымында адамның жарық дүниеге келуінен өмірден кетуіне дейінгі ғұмырының жалғыз иесі ретінде тілдік көріністерінің құрылымдарында «Тәңірі-Адам», «Тәңірі-Өмір», «Тәңірі-Өлім», «Тәңірі-Ата (қаған)-Құт» мифологемалары өмір сүреді. «Тәңірі» – көктегі (яғни жоғарыдағы) су болса, «теңіз» – жердегі (яғни төмендегі) су. Басқаша айтқанда, аспанның өзі әуелде су деп түсінілген, оның «көк», «тәңірі» болып аталуы содан. Ал жердегі су да түсі жағынан аспан, яғни тәңірі сияқты көк болғандықтан теңіз деп аталған», – деп Тәңірі мен теңіздің ара жігін ажыратып береді (Қасқабасов, 2009: 136).

«Әрбір дәуірде өмірге қажет болған ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тіл фактілері арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» (Қайдаров, 1988: 34). Ежелгі түркі жұртының дәстүрлі тілдік санасында «көк бөрі» атауы мифтік танымның негізінде

¹ Ускенбаева Р.М., 2016. «Қазақ тіліндегі мифологемалардың этномәдени-танымдық аспектісі (мифологиялық шығармалар негізінде)» филос.ғыл.док. ...дис. Алматы. 149 б.

туындаған. Белгілі түрколог Н.А. Баскаков «Орыс-алтай сөздігінде» «волк – бөрі, волк в овечьей шкуре – қой терезин кийген бору», – деген анықтама береді (Баскаков, 1964: 65). «Абай тілі» сөздігінде «бөрі» сөзіне «ит тұқымдас жыртқыш аң, қасқыр. Күшік ит бөрі алар ма жабылса да, Тәңірі сақтар табандап тап ұрса да, Арсыз адам арсаңдап, арсылдайды, Әр жерде-ақ керегеге таңылса да» – деп, сөз қолданыстары мысалға келтіріледі (Абай тілі сөздігі, 1968: 65). «Бөрі» сөзіне көк түсінің жалғануын былайша түсіндіруге болады. Қасқыр моңғолша – шино, чинно, ал түріктер «бөрі», «көк құрт» дейді. Көк дегеніміз – көк түс, көк аспан. Яғни көк бөрі түріктердің тайпасын ажалдан аман алып қалған, көк аспандағы көк Тәңірінің өзі жіберген ерекше киелі аң.

Жалпы, түркі тектес халықтар танымында «көк» сөзі қасқыр, бөрі лексемасымен ассоциацияланады. «Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты» атты еңбекте: «Бөрі (қасқыр) – түрік халықтарының тарихи жадындағы киелі ұғым, қасқырдың жағымды атауы. Аңыз бойынша, бөрілер түріктердің ұрпағын құтқарып қалған. Бөрі құтқарушы тотем ретінде «Оғыз-наме» жырында, «Ергенекон» дастанында, «Ақ қасқыр» атты қазақ ертегісінде көп кездеседі. Өйткені қасқырдың ортасында қалған бабамыз бөрінің сүтін еміп, күшіктерімен ойнап күн көрген. Бұдан ата-бабаларымыздың мифологиялық санасында құдіреттің деңгейіне дейін көтерілген киелі жануар екендігін байқаймыз. Мұны тіліміздегі «иттің иесі болса, бөрінің тәңірі бар» деген тілдік бірлік айқындай түседі», – деген тұжырым жасалған (Ордабекова, Күркебаев, 2018: 155).

Ерте заманда түркі тайпалары қасқырды «көк бөрі» деп қасиет тұтқан. Оның себебі, түркілер қасқырды ата тегі деп қадірлеп, оның қасиетін көк аспанмен теңестірген. Көк аспанды Тәңірі деп ұғынған түркілер көк бөріге де табынып отырған. Осыған байланысты «көк бөріге» қатысты аңыздар туындап, түркі мифологиясында қасиетті ұғымдардың біріне айналған. Көк бөріге байланысты аңыз-әңгімелер ежелгі үйсін, моңғол, түрік мифологиясында кездеседі.

Қытай тіліндегі жылнамаларда көк бөрі жайлы аңыздар сақталып қалған. Мифологиялық сипаттағы бұл аңызды тек тарихи фактінің аңызға айналған нұсқасы ретінде алғаш рет Л.Н. Гумилев қарастырды. Оның пікірі бойынша, Ашина – моңғолдар, олар 500 үй болып Алтайға келіп, жергілікті түркі тілді жұртпен араласқа түскен, ал олардың бір кездері жаудан қашып, Алтай тауларына келіп қоныстанғаны аңыз боп тараған (Гумилев, 1967: 155).

Аңыз бойынша түркілердің ата-тегі – бөрі. «Ашина әулетінің шығуы туралы аңыз» мифінде жаугершілік заманда жау тұтас бір халықты қырып кетеді. Жаудан жараланып, он жасар бала ғана тірі қалады. Сол баланың жаны қиналып жатқан жерінен қаншық қасқыр асырап алып, қамқорлық жасайды. Бала есейгенше сол қасқырмен бірге тұрған деседі. Уақыт өте келе жаулар бала жігітті тауып алып өлтіреді екен. Ал жігіттен ұрпақ қалған буаз қасқыр Гаочан тауының терістігіндегі бір үңгірге барып жасырыныпты. Буаз қасқыр осы үңгірде 10 бала босанады. Он ұл есейіп, үйленіп, көбейіп үлкен елге айналады. Дүниеге келген он ұлдың кішісінің аты Ашина болған екен. Өзінің ерекше қасиетімен көзге түскен Ашина есімімен осы халықтың аты аталып кетіпті. Он ұлдан тараған ұрпақ уақыт өте үңгірге сыймай, Алтайды қоныс еткен көрінеді. Аңыз бойынша Ашина өзінің ақыл-парасатымен, батылдығымен, қайсарлығымен ерекшеленіп, өз руына әділ басшы болған. Темір өндірумен айналысатын бұл ру өз ата-

бабасын, шыққан тегін ұмытпау мақсатында байрағына қасқырдың басын бейнелеп салып қояды екен. «Қытай жазбаларында Көкбөрі қасқырға үйленіпті-мыс деген дерек келтіріледі. Бұл, әрине, аңыз емес, кемсіту. Себебі сол кездегі императорлар тарихшыларға өздерінен басқа халықтың барлығын кемсітіп, келемеждеп жазуға бұйрық берген. Көшпелілердің «хүн» – «жабайы» деген атпен тарихта қалуына себепкер болған да сол менмендіктің кесірі. Тек XVIII-XIX ғасырларда ғана қытай ғұламалары: «Өзге халықты кемсітуіміз ұят. Сауатсыздық», – деп көне шежірелердегі қателерді түзетуге кіріскен. Бірақ «үлгермеді», – деп тұжырымдап көк бөрі туралы аңыздың нұсқасын ұсынады (Жұртбай, 2016: URL).

Көк бөрінің бейнесі «Оғыз-наме» жырында да кездеседі. «Оғыз-наме» жырында көк бөрі Оғыз қағанның әскерін басқарған. Осы жырда көк бөрі Оғыз қағанға жол сілтеп, ақыл берген деген деректер айтылады. «Оғыз қаған жайлы миф» бойынша Тәңірге жалбарынған Оғыз қағанға аспаннан көк түседі. «Оғыз-наме» жырында батыр ұйықтап жатқанда шатырына көктен нұр сәулесі түсіп, сәуле ішінен көкжал қасқыр шығады. Көктен түскен бөрі Оғызға жол көрсетіп, Оғыз оның артынан ереді. «Оғыз-намедегі қасқыр бейнесі «көк түкті, көк жалды» бір еркек ретінде суреттеледі. Бұл қасқырдың түсін ғана сипаттайтын сөз тіркесі емес; Көк Бөрі, Көк Аспан, Көк Тәңірі, Көк Түрік деген ұғымдармен тамырлас, терең символикалық мән-маңызға ие, байырғы түріктердің танымдық көзқарасымен, тәңірлік дінмен тығыз байланыста туған образ», – деп түсіндіреді (Сарбасов, 2010: 15)².

Жалпы түріктер ұғымында көк бөрі – киелі аң, жебеуші рух, күнәдан таза бейне, Тәңірдің шапағаты тиген құдіретті, дала заңына бағынатын қайсар, төзімді, адалдықтың символы, түркі халықтарының ата-бабасы. Қазақ халқында да көк бөріні құрметтеу дәстүрі бар. Көк бөрі батылдық пен батырлықтың, биіктіктің символы ретінде бейнеленеді. Түрік қағанаты кезінде түркі сарбаздарының байрақтарына да көк бөрінің бейнесі бейнелетін болған. Бөрі бейнесі күллі түрік халықтары үшін ерлік пен қайсарлықтың, еркіндік пен батыллықтың символы ретінде қабылданған. Халық танымындағы бөрі ұғымы – ежелгі түріктердің танымымен, наным-сенімімен, жалпы рухани болмыс-бітімімен тығыз байланысты тотемдік ұғым. Әдебиет тарихына көз жүгіртсек, бөрі бейнесін әр кезең әдебиетінен байқаймыз. Ежелгі дәуір әдебиетінен бастау алатын көк бөріге байланысты мифтер әдебиеттің әр кезеңіндегі шығармаларда кездеседі. Көк бөріні қасиетті санап, оны тотемдік ұғым ретінде қабылдау қазақ қоғамы арасында осы күнге дейін сақталып келеді.

Ашина тайпасының шығу тарихына байланысты миф шамамен VI ғасырдың орта шенінде қытай жазбалаларында көрініс тапқан. Ұлы Түрік қағанатын құрған көк түріктердің ата тегінің шығу тарихын, олардың қалыптасуы туралы туындаған түрлі аңыздар негізінде жырланған «Көк бөрі» дастанының тарихи-мәдени құндылығы жоғары. «Көк бөрі» дастанының толық нұсқасы түгел сақталмаған. Бізге Қытай көне жазбаларындағы шағын прозалық үзінділер жеткен. «Көк бөрі» дастаны – біздің заманымызға дейінгі кезеңде өмір сүрген, бертін келе этностық тұрғыдан түрік тектес халықтарды қалыптастырған Батыс ғұн тайпалары тарихынан көп мәлімет беретін, түрлі аңыз-хикаяларға негізделген эпостық туынды. «Көк бөрі» дастанындағы аңыздар көне дәуірдің тарихи шындығынан алыс емес. Өйткені түріктердің көне тарихын

² Сарбасов Б.С., 2010. «Оғыз-наме» – кітаби эпос ескерткіші. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы. 31 б.

зерттеуші ғалымдардың барлығы дерлік осы «Көк бөрі» дастанында айтылатын ғұндар тайпасына енетін Ашина руы жайындағы аңыздарға назар аударады. Кейде тіпті осы аңыздар мен тарихи шындықтың арасын ажыратып алу қиынға соғады.

«Орхон-Енисей» жазба ескерткіштерінде де «Тәңірі», «көк», «бөрі» сөздері жиі кездеседі. Себебі бұл лексемалар түркі халқы үшін ежелден қасиетті ұғымдар болған.

Шетте жортып жүр дегенді естіп,
Қаладағылар тауға өрлепті,
Таудағылар төмен түсіпті
Жиылып жетпіс ер бопты.
Тәңірі қуат берген соң
Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,
Жаулары қойдай бопты,
Ілгері-кейін аттанып, жинапты,
көтеріпті, – деп әскер күшін бөріге теңейді (Жолдасбеков, 2012: 51).

Құнды тарихи, мәдени, саяси деректерді өне бойына жинаған көне түркі мифологиясының бірі – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – қағандар әулетінің эпитафиялары, көне түріктердің мемлекеттік құрылымын, көне түрік тайпаларының жоғары тіл мәдениеті мен танымын көрсететін көлемді әдеби мұра. Күллі түрік әлемінің әдеби-тарихи жәдігері Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен археологиялық, этнографиялық, лингвистикалық деректерді, сонымен қатар көне түріктердің әлемнің жаратылуы туралы философиялық түсінік пайымын, әлем және адам туралы діни мифологиялық танымын анық байқаймыз.

Көк бөрі бейнесі халық ауыз әдебиетінде жиі бейнеленген. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында:

Мінді батыр еріне,
Іздеген жауға көріне,
Келген қалмақ жолықты
Тарғын деген бөріге.
Ай бетінен кіреді,
Күн бетінен шығады.
Қойға кірді бір бөрі
Бөріктіре қырады,

Талай қалмақ құлады, – деп батырдың ерлік істерін суреттеген (Қазақ эпостары, 2007: 161-162).

XIX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілі Сүйінбай ақын «Бөрілі менің байрағым» атты өлеңінде:

Бөрілі байрақ астында –
Бөгеліп көрген жан емен!
Бөрідей жортып кеткенде,
Бөлініп қалған жан емен!
Бөрілі найза ұстаса,
Түйремей кеткен жан емен!
Бөрілі байрақ құласа,

Күйремей кеткен жан емен! (Аронұлы, 2013) – деп, қазақ халқының батыл, ержүрек екендігін көрсетіп, жігіттерді көк бөріге теңейді.

Көк бөрі бейнесін ауыз әдебиеті үлгілерінен, көне түрік жазба ескерткіштерінен де кездестіре аламыз. Түрік халықтарына ортақ XIII-XV ғасырларда жазылған «Оғыз-нама» дастанында кездесетін «ұранымыз көк бөрі болсын» деген тіркестің маңызы өте зор. Көне түріктерде көк бөрі байрақтарында бейнеленіп, жауынгерлеріне рух беретін ұран ретінде де айтылған. Көк бөрі бейнесі Қорқыт ата кітабында да кездеседі. Қазақ халық ауыз әдебиетінде «бөрі» бейнесі, оған қатысты мифтік ұғымдар жиі ұшырасады.

Көне түріктердің діни танымдары тотемдік ұғымдардан бастау алып, шамандық және тәңіршілдік сенімдермен жалғасын тауып бірнеше кезеңдерді бастан өткізген. Көне түріктер өздерін «көк түріктенбіз» деп, көк Тәңіріне сеніп, көк бөрінің ұрпағымыз деп таныған. Көк аспанды шексіздік, ұлы күш деп танып, құдіретті деген ұғыммен астастыра атап отырған. «Көк» ұғымы түрік тілінде аспан түсімен аспан ұғымымен тікелей байланысты туындаған. Көк түріктер өздерін «Құдай қалауындағы мемлекет» деп атаған. Сақталып қалған руникалық жазба ескерткіштерде Тәңірінің қалауымен Түрік мемлекетінің құрылғандығы туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Көне түріктердің тілдік түсінігінде «көк Тәңірі», «көк аспан», «көк бөрі» ұғымдары түрік әлемінде әртүрлі мифтерді тудырған.

Әлемдік мәдениеттанушылар көшпелі өмірдің соңғы сарқыншақтары қазақ өмірімен тікелей байланысты екендігін айтады. «Қазақта айқын, «мөлдір сипатты» мифология жоқ. Ол ауыз әдебиеті мұраларының – жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре-аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал-мәтелдің, фразеологизм мен діни әфсаналардың астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр», – деп көрсетуінде үлкен мән жатыр (Қондыбай, 2008: 38).

Көк – аспан, аспан әлемі. Көне түрік халқының діни көзқарастарының негізі тәңіршілдікте жатыр. Тәңірлік көне түріктердің табиғатқа табынуынан, табиғатты жаратушы деп тануынан туындаған түсінік. Көне түрік халқының танымында әлем мен адамды жаратушы табиғат, яғни «Тәңірі» болып саналған. Көк түріктердің таным-түсінігі бойынша көк Тәңірі әлемді жаратушы жалғыз жаратушы иесі, ол көзге көрінбейтін құдіретті күш иесі. О. Жанайдаровтың ерте замандарда Орта Азияны мекендеген көшпелі халықтардың мифологиясы мен дініне арналған «Ежелгі Қазақстан мифтері» атты кітабында «Тәңірдің жаралуы туралы миф», «Тәңірі – ең жоғарғы Құдай», «Тәңірдің ұлдары», «Ата-бабаларымыз неге Көк Тәңіріне табынған?» атты мифтер бар (Жанайдаров, 2006: 250). Еңбекте кездесетін «Ата-бабаларымыз неге Көк Тәңіріне табынған?» мифінде: «Көне халықтар Көкті Тәңірдің көрінісі ретінде және оның мекен-тұрағы деп қабылдады», – деген тұжырым айтқан. Расында, ежелгі түріктер Көкке (Тәңірі) және Жерге (жер-суға) сыйыну арқылы Тәңірін жаратушы ретінде, ал жерді тіршіліктің көзі ретінде қабылдаған. Осыған байланысты көне түркі халқы Тәңірі жаратқан табиғи құбылыстардың әрбір жаратылысына ерекше көңіл қойып, оларға зор сүйіспеншілікпен және үлкен құрметпен қарауды үйренген. Исламға дейін түркілердің рухани танымында тәңірлік сенім және шамандық ұғым ерекше орын алғаны белгілі. Көне түріктер «көк Тәңірі» жаратқан табиғаттың тылсым құпияларының сырларын ашуда неше түрлі мифтерді тудырған. Көне түріктердің ұғымында түріктерге күш-қуат беруші де, оларды үнемі жарылқаушы да – көк Тәңірі. «Тәңірі қуат берген соң, Әкем қағанның әскері, бөрідей болыпты...» (Жолдасбеков,

2012: 51). Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде түрік халқының бірлігі, атақ-даңқының асқақ болуы тікелей Тәңірдің қалауымен болып отырған деген ұғым-түсінік бар. Қағанның ел басқаруы да Тәңірдің қалауымен деп ұғынған түріктер түсінігін Орхон-Енисей жырларынан көреміз.

Әкем қағанды,
Шешем қатынды
Көтерген Тәңірі,
Ел берген Тәңірі,
Түрік халқының атақ-даңқы
Өшпесін деп,

Мені қаған етіп отырғызған еді (Жолдасбеков, 2012: 54).

Жалпы «көк түріктер» сөзі «таза қанды», «Тәңірі тектес», «ешкімге бағынбайтын түріктер» деп аталуы заңды құбылыс. Көк түріктер өздерін Тәңірі қолдаған халық ретінде санаған. «Жұт жайлаған жылдары түрік халқын көк пен жер су сақтап қалған, өздерін көк тектестер, және көкте туғандар деп атаған» (Сәнік, 2016: 349). Оның дәлелі ретінде Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін атаймыз. «Күлтегін», «Білге қаған» ескерткіштерінде өз халқын «көк түрік» деп атағандығын байқаймыз. Қалай десек те, «көк түріктер» әлемнің төрт бұрышын жайлаған еркін халық болған. Рухы биік, арманы аспанмен астасқан халық үшін «көк» сөзінің мағынасы кең ұғымды білдіреді. «Көк» сөзі халық танымында пайда болған топонимдерде, антропонимдерде, жалпы тілдік қолданысы жиі. Түр-түс атаулары жер-су және ру-тайпа аттарында да кездеседі. Түр-түс атауларының символикалық мәні, олардың қолданыс ауқымы және өмір салтындағы алатын орны мен атқаратын қызметі орасан зор.

Дәстүрлі түркі танымындағы Тәңірі түсінігі мен оның сипатын анықтау түркілердің мінез-құлқы мен психологиясын танудың бастау бұлағы іспетті. Көк Тәңірін ұлықтап жүретін көне түркі – өр мінезді, төзімді, әділ, жауынгер. Мифологиялық ұғым бойынша көне түркілер өздерін «аспаннан шыққан немесе аспан түріктері» деп өзіндік жасампаздық болмыстарын қалыптастырған. Рухы биік көк түріктер қаншама қиын қыстау кезеңдерді бастарынан кешірсе де асқақ рухтың арқасында әлемде өзіндік орнын сақтап келеді.

Нәтижелер

Ежелгі түрік әлемінің еншісіндегі «көк Тәңірі», «көк бөрі», «көк түрік» ұғымдарына байланысты туындаған мифтерге талдау жасалды. «Көк» лексемасының мифтік таным-түсінік негізінде мағыналары ашылды. «Көк» сөзінің шығу тегі мен семантикасы түрік халықтарына ортақ тілдік деректердің негізінде айқындалды. Көшпенділер дүниетанымы бойынша «көк» сөзі «Тәңірі, аспан» ұғымының лексикалық мағынасымен бір екендігі мифолингвистикалық талдау негізінде қарастырылды. Мифтік танымдағы «көк» аспанға қатысты туындап, тәңірлік сипат алған. «Тәңірі» сөзі мен «көк» сөзі аспан мағынасын беріп тұрған мәндес сөздер. Олай болса, «Тәңірі», «көк», «аспан» ұғымдарын мағыналық жақындығы бар сөздер деп қарастырамыз. Қазіргі сын есім ретінде қарастырып жүрген «көк» сөзінің зат есімдік, әрі сын есімдік мағынасы жойылмаған.

«Көк» түр-түсінің мағыналық дамуы ұзақ тарихи кезеңдерді қамтиды. «Көк» түр-түсінің пайда болуы, мағыналық өрісінің кеңеюінің тамыры – ежелгі мифологиялық ойлаудың нәтижесі. Оның дәлелі ретінде көк Тәңіріне, көк бөріге, көк түрікке

байланысты туындаған мифтер мен ұғымдарды келтіреміз. «Көк түрік» сөзі түріктер танымында таза қанды деген ұғымды білдіріп күш, билік, қуат мағыналарын береді.

Түрік халықтарына ортақ мифологиялық аңыздар мен тілдік деректерге талдау жасалды. Көк бөрі «киелі, қадірлі, қасиетті, қуатты, батыл» деген ұғымдарды білдіретіндігі көк бөрі аңызы, «Оғыз-наме» дастаны арқылы нақтыланды. «Көк» сөзінің семантикалық ерекшелігі мифологиялық сипатқа ие екендігіне толық негіз бар.

Қорытынды

Әрбір халықтың өзіне ғана тән ұлттық мәдени құндылықтары дүниенің тілдік бейнесі негізінде ашылады. Түр-түс атаулары, түр-түс символикасы – әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктерін ашатын, өзіндік феноменін танытатын күрделі құбылыстардың бірі және ұлттық мәдениетті танып білудің бірден-бір құралы.

Түрік тектес халықтардың мәдени дәстүрімен тығыз байланыста туған мифтік ұғымдардың астарында ұлттық дүниетанымның ізі жатқанын анық байқаймыз. Кез келген ұлттың тілі – сол ұлттың болмысы мен танымы, тарихы мен мәдениетінің бір бөлшегі. Түріктердің дүниетанымнан ақпарат беретін тілдік деректерді зерттеу – тіл тарихын танудың негізі. Осы ретте «көк» түр-түсінің мағыналық аясын ашуда мифологиялық талдау жасалды. Көне дәуірлерден бүгінгі заманға дейін жеткен «көк» сөзінің семантикалық кеңейіні түріктерге ортақ шығармалар негізінде қарастырдық. Қорыта келе, «көк» сөзінің түрік халықтарының дүниетанымындағы маңызы ерекше. Қазіргі қазақ тіліндегі «көк» сөзінің өзіндік ұзақ даму тарихы «көк» сөзінің мағыналық аясының кең екендігіне көз жеткіздік.

Әдебиет

Абай тілі сөздігі, 1968. Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы. 734 б.

Авакова Р.А., Сайлауова А.А., 2012. Түркі мифологиялары: халық санасының мәдени рухани тетігі. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Филология сериясы. 1 (135). Б. 203-208.

Аронұлы С., 2013. Бөрі басы – ұраным: жыр толғау, айтыстар, естеліктер. Алматы: Халықаралық Абай клубы. 288 б.

Баскаков Н.А., 1964. Русско-алтайский словарь. Москва: Советская энциклопедия. 875 с.

Гумилев Л.Н., 1967. Древние тюрки. Москва: «Наука». 112 с.

Жанайдаров О., 2006. Ежелгі Қазақстан мифтері. Алматы: «Аруна». 252 б.

Жолдасбеков М., 2012. Асыл арналар: жеті томдық шығармалар жинағы. Т. 1. Астана: Күлтегін. 343 б.

Жұмабаев М., 1995. Шығармалар. Том 1. Алматы: Білім. 256 б.

Жұртбай Т., 2016. Ашина – Көкбөрі. – URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/3349> (қаралған күні 18.11.2022).

Қазақ эпостары., 2007. Алматы: Көшпенділер. 416 б.

Қайдаров Ә.Т., 1988. Қазақ тілінің тарихи лексикологиясы: проблемалары мен міндеттері. Алматы: Ғылым. 236 б.

Қасқабасов С., 2009. Ойөріс. Алматы: Жібек жолы. 304 б.

Қондыбай С., 2008. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Арыс. 207 б.

Құнанбайұлы А., 2020. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1: Өлеңдер мен аудармалар Алматы: «Жазушы». 336 б.

Марғұлан Ә., 1985. Ежелгі жыр, аңыздар. Алматы: Жазушы. 368 б.

Ордабекова Х.А., Күркебаев К.Қ., 2018. Дәстүрлі және қазіргі тілдік санадағы «қасқыр» лексемасының лингвомәдени сипаты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті хабаршысы. Филология сериясы. №3 (171). Б. 153-159.

Сәнік З., Зейноллақызы Ж., 2016. Қазақ этнографиясы. Алматы: Ан Арыс. 576 б.

Уәлиханов Ш.Ш., 2013. Тәңірі: таңдамалы. Алматы: Халықаралық Абай клубы. 388 б.

Tazegul E., Nakhanova L., 2021. Cultural Anthropology: Symbolism of Color in the Worldview of Turkic Peoples // Turkic Studies Journal. 2 (Vol.4). P. 59–66. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-59-66>

Reference

Abai tılı sözdığı [Dictionary of Abay language], 1968. Almaty: Qazaq SSR-niñ «Ǵylym» baspasy. 734 p. [in Kazakh].

Avakova R.A., Sailauova A.A., 2012. Türkı mifologemalary: halyq sanasynyñ mädeni-ruhani tetığı [Turkic mythologems: a cultural and spiritual mechanism of folk consciousness]. Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ultiq universiteti habarşysy. Filologia seriasy. 1 (135). P. 203-208. [in Kazakh].

Aronuly S., 2013. Böri basy – üranym: jyr tolǵau, aytystar, estelikter [Bori basy is the hymn: songs, arguments, memories]. Almaty: Halyqaralyq Abai kluby. 288 p. [in Kazakh].

Baskakov N.A., 1964. Rusko-altaiski slovär [Russian-Altaiic dictionary]. Moscow: Sovetskaia ensikolopedia. 875 p. [in Russian].

Gumilev L.N., 1967. Drevnie türki [Ancient Turks]. Moscow: «Nauka». 112 p. [in Russian].

Janaidarov O., 2006. Ejelgi Qazaqstan miferi [Ancient Kazakh myths]. Almaty: «Aruna». 252 p. [in Kazakh].

Joldasbekov M., 2012. Asyl arnalar: jeti tomdyq şyǵarmalar jinaǵy [Precious routes: collection of essays in seven volumes]. Astana: Kültegin. 343 p. [in Kazakh].

Jümabaev M., 1995. Şyǵarmalar. T.1. [Essays: three volumes]. Almaty: Bılım. 256 p. [in Kazakh].

Jürtbai T., 2016. Aşina – Kökböri [Ashina – Wolf]. Available at: <https://e-history.kz/kz/news/show/3349> (Accessed: 18.11.2022). [in Kazakh].

Qazaq epostary, 2007. Almaty: Köşpendiler [Kazakh epics]. 416 p. [in Kazakh].

Qaidarov Ä.T., 1988. Qazaq tiliniñ tarihi leksikologiasy: problemalary men mindetteri [Historical lexicology of the Kazakh language: problems and tasks]. Almaty: Ǵylym. 236 p. [in Kazakh].

Qasqabasov S., 2009. Oiöris [Oyoris]. Almaty: Jibek joly. 304 p. [in Kazakh].

Qondybai S., 2008. Qazaq mifologiasyna kirispe [Introduction to Kazakh mythology]. Almaty: Arys. 207 p. [in Kazakh].

Qūnanbaiūly A., 2020. Şyǵarmalarynyñ eki tomdyq tolyq jinaǵy. T.1: Öleñder men audarmalar [Two-volume complete collection]. Almaty: «Jazuşy». 336 p. [in Kazakh].

Marǵūlan Ä., 1985. Ejelgi jyr, aңызdar [Ancient poems, legends]. Almaty: Jazuşy. 368 p. [in Kazakh].

Ordabekova H.A., Kürkebaev K.Q., 2018. Dästürlı jäne qazırgı tıldik sanadaǵy «qasqyr» leksemasynyñ lingvomädeni sipaty [Lingvo-culturological description of the lexeme «kaskyr» / «wolf» in traditional and modern consciousness]. Äl-Farabi atyndaǵy Qazaq ultiq universiteti habarşysy. Filologia seriasy. №3 (171). P. 153-159. [in Kazakh].

Sänik Z., Zeinollaqyzy J., 2016. Qazaq etnografiasy [Kazakh ethnography]. Almaty: An Arys. 576 p. [in Kazakh].

Uälihanov Ş.Ş., 2013. Täñiri: tañdamaly [Tangiry: optional]. Almaty: Halyqaralyq Abai kluby. 388 p. [in Kazakh].

Tazegul E., Nakhanova L., 2021. Cultural Anthropology: Symbolism of Color in the Worldview of Turkic Peoples. Turkic Studies Journal. 2 (Vol.4). P. 59–66. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-4-59-66>

***Zh.M. Pansat^a**

^aM. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

(E-mail: 94_jansaya@mail.ru)

**Corresponding author: 94_jansaya@mail.ru*

G.B. Mamayeva^b

^bL.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

(E-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru)

E. Alkaya^c

^cFirat University, Elazig, Turkiye

(E-mail: ealkaya16@gmail.com)

My tholingistic characteristics of the words «Kök Tengri», «Kök buri», «Kök turk»

Abstract. The study of the connection between language and thinking in the processes of categorization and conceptualization of the world by a person, in understanding the picture of the world as a single person, as well as entire peoples, ethnic groups, including ancient are relevant and in demand in modern Turkology. Conceptual analysis in this article is subjected to color (color designation) vocabulary, words and idioms extracted from the texts of ancient Turkic runic monuments.

The object of the study was the lexeme « көк» (blue) and related idioms «көк Тәңірі» (blue Sky), «көк бөрі» (noble wolf), « көк түрк» (blue Turks). It is known that the color symbolism in the culture of each nation is a distinctive feature of ethnic identity, mentality and culture. Thus, both in the culture and spirituality of the ancient Turks, the blue color has its own value meanings, closely related to myths. In Turkic myths, it is the she-wolf that is the progenitor of the ancient Turks. Ashina, where the genealogy of the ancient Turks comes from, means «storms» («бөрі» in Kazakh), so the Turks called themselves « көк түрк», where « көк» means noble, powerful, brave. The article analyzes these myths.

The religious beliefs of the ancient Turks are also associated with the word blue, « көк Тәңірі» was the supreme deity. According to the authors of the article, the idiom “ kok Tengri ” contains several meanings: on the one hand, it is objective, denoting the blueness of a celestial body, on the other, it is religious sacred. The authors of the article believe that the identified meanings of the blue color of the ancient Turks later found continuity in the spiritual culture of the Turkic peoples, since these meanings are imprinted in Kazakh epics, Oghuznama and other literary monuments.

Keywords: colorative vocabulary, kok Tengri, kok buri, kok Turk, Ashina, mythologeme, national worldview, conceptual and linguistic picture of the world.

***Ж.М. Пансат^а**

^аЮжно-Казахстанский университет имени М. Ауезова,
Шымкент, Республика Казахстан
(E-mail: 94_jansaya@mail.ru)

*Автор для корреспонденции: 94_jansaya@mail.ru)

Г.Б. Мамаева^б

^бЕвразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
Астана, Республика Казахстан
(E-mail: gulnar.mamaeva@mail.ru)

Е. Алкая^с

^сУниверситет Фират, Елязыг, Турция
(E-mail: ealkaya16@gmail.com)

Мифолингвистическая характеристика «кок Тенгри» «кок бөрі», «кок түрк»

Аннотация. Исследование связи языка с мышлением в процессах категоризации и концептуализации мира человеком, в понимании картины мира как отдельно взятого человека, так и целых народов, этносов, в т.ч. и древних актуальны и востребованны в современной тюркологии. Концептуальному анализу в данной статье подвергается колоративная (обозначение цвета) лексика, слова и идиомы, извлеченные из текстов древнетюркских рунических памятников. Объектом исследования стала лексема «көк» (голубой) и связанные с ней идиомы «көк Тәңірі» (голубое Небо), «көк бөрі» (благородный волк), «көк түрк» (голубые тюрки). Известно, что цветовая символика в культуре каждого народа является отличительным маркером этнического самосознания, ментальности, менталитета и культуры. Так, и в культуре, и духовности древних тюрков голубой цвет имеет свои ценностные смыслы, тесно связанные с мифами. В тюркских мифах именно волчица является прародительницей древних тюрков. Ашина, откуда берется генеалогия древних тюрков, означает «бури» («бөрі» в казахском языке), поэтому тюрки называли себя «көк түрк», где «көк» означает благородный, могущественный, храбрый. В статье анализируются эти мифы.

Религиозные верования древних тюрков также связаны со словом голубой, «көк Тәңірі» был верховным божеством. По мнению авторов статьи, в идиоме «көк Тәңірі» содержится несколько смыслов: с одной стороны, предметное, обозначающее синеву небесного тела, с другой – религиозное сакральное, священное. Авторы статьи считают, что выявленные значения голубого цвета древних тюрков в дальнейшем нашли преемственность в духовной культуре тюркских народов, поскольку эти значения запечатлены в казахских эпосах, Огузнаме и в других литературных памятниках.

Тәуелсіздік алғанға дейінгі әдебиет тарихында «Діншіл шайырлар», «Кітаби ақындар» деген атпен бір шетке ысырылып, зерттеуге алынбаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ақыт Үлімжіұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы, Шәді Жәңгірұлы сынды ақындар, «Сыр сүлейлері» деген атпен танылған Тұрмағанбет Ізтілеуұлы, Әйімбет Қаймақбайұлы, Мыңбай Есмағанбетұлы, Өтім Балтуғанұлы, Омар Сейілұлы, Бекенқұл Ақымбетұлы сынды қиссашыл ақындар шығыс дәстүрімен қиссалар жазып, халық арасында өтетін қиссахандық кештерінде серілік құрған ақындар шығармалары осыған дәлел. Мысалы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сүлеймен мен Ібіліс», «Хазірет Нұхқа 370 жасында пайғамбарлық берілді», «Жүсіп пайғамбар туралы», «Жаппардың пайғамбарды қонаққа шақырғаны», Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) туралы «Хаятбақшы», «Миғраж», «Мұхаммед пен Әбу Жаһил», «Мұхаммедке пайғамбарлық келгені», «Пайғамбардың соңғы тілегі», «Пайғамбардың өсиеті», «Пайғамбардың дүниеден өтуі», «Пайғамбардың ақтық үні», «Расулдың өлімі» атты дастандары, Шәді Жәңгірұлы тарапынан жазылған Алла елшісінің өмір жолын насихаттайтын «Назым Сияр-Шариф» немесе пайғамбарлардың ұлығы саналатын Ибраһим (ғ.с.) жайлы «Назым Ибраһим Халилолла», «Дәуіт уақытындағы рәйіс», «Мұса мен Перғауын» атты қисса-дастандар, Жүсіпбек Шайхисламұлының «Қисса Мұса ғалейһиссалам илән Қарун хикаясы», «Кесік бас» дастаны, Нұралы Нысанбайұлының «Гүлзейнет» қиссасы мен «Мұхаммед ғалейһи саламның Әбу Жәһилмен күрескені» атты қисса-дастаны, Майлықожа ақынның «Мұхаммед пайғамбардың қиссасы», «Әзіреті Мұхаммед Саллаллаһу әләйһи уәс-сәләм» атты дастандары, Ақыт Үлімжіұлының «Мұса пайғамбардың мойындауы», «Мұсаның Қызырға жолдас болуы», «Смағұл қиссасы», Сүлеймен мен байғұздың хикаясы» сынды қисса-дастандар ХХ ғасыр басындағы елді діни-ағартуды көздеген шығармалар екені даусыз (Таджиев, 2021: 70).

Бұл шығармалардағы Алла елшілерінің өмір жолы, адамзатқа үлгі боларлық өнегелі оқиғалар Рабғұзи қиссаларымен үндесіп жатқанын көреміз. Бұл әдеби жәдігерлердің әрқайсысын бір зерттеу мақаланың шеңберінде салыстыра талдау мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселені алдағы зерттеулердің еншісіне қалдырып, Рабғұзи қиссалары арасындағы Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) арналған қиссалар мен осы тақырыпта ХХ ғасыр басында жазылған қиссалар арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығын салыстырмалы зерттеуді жөн көрдік.

Нәтиже

XX ғасыр басында Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірін әдеби шығарма арқылы насихаттауда ақын Шәді Жәңгірұлының еңбегі елеулі орын алады. Рабғұзи өз қиссасын бүкіл пайғамбарлар тарихынан хабар беретін жинақ ретінде прозалық үлгіде ұсынса, Шәді ақын шығармашылығында пайғамбарлар тарихы жеке-жеке қисса түрінде ұсынылады. Мысалы, адамзаттың ардақтысы – Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өмірін поэзия тілімен өрнектеген «Назым Сияр Шариф» шығармасы профессор Шәкір Ыбыраев айтқандай, «...Әділдік таразысына қызмет еткен ой-пікірлердің жиынтығы ғана емес, әдемілеп өрілген тарихи тақырыптағы поэзия», - деуге болады (Жаһангерұлы, 2003: 10).

Ал, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінде Шәді шығармаларының өзіндік ерекшелігіне арнайы тоқталған профессор Мекемтас Мырзахметұлы, бұл шығарма жайлы: «Назым Сияр Шәриф» қиссасы исламият тарихының ең өзекті тақырыбына айналған пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) тарихи шындыққа сай жеке өмірбаяны мен қырық жасында пайғамбарлық дарып, политеистік, яғни көпқұдайға табынған адамзат баласының арасында жалғыз Аллаға ғана табынатын Ислам дінін тарату, насихаттау жолындағы күрес жолы, ақын жырына арқау болып өрілетін құбылысты көреміз. Бұл қисса-дастанның композициялық құрылысы мен сюжеттік желісіне арқау болып тартылған желісінің негізі теологиялық мұсылмандық әдебиетінде молынан айтылып, аңызданған әдеби-тарихи дерек-мағлұматтардан алынғаны талассыз. Мәселе – осы дерек-мағлұматтарды қисынын тауып қиыстырған Шәді Жәңгірұлының ақындық шеберлігі», - деп ой қорытады (Жаһангерұлы, 2003: 6).

Қазақтың рухани танымының өсуіне қызмет еткен бұл шығармада автор Фатиха сүресінің қасиеттерін жырға қосқан соң, Алла елшісіне (с.ғ.с.) салауат айта отырып, «Сәбәб-и тәсниф-и китаб би хәзән-назм» яғни, шығарманың жазылу себебіне тоқталады. Содан кейінгі Алла елшісінің (с.ғ.с.) «нұрының» жаралғаны, туған күнінен бастап, өміріндегі қызықты, өнегелі әрі мұғжизалы «Шаққ-е садр» сынды оқиғалармен қатар Қадиша анамызбен некелесуі, Пайғамбарлық уахидің түсуі, асыл дініміз Исламды тарату жолында көрген ауыр азаптары мен қиындықтары, Мекке қаласынан Мәдинаға хижрат еткені, ансарилердің Исламды қабылдағаны, Миғраж оқиғасы және одан кейінгі тарихи деректер желісі Рабғұзи қиссасындағы Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) арналған тараулармен үндесіп жатқанын көруге болады. Мысалы, Рабғұзи қиссасында Алла елшісі (с.ғ.с.) жайлы оқиғалар желісі пайғамбар туылған жылында болған атақты «Фил» оқиғасымен басталып, Алла елшісінің дүниеге келуі жайлы оқиғалармен жалғасын табатын болса, Шәді ақын шығармасында Алла елшісінің (с.ғ.с.) нұрының жаралғаны жайлы оқиғамен басталып, кейін өмірге келуі жайлы оқиғалармен жалғасады.

Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) өмірге келуі жайлы шығармалар әсіресе түркі халықтары арасында кеңінен дамыды. Ғасырлар бойы елдің рухани мұрасына айналған шығармалар, XX ғасыр басында «Мәуліт» жанрының пайда болуына себеп болды. Шәді Жәңгірұлы «Мәуліт» тақырыбына арнайы шығарма жазбаса да, «Сияр-Шәриф» атты шығармасында Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келуіне, ондағы мұғжизаларға кеңінен орын берген:

Расулдың талас болды туған күні,
Хақиқат дүйсенбінің еді түні.
Раббиғ ул әууәл айдың он екінші,
Түні деп көп имамдар айтты мұны.
Сол уақытта әуел баһар еді жана,
Дүниенің тазаланған бәрі һәмма.
Әртүрлі гийаһтарда гүл ашылып,
Бұлбұлдар айтар еді Хаққа сәна (Жәңгірұлы, 2012: 55).

Шығармалары арқылы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өмірлік өнегесін қоғамға үлгі еткен атақты ақын Мәшһүр Жүсіп Пайғамбарымыздың (с.а.у.) дүниеге келген күнін «Хаятбақшы» дастанында:

Раббиғ ул-аууал айынан он бірі өтіп,
Он екіге дүйсенбі келді жетіп.
Атқан таңмен таласа бірге туды,

Ай мен күннен сәулесі асып кетіп (Көпейұлы, 2003: 116), – деп, пайғамбар өмірін поэзия тілімен өрнектейді.

Рабғұзи қиссаларында көтерілген тақырыптың тағы бірі – Пайғамбар нұрының жаратылуы. «Сияр-Шәриф» дастанында пайғамбар нұры Адам ата және кейінгі пайғамбарлар арқылы оның әкесі Абдуллаға, содан соң Әмина арқылы Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) көшкені қисыны келістіре суреттеліпті:

Абдулла сұлу еді артық түрі,
Бар еді маңдайында Расул нұры.
Ақырғы Пайғамбардың атасы деп,
Яһудтер айтар еді танып мұны.
Абдулла Әмина атты әйел алды,
Ибраһим милләтімен некеленді.
Әуелі жолыққанда Абдулладан,
Расулдың Әминаға нұры барды (Жәңгірұлы, 2012: 53).

Мәшһүр Жүсіп «Пайғамбар нұры» тақырыбына арнайы хикаялық дастан жазып, пайғамбар нұрының Адам атадан бастап кейінгі пайғамбарлар арқылы Ибраһимға (ғ.с.), содан оның ұлы Исмайыл (ғ.с.) және одан тараған ұрпақ арқылы Ғабдоллаға, содан Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) жеткенін өлеңмен баяндайды.

Алла елшісінің өміріндегі маңызды оқиғалардың тағы бірі «Шаққ-е садр» оқиғасы. Бұл оқиға Алла елшісінің балалық шағында, сүт анасы Халиманың отбасында болған. Шәді ақын бұл оқиғаға бөлек тақырып арнаған болса, Рабғұзи қиссасында бұл оқиға пайғамбардың Халиманың үйіне барған кездегі оқиғалардың ішінде суреттелген. Мұндай тақырыптық ерекшеліктер шығармада бірнеше рет кездескенімен, екі шығарманың да идеялық мәні мен айтылатын ой желісінде айтарлықтай өзгешеліктер байқалмайды.

Рабғұзи қиссаларындағы Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) өміріне қатысты елеулі оқиғалардың тағы бірі – Миғраж оқиғасы. Миғраж – арабша «саты», «баспалдақ» дегенді білдіретін қасиетті ұғым. Миғраж сөзінің түбірі араб тіліндегі «уруж» яғни «көтерілу» сөзі. Осы түбірден миғраж – «көкке көтерілу сатысы» мағыналары келіп

шығады. Миғраж оқиғасы туралы Құран кәрімнің бес жерінде (15/14; 32/5; 34/2; 57/4; 70/4) сөз болса, екі орында «Меариж» яғни «сатылар» (70/3; 43/3) мағынасында сөз етілген (Çağlar, 2019: 230).

Шарғи тұрғыдан алғанда, пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) Жәбірейіл (ғ.с.) көмегімен белгілі уақыт ішінде Мекке қаласынан Құддыс қаласындағы қасиетті мешітке баруы «Исра» деп аталады да, ол жерден жеті қат көкке ұшуы, көктің әр қабатында бұрын өткен пайғамбарлармен дидарласуы, жұмақ пен тозақты өз көзімен көруі, Сидрәтул-мунтаһада мұсылман үмбетіне парыз етілген бес мезгіл Намазды аманат ретінде қабылдауы, бүкіл мұсылман үмбетіне шапағатшы болуы сынды көптеген мұғжизалы оқиғаларын қамтыған термин ретінде «Миғраж» мұғжизасы қолданылады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасиетті сапары барысында орын алған керемет мұғжизалары көптеген мұсылман шайырларының бұл тақырыпқа арнайы кіріп, пайғамбардың өнегелі өмір жолын адамзатқа үлгі етуіне негіз болды. Әдебиет тарихында бұл шығармалар «Миғражнамалар» деп атала бастады. Осылайша түркі халықтары ислами әдебиеті тарихында Миғражнамалардың саны едәуір артып, жеке жанр деңгейіне көтерілді.

XX ғасыр басында «Әуелі бисмиллада сөзім басы, тыйылмас булықса да, көздің жасы. Миғражын ән хазіретінің тамаша қып, сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы, - деп, жыр маржанын төккен ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы:

Құдайым жарылқай ма көптен, аздан,
Ойым бар келсе күшім, Қағба қажыдан.
Жарандар құлақ салып тыңдасаңыз,

Азырақ сөз қозғайын Миғраждан (Көпейұлы, 2003: 146) – деп, Алла елшісінің Миғраж сапарын қазақ арасында қайта жаңғыртса, ағартушы ақын Ыбырай Алтынсариннің «Шариатул ислам» еңбегінде бұл мұғжизаға қатысты деректер ұсынылған. Жүсіп Сайрамы, Шәді Жәңгірұлы сынды ақындар өз шығармашылығында Миғраж оқиғасына арнайы тоқталыпты.

Көтерген тақырыбының сан алуандығы, сюжеттерінің тартымды болуы себепті біраз ақындар шығармаларына негіз болған «Миғраж» оқиғасының әлі де болса адамзатқа өнеге болар тұстарын зерттеу, әдебиет тарихы тұрғысынан арнайы әдеби жанр ретінде қарастыру алдағы уақыттың еншісінде деп білеміз.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, орта ғасырларда Ясауи, Сүлеймен Бақырғани сынды ақындар тарапынан салынған даңғыл жол Алтын Орда кезеңінде ерекше даму жолына түсіп, Науруздин Бұрхануддин Рабғұзи, Махмут Кердери сынды сөз зергерлерінің Пайғамбарлар жайлы толғаған көркем шығармаларымен толығып отырды. Ал кейінгі дәуірлерде сөз өнерін қастерлеген шайырлар бұл жолды өздеріне үлгі етті. Соның ішінде XX ғасыр басында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрамы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды ақындар пайғамбарлардың тарихта қалдырған өнегесін поэзия жолымен жырлап, тарихи-әдеби дәстүрді қайта жаңғыртты.

XX ғасыр басында қазақ жазба әдебиетіндегі қиссашылдық дәстүрдің дамуына үлес қоса отырып, қазақ халқының діни санасының өсуі жолында қызмет еткен бұл ақындардың сусындаған бұлағы орта ғасырлық жазба жәдігерлер екеніне тақырыпты зерттеу барысында көз жеткіздік. Осы орайда, Пайғамбарлардың көркем бейнесінің әдеби шығармалардағы көрінісі тақырыбы бұл ақындар шығармаларымен шектеліп қалуы мүмкін емес екенін жеткізгіміз келеді. Қазақ әдебиеті тарихында болсын, түркітану саласында болсын бұл тақырыптың өте аз зерттелген тақырыптардың бірі екенін ғалымдар назарына ұсына отырып, алдағы уақытта бұдан да терең зерттеулерге жол ашылады деп үміттенеміз.

Әдебиет

Әл-Кердери, 2011. Нәһжүл-фәрадис. Қазыналы оңтүстік көптомдығы. Т. 37. Алматы: Нұрлы әлем. 312 б.

Бердібай Р., 2005. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.1. Алматы: Қазығұрт. 448 б.

Жаһангерұлы Ш., 2003. Назым Сияр Шәриф. Өлеңмен жазылған Пайғамбардың тарихы (қадим жазуымен). Баспаға дайындаған: Жүніс Т. Алматы: Арыс нашрияты. 384 б.

Жаһангерұлы Ш., 2012. Назым Сияр Шәриф. Баспаға дайындаған: Қыдыр Т. Алматы: Нұрлы Әлем. 326 б.

Кенжебайұлы Б., 2018. Шығармалар жинағы. Түрік қағанатынан бүгінгі күнге дейін Т.1. Алматы: Ел-шежіре. 352 б.

Көпейұлы М.Ж., 2003. Шығармалары. Т. 2. Павлодар: ЭКО, ҒӨФ. 384 б.

Көпейұлы М.Ж., 2003. Шығармалары. Т.3. Павлодар: ЭКО ҒӨФ. 382 б.

Күмісбаев Ө., 2009. Терең тамырлар: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 452 б.

Құтб, 2012. Хұсрау-Шырын. Қазыналы оңтүстік. Т. 49-52. Алматы: Нұрлы әлем. 328 б.

Қыдыр Т., 2016. Дәстүрлі Ислам жауһарлары. Орта ғасырларда (X-XVI ғғ.) жазылған діни еңбектер мен шығармалардан үзінділер жинағы. Астана. 392 б.

Қыдыр Т., 2018. Дешті қыпшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері). Астана: «Рухани құндылықтарды қолдау қоры» корпоративтік қоры. 200 б.

Қыраубайқызы А., 2001. Ежелгі әдебиет. Астана: Елорда. 224 б.

Маллаев Н., 1976. История узбекской литературы. Ташкент: кн. 1. 457 с.

Малов С., 1951. Памятники древнетюркской письменности. Москва-Ленинград: Изд.АН ССР. 451 с.

Наджиб Э.Н., 2007. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. Туркестан: Туран. 268 с.

Остроумов Н.П., 1874. Критический разбор мухаммеданского учения о пророках. Казань: Университетская типография. 283 с.

Рабғұзи Н.Б., 2008. Пайғамбарлар қиссасы. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. Құраст.: Қыдыр Т. Алматы: Таймас баспа үйі. 480 б.

Рабғұзи Н.Б., 2011. Қиссас ул-әнбия (Пайғамбарлар тарихы). Қазыналы оңтүстік көптомдығы. Баспаға дай. Қыдыр, Т., Тажиев Қ. Т. 36/1. Алматы: Нұрлы әлем. 344 б.

Сүйіншәлиев Х., 1967. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезендері (Ерте дәуірден XIX ғасырдың аяғына дейін). Алматы: Қазақстан. 388 б.

Сыздықов С., 2021. Алтын Орданың мемлекеттік идеологиясы. *Turkic Studies Journal*. 2 (Vol.3). P. 70-77. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-3-69>

Ecmann J., 2003. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay türkçesi üzerine araştırmalar. Ankara. 438 s.

Çağlar D.A., 2019. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler. *Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi*. №19. S. 225-283.

Rahmonov N., 2017. Ozbek adabiyoti tarihi (Eng qadimgi davrlardan XV asrning birinchi yarmigacha). Toshkent: Sano-standart. 556 s.

Reference

Al Kerderi, 2011. Nahjul-faradis [Nahjul-faradis]. *Kazynaly ontustik*. T.37. Almaty: Nurly alem. 312 p. [in Kazakh].

Berdibay R., 2005. Bes tomdiq shygarmalar jinagi. T.1. Almaty: Qazygurt. 448 p. [in Kazakh].

Zhahangeruli Sh., 2003. Nazm Siyar-Sharif [Nazm Siyar-Sharif]. Olenmen jazilgan paygambardyn tarihy Ed: Junis T. Almaty: Arys. 384 p. [in Kazakh].

Zhangiruli Sh., 2012. Nazm Siyar-Sharif. Ed: Qydyr T. Almaty: Nurly Alem. 326 p. [in Kazakh].

Kenjebayuly B., 2018. Shigarmalar jinagi. Turik qaganatynan bugingi kunge deyin [From the Turkish kaganate to the present day]. T.1. Almaty: El-shejire. 352 p. [in Kazakh].

Kopeyuly M.Zh., 2003. Shigarmalary. T. 2. Pavlodar: EKO, GOF. 384 p. [in Kazakh].

Kopeyuly M.Zh., 2003. Shigarmalary. T.3. Pavlodar: EKO, GOF. 382 p. [in Kazakh].

Kumisbayev O., 2009. Tereng ramyrlar: oqu qurali. Almaty: Qazaq universiteti. 452 p. [in Kazakh].

Qutb, 2012. Husrau-Shirin. *Kazynaly ontustik*. Vol. 49-52. Almaty: Nurly alem. 328 p. [in Kazakh].

Qydyr T., 2016. Dasturli Islam jauharlari. [Traditional Islamic jewels] Orta gasyrlarda (X-XVI y.) jazilgan dini enbektermen shigarmalardan uzindiler jinagi. Astana. 392 p. [in Kazakh].

Qydyr T., 2018. Deshti qipshaq dalasyndagi islami adebiyet (X-XV) (Islam, iman jane ihsan maselelerining jirlanu erekshelikleri) [Islamic literature in the Desht-Kipchak steppes (X-XV) (features of the chanting of the issues of Islam, faith and Ihsan)]. Astana: «Ruhani qundiliqtardi qoldau qory». 200 p. [in Kazakh].

Qyraubayqyzy A., 2001. Ejelgi adebiyet. Astana: Elorda. 224 p. [in Kazakh].

Mallayev N., 1976. Istoriya uzbekskoy literatury. Tashkent: V.1. 457 p. [in Russian].

Malov S., 1951. Pamyatniki drevneturkskoy pismennosti. [Monuments of ancient Turkic writing]. Moscow-Leningrad: AN SSR. 451 p. [in Russian].

Nadjip E.N., 2007. Regiony i etapy formirovaniya turkskih pismennyh yazykov i literature. [Regions and stages of formation of Turkic written languages and literatures]. Turkestan: Turan, 268 p. [in Russian].

Ostroumov N.P., 1874. Kriticheskiy razbor muhamedanskogo ucheniya o prorokah. [Critical analysis of the Muhammadan teaching about the prophets]. Kazan: Universitetskaya tipografiya. 283 p. [in Russian].

Rabguzi N.B., 2008. Paygambarlar kissasi. [The story of the prophets]. Adebii jadigerler. Jiirma tomdyq. Ed.: Qydyr T. Almaty: Taymas, 480 p. [in Kazakh].

Rabguzi N.B., 2011. Qissas ul-anbiya (Paygambarlar tarihi) [History of the Prophets]. Ed. Qydyr T., Tajiyev Q. *Kazynaly ontustik*. V. 36/1. Almaty: Nurly Alem. 344 p. [in Kazakh].

Suyinshaliyev H., 1967. Qazaq adabiyetining qalıptasu kezengderi [The times of formation of Kazakh literature (from the early to the end of the XIX century)]. Almaty: Kazakhstan. 388 p. [in Kazakh].

Syzdyqov S., 2021. Altyn Ordanyñ memleketlik ideologiyasy [State ideology of the Golden Horde]. Turkic Studies Journal. 2 (Vol.3). P. 70–77. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2020-2-3-69> [in Kazakh].

Ecmann J., 2003. Harezmi, Kıpçak ve Çağatay türkçesi üzerine arařtırmalar. Ankara. 438 p. [in Turkish].

Çağlar D.A., 2019. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler. Alevilik-Bektaşilik Arařtırmaları Dergisi. №19. P. 225-283. [in Turkish].

Rahmonov N., 2017. Ozbek adabiyoti tarihi (Eng qadimgi davrlardan XV asrning birinchi yarmigacha). [The history of Uzbek literature (from ancient times to the first half of the XV century)]. Tashkent: Sano-standart. 556 p. [in Uzbek].

***Kh.Kh. Tadjiev^a**

*^aM. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan
(E-mail: xamidulla_86@mail.ru)*

**Corresponding author: xamidulla_86@mail.ru*

T.E. Qydyr^b

*^bM. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Republic of Kazakhstan
(E-mail: qydyr.torali@gmail.com)*

Qissasi Rabg'uziy and Kazakh written literature of the beginning of the 20th century: spiritual harmony and continuity of tradition

Abstract. Different historical periods and historical personalities, political events and cultural and literary relics take occupy a special place in the formation of the Kazakh nation and an independent state as a whole. One of the most important factors in the history of the formation of independent Kazakhstan was the period of the Golden Horde state (XIII-XVI centuries), founded by the descendants of Genghis Khan almost eight centuries ago.

It is clear that the attention paid today to the propaganda of this era at the state level increases the identity of this era and its influence on the formation of the Kazakh statehood. In particular, the study of the influence of the recorded during this period literary heritage on the formation of the Kazakh national worldview and propaganda in the modern scientific environment allows us to identify the continuity of national identity and literary tradition.

The literary heritage written during the Golden Horde as «(Qisas-ul-Anbiya» or «Qissasi Rabg'uziy», «Nahjul Farodis», (The Open Way to Paradise»), «Khusrau-Shirin» was aimed at educating the country. Undoubtedly, these works played a special role in the development and improvement of the art of speech during this period.

The article considers the work «Qisas-ul-Anbiya» or «Qissasi Rabg'uziy» by Nasiruddin Burhanuddin Rabguzi, who made a special contribution to the social development in the Golden Horde period, and

the spiritual harmony and traditions between the stories of the prophets. The continuity between these stories, which had a great influence on the national education and religious literacy of the Kazakh people in the early 20th century is considered to be relative.

Keywords: Golden Horde, XX century, literature, Qisas-ul-Anbiya, Rabguzi, Mashhur Yusuf, Shadi Zhangiruly, spiritual harmony, continuity of tradition.

***Х.Х. Таджиев^а**

*^аЮжно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Республика Казахстан
(E-mail: xamidulla_86@mail.ru)*

**Автор для корреспонденции: xamidulla_86@mail.ru*

Т.Е. Кыдыр^б

*^бИнститут литературы и искусства им. М. Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан
(E-mail: qydyr.torali@gmail.com)*

Кисас-и Рабгузи и казахская письменная литература начала XX века: духовная гармония и преемственность традиции

Аннотация. Разные исторические периоды и исторические личности, политические события и культурно-литературные реликвии занимают особое место в становлении казахской нации как нации и в целом независимого государства. Одним из важнейших факторов в истории становления независимого Казахстана стал период золотоордынского государства (XIII-XVI вв.), основанного потомками Чингисхана почти восемь веков назад. Понятно, что внимание, уделяемое сегодня пропаганде этой эпохи на государственном уровне, повышает самобытность этой эпохи и ее влияние на становление казахской государственности. В частности, изучение влияния записанного в этот период литературного наследия на формирование казахского национального мировоззрения и пропаганды в современной научной среде позволяет выявить преемственность национального самосознания и литературной традиции.

Литературное наследие, написанное в период Золотой Орды как «Кисас уль-анбия» или «Кисас-и Рабгузи», «Нахдж уль-фарadis» («Открытый путь в рай»), «Хусрау-Ширин» было направлено на просвещение страны. Несомненно, эти произведения сыграли особую роль в развитии и совершенствовании искусства речи в этот период.

В статье рассматривается произведение «Кисас ул-анбия» или «Кисас-и Рабгузи» Насируддина Бурхануддина Рабгузи, внесшего особый вклад в общественное развитие в золотоордынский период, и духовная гармония и традиции между рассказами пророков, оказавшие большое влияние на пробуждение национальной образованности и религиозной грамотности казахского народа в начале 20 века, преемственность считается относительной.

Ключевые слова: Золотая Орда, XX век, литература, Кисас ул-анбия, Рабгузи, Машхур Юсуф, Шади Жангирулы, духовная гармония, преемственность традиции.

Авторлар туралы мәлімет:

Таджиев Хамидулла Хабибуллаұлы, PhD, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, бас директордың орынбасары, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан Республикасы.

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

Information about authors:

Tadzhiyev Khamidulla Khabibullaevich, PhD, senior teacher of the Department of Kazakh language and literature, M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

Kydyr Torali Edilbaevich, Candidate of Philology, Associate Professor, Deputy Director-General, M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Republic of Kazakhstan.

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>

Информация об авторах:

Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич, PhD, старший преподаватель кафедры казахского языка и литературы, Южно-Казахстанский университет им. М.Ауэзова, Шымкент, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0002-8078-1585>

Қыдыр Торали Еділбаевич, кандидат филологических наук, доцент, заместитель генерального директора, Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан.

<https://orcid.org/0000-0001-9549-256X>


СЫН-ПІКІР / REVIEW / РЕЦЕНЗИЯ

Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері

Б.И. Нұрдәулетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау, Қазақстан
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-194>



Received 15 August 2023. Revised 16 August 2023. Accepted 05 September 2023. Available online 30 September 2023.

Jambil Artikbayev. Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері. Kayseri, 2023. 262 s.



Дәйексөз үшін:

Б.И. Нұрдәулетова Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – № 3. – 185-191 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-191>

For citation:

B.I. Nurdauletova Problems of Oghuz history in the Kazakh oral tradition // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No 3. – P. 185-191. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-185-191>

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, этногенезін қалыптастырудағы оғыз тайпаларының орны қандай деген мәселе түркітану ғылымында өте өзекті. Қазақ халқының шежірелік тарихының бастауында Оғыз қаған, Алаша хан, Қорқыт Ата есімдерінің жүруі тегін емес.

Профессор Ж.О. Артықбаевтың «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) зерттеу кітабында оғыз тарихы қазақтың ескі эпсаналарында және ауызша шежірелік тарихында кездесетін аңыздық деректер негізінде ғылыми пайымдалған. Автор ауызша аңыздық мағлұматтарды ортағасырлық жазба деректердегі, кейінгі археологиялық, этнографиялық, филологиялық зерттеулермен салыстырып, ғылыми дәйектемелермен тұжырымдап отырған.

Біздің ойымызша, қазақстандық гуманитарлық ғылым салаларында ХХ ғасырдың ортасына дейін тарихи зерттеулерге тек жазба құжаттар деректерін негізге алу тенденциясы басым болып келді. Архив қоймаларына, жазу, сызуға түспеген тарих жоққа саналды. Ал қазақ халқы өз тарихын негізінен жадыға сүйеніп, ауызша дәстүр арқылы сақтап келгені белгілі. Негізінен Тәуелсіздік алған кезеңнен бастап күшіне енген «ауызша тарихты» ғылыми негізге алу мәселесі тарихи-этнографиялық зерттеулерге тың мүмкіндіктер ашқаны сөзсіз.

Осы орайда, профессор Ж.О. Артықбаевтың аталған кітабы фольклористика, эпостану, түркітану, тіл тарихы, этнография ғылымдарының зерттеу деректерін жүйелі жинақтаған, оғызтану, түркі этногенезі саласына тың үлес қоса алатын іргелі еңбек екенін айта кету керек. Монографиялық еңбек қазақ интеллектуалдық ортасында ХХ ғасыр басына дейін айтылып келген Алаша хан, Оғыз хан, Толыбай сыншы, Көрұғлы туралы аңыздық тұлғаларға, Ақкөл-Жайылма, Сырлы қала, Қазалы, Баянаула сияқты жерлерге қатысты топонимиялық аңыздарға, далалық өлкедегі ортағасырлық қалалар туралы ауызша деректерге негізделген. Автор қазақстандық ғылымда қолданылып жүрген «ауызша тарих» ұғымының орнына еуропалық ғылымда қабылданған «ауызша дәстүр/oral tradition» терминін ұсынады.

Монографиялық зерттеу екі үлкен тараудан тұрады. Оның бірінші бөлімі «Eski Oğuz Tarihinin Dair Malumatlar/Ескі оғыз тарихына қатысты деректер» аталады, яғни тоғыз тараудан тұратын бұл бөлімде Еуразиялық түркі жұртының ең көне тарихи аңыздары қамтылған.

Мысалы осы бөлімнің 1.2 тараушасы қазақ «Атамыз –Алаш, керегеміз-ағаш» деп, өз тарихының қайнар көзін байланыстыратын Алаша хан заманына арналған. Автор бұл аңыздың түрлі варианттары әлемге қазақ сахарасынан тарағанын жазады: «Bu noktada, Sümer, Hitit, Hint-Avrupalılar ile Ural-Altay vb. halkların atalarının bozkır sahasında yaşamış oldukları dönem hakkında konuşmamız yerinde olacaktır» (31 б.). Бұл пікірдің бір дәлелі – Түркияның Анадолы аймағындағы қасиетті Алаша төбе (Alacahöyük) ескерткіші.

Профессор келесі бір тараушада бұл ескерткішке Хет (Hitit) этнография тарихы контекстінде қайта оралған. Бұл тарауша «Heta veya Kete Denilen Halklar Kimlerdir?», яғни «Хет немесе Кете деген халықтар кімдер?» деп аталады. Бұл тақырыпты «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» (СПб., 1897) кітабында көтерген Н.А.Аристов қазақтың кете руы мен Кіші Азияда мемлекет құрған хет ((hitit) арасын да байланыс барын жазған болатын.

Бұл өте қызықты тарихты Ж.О.Артықбаев бірнеше бағытта қайта көтерген: біріншіден, кете руының көнелігін білдіретін генеологиялық аңыздар, екіншіден, кетелер Кіші Азияға алып келген жылқышылық мәдениеті, үшіншіден, жоғарыда аталған Алаша төбе. Мәселе – бұл қасиетті ескерткіштің Хет мемлекетінің астанасының жанында орналасқаны (Boğazköy ve Alacahöyük) (59-60 бб.).

Монографияның бірінші бөліміндегі негізгі тақырыптардың бірі «Oğuz Han Kazak Şeceresinde». Автор Оғыз (Уыз) хан туралы аңыздардың ең көне нұсқалары қазақ ауызша дәстүрінде сақталғанын салыстырмалы талдау арқылы дәлелдеген. Оғыз хан тақырыбын автор «Тұлпардың дүбірі туралы аңыз (Толыбай сыншы)», «Көрұғлы жыры» аталатын тараушаларда да жалғастырады. Ж.О. Артықбаев ғылыми айналымға енгізген ауызша дәстүр деректері және оларды талдау әдістемесі оғызтану мәселесін жаңа биікке көтерді деп айтуға болады.


Монографияның екінші бөлімі «Orta Çağ Oğuz Tarihi» аталады, яғни Ортағасырлық оғыз тарихы». Бұл бөлім «Жел хан (Елхания) әулеті туралы аңыздан» басталады. Автор жалпы түріктік тарихнамаға, соның ішінде қазақ тарихшысы Құрбанғали Халид жазбаларына сүйеніп және ол деректерді қытай жазбаларымен салыстыра келе, Жел хан әулетін ғұн дәуірімен байланыстырады (154-156 бб.). Бұл бөлімнің негізгі мазмұнында қазақ даласында ортағасырлық оғыз қалалық ескерткіштері туралы ауызша және жазба деректер көп орын алған. Бұлардың ішінде «Далалық өлкедегі оғыз қалалары», «Орта Ертіс бойындағы қимақ қалалары» тараушалары аса қызықты және жаңа ғылыми топшылауларымен ерекшеленеді. Бастысы, далалық өлкедегі оғыз қалалары болсын, Ертіс бойындағы қимақ қалалары болсын, Ж.О. Артықбаев өзінің кешенді зерттеу материалдарына сүйенген.

Автор ауызша деректерді ашуға тек тарихи білімді ғана емес, байырғы тіл мен топонимияны аса ұтымды пайдаланғаны екінші бөлім мазмұнынан жақсы көрінеді. Мысалы, Ертіс бойын ортағасырларда мекен еткен, қала салған, мемлекет құрған елді біз қимақ елі деп білеміз. Автор бұл атау көне түріктік «кем», яғни өзен сөзінен шығатынын жазады: «Bizce, Kimek sözcüğünün kökünü oluşturan kem ismi, nehir anlamına gelmektedir» (194 б.). Бұл сөзінің дәлелі ретінде солтүстік аймақтағы Ұлығ кем өзенін, қазақ тіліндегі кеме, кемер т.б. мысалдарды келтіреді.

Монографияның «Таңбалы жардағы оғыз» атты соңғы тараушасы таңбалары» жоғарыда аталған ауызша дәстүр деректерінің бірден-бір дәлелі болып табылатын қазақ жерінде кездесетін оғыз таңбаларына арналған. Зерттеуші Бетпақ далада орналасқан Таңбалы тас /Таңбалы жар/ ескерткішінің тарихын Алаша ханмен, қазақ халқының мемлекет құру туралы анттасқан алғашқы басқосуымен байланыстырып, «ертеде ел басшылары мен көсемдері келіп, тәуәп ететін Таңбалы жар – көне заманның мұрағаты», яғни “Altı Alaş” grubuna dahil olan topluluklar bu Tanbalı Nura’da birleşip tek bir devlet olduklarını açıklamışlardır» дейді (241 б.). Автор бұл тараушада қазақтың ауызша тарихи деректерімен қоса Ә.Х. Марғұлан, Қ.И. Сәтбаев сынды қазақтың біртуар ғалымдарының зерттеулерін негізге алған.

Қазақ халқының көне дәуірдегі тарихынан мағлұмат беретін жазба құжаттар жоқтың қасы. Әр дәуірдегі әр елдің саяхатшылары мен саясаткерлерінің түрлі мақсатта хатқа түскен жазбаларында ұшырасатын (олардың өзі де соңғы 1100 жылды ғана қамтиды) бірен-саран деректерден қазақтың жүйелі тарихын жасап шығу мүмкін

емес. Сондықтан тарихты танудың басқалай да жолдары мен әдістерін іздестіруге тура келеді. Жазба құжат ақпарынан басқа дерек берерлік археология бар, сақталған жерсу атаулары бар, жергілікті аңыздар және эпиграфиялық материалдар мен таңбалар бар. Олар да – тарихтың көзі, әрқайсысы өз алдына жеке тұрып, жанама дерек ретінде біраз нәрседен хабар береді.

Зерттеушінің: «Неолит пен энеолит замандарында б.э.б. IV-III мыңжылдықтарда Ертіс пен Түркістан арасындағы кең-байтақ сахараны игере бастаған жылқышы тайпалар Таңбалы жар бетіндегі өрнектердің алғашқы авторлары болып шығады», – деген ғылыми уәжіне сүйенсек, Қазақстанның Маңғыстау аймағынан табылған оғыз таңбаларын да Таңбалы жардағы таңбалардың тарихи жалғасы деп айтуға негіз бар. Бетпақ даланың Таңбалы жары сияқты Маңғыстауда да бірнеше дәуірдің таңбаларын жинақтаған таңбалар галереясы Қарақабак (Қара кеуек шүлдір, Таңбалы сай деп те аталады) сайында орналасқан. Бұл жерден Алтын Орда дәуіріндегі маңғыттардың шөміш таңбасын, бастапқыда қият әулетіне тиесілі болған, кейін «төре таңба» аталған  айыр тәріздес таңбалар анықталды., Таңбалы сайда оғыз тайпаларынан: *байындыр, аусар, қызық, шәуілдір, қарабөлік, имур, қайы, салур, қарқын, баят, дөгер, бектілі* таңбалары кездеседі.

Профессор Ж.О. Артықбаев Таңбалы жарда 500-ден астам таңбаның бір жерде жинақталуы, оның ішінде көне оғыз таңбаларымен қатар қазақтың түрлі руларының да таңбасы болуы – Таңбалы жардың өте ежелгі тарихи орын екендігінің белгісі деген қорытынды ой айтады. Жалпы қазақ жеріндегі кез келген ескерткішті алып қарасақ, одан бірнеше дәуірдің ізін көреміз, олардың ішінде оғыз дәуірі ерекше таңбаланған. Бұл тек ортағасырлық мәдени мұраға ғана емес, сонымен бірге қазақ рухани әлемінде көп орын алатын ауызша дәстүрге де қатысты. Сан-салалы қазақ ауызша дәстүрінде тарихи аңыздар мен жырлар ерекше орын алатыны ақиқат. Осынау мол мұраны жүйелеу, сүзгіден өткізу, тәпсірлеу, ғылыми айналымға енгізу оңай шаруа емес. Сол себепті де біз профессор Ж.О. Артықбаевтың «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ ауызша дәстүріндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) зерттеу кітабын жоғары бағалаймыз. «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/ Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» монографиясы тек оғыз тарихы ғана емес, сонымен қатар жалпы Еуразия тарихының көне және ортағасырлық тарихын тұтас және терең қарастыру үшін маңызды.

Б.И. Нурдаулетова

*Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова,
Ақтау, Республика Казахстан
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)*


Проблемы истории огузов в казахской устной традиции

Краткое содержание рецензии. В гуманитарных направлениях казахстанской науки до середины XX века господствовала тенденция, ориентирующаяся в

исторических исследованиях исключительно на письменные источники. Считалось, что история, не отразившаяся в архивных документах, в нарративных записях, не является историей. Тогда как в среде кочевников, обитавших в степях Евразии, история сохранилась в основном в виде устной традиции, письменная же ее фиксация не стало правилом.

Понятие «устная история» стало популярным в гуманитарных науках только после обретения независимости, и оно способствовало новым тенденциям и возможностям в историко-этнографических исследованиях. Автор, излагая и комментируя казахские легендарные тексты, вводит в научный оборот новый термин «устная традиция», что в общем-то принято в европейских научных школах, над этим нам следовало тоже подумать.

Последний параграф монографии посвящен огузским тамгам, обнаруживаемым в казахской земле, фактически они являются единственным материальным доказательством устных повествований. Исследователь связывает памятник Танбалы тас/Таңбалы жар/ в Бетпакдале с легендарным Алаша ханом, с клятвopиношением в общенародном сходе в этой местности, которое стало началом образования государства. Он пишет «в старину Таңбалы жар был сакральным местом, куда приходили руководители народа на поклонение. Автор на основе данных устной традиции казахов, на публикациях выдающихся казахских ученых, зафиксировавших устные повествования, отмечает: «казахи с незапамятных времен относились к Танбалы жар как к священному центру, где на каменной стелле отражены их борьба за независимость, за вольность и боевой дух их предков. Один из таких периодов – огузская эпоха, и она подтверждается огузскими тамгами на Танбалы жар.

Как Танбалы жар в Бетпакдале, так и в Мангыстау есть галерея тамг нескольких эпох. Эта местность, вернее глубокий лог носит название Қарақабак, а также Қара кеуек шүлдір, Таңбалы сай. Во время наших экспедиционных работ в каменных стенах этого лога нами было обнаружено 42 различных тамг. Самые древние из них представляют обычный знак из одной линии, называются *көсеу таңба*, а также из одного или из двух кругов *күн* и *ай таңба*. Из тамг средневековых огузов зафиксированы – *қазаяқ тамга* племени салор, тамга одного из ведущих родов огузов – *қайы таңба*. А также тамга мангытов времен Золотой Орды – *шөміш таңба*, таңба қиятов, а в последствии тамга чингизидов «*төре таңба*», в виде . Как показывают результаты исследований участников экспедиции, в Таңбалы сай есть знаки, очень близко напоминающие германскую, или так называемую скандинавскую рунику, а также Орхоно-Енисейскую графику древних тюрков. В целом в Таңбалы сай встречаются тамги следующих средневековых огузских племен: *байындыр*, *аусар*, *қызық*, *шауілдір*, *қарабөлік*, *имур*, *қайы*, *салур*, *қарқын*, *баят*, *дөгер*, *бектілі*.

Монография профессора Ж.О. Артықбаева «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/Қазақ халық әдебиетіндегі оғыз тарихының мәселелері» (Кайсери, 2023) очень значима не только для исследователей истории огузов, но и в целом объемного и глубокого рассмотрения древней и средневековой истории Евразии.

B.I. Nurdauletova


*Sh. Yessenov Caspian State University of Technologies and Engineering,
Aktau, Republic of Kazakhstan
(E-mail: nurdauletova@mail.ru)*

Problems of Oghuz history in the Kazakh oral tradition

Summary of the review. In the humanities of Kazakh science until the middle of the twentieth century, there was a tendency to focus exclusively on written sources in historical research. It was believed that a story that did not appear in archival documents, in narrative records, was not history. Whereas among the nomads who lived in the steppes of Eurasia, history has been preserved mainly in the form of an oral tradition, but its written fixation has not become the rule.

The concept «oral history» became popular in the humanities only after gaining independence, and it contributed to new trends and opportunities in historical and ethnographic researches. The author, expounding and commenting on the Kazakh legendary texts, introduces a new term «oral tradition» into scientific circulation, which is generally accepted in European scientific schools, we should also think about this.

The last paragraph of the monograph is devoted to the Oghuz tamgas found in the Kazakh land, in fact they are the only material evidence of oral narratives. The researcher connects the monument of Tanbaly tas/Tanbaly zhar/ in Betpak with the legendary Alasha Khan, with the oath-offering in a nationwide gathering in this area, which was the beginning of the state formation. He writes, «in the old days, Tanbaly zhar was a sacred place where the leaders of the people came to worship. The author, based on the data of the oral tradition of the Kazakhs, on the publications of outstanding Kazakh scientists who recorded oral narratives, notes: «The Kazakhs from time immemorial treated Tanbaly Zhar as a sacred center, where their struggle and the fighting spirit of their ancestors for independence, for freedom are reflected on a stone stele. One of such periods is the Oghuz epoch, and it is confirmed by the Oghuz tamgas on the Tanbaly zhar.

As Tanbaly zhar in Betpak as well as in Mangystau there is a gallery of tamgas of several eras. This area, or rather a deep log is called Karakabak, as well as Kara keuk shuldir, Tanbaly sai. During our expedition work in the stone walls of this log, we discovered 42 different tamgas. The most ancient of them represent an ordinary sign from one line, called koseu tanba, as well as from one or two circles of kun and ai tanba. Of the tamgas of the medieval Oghuzes, the Kazayak tamga of the Salor tribe, the tamga of one of the leading Oghuz clans, the kayy tanba, are recorded. And also the tamga of the Mangytovs of the Golden Horde – shomish tanba, tanba kiyatov, and later the tamga of the Chingizids «tore tanba», in the form of . As the results of the research of the participants of the expedition to Tanbaly sai show that there are signs very closely resembling the Germanic,

or so-called Scandinavian runic, as well as the Orkhon-Yenisei graphics of the ancient Turks. In general, there are tamgas of the following medieval Oghuz tribes in Tanbaly sai: Bayyndyr, Ausar, Kyzyk, Shauildir, Karabolik, Imur, Kayy, Salur, Karkyn, Bayat, Doger, Bektili.

The monograph of Professor Zh.O. Artykbayev «Kazak Halk Edebiyatında Oğuz Tarihi Meseleleri/Kazak halyk adebiyetindegi oghiz tarikhyn maseleri» « (Kayseri, 2023) is very significant not only for researchers of the history of the Oghuz, but also comprehensive and in-depth consideration of the ancient and medieval history of Eurasia.

Автор туралы мәлімет:

Нұрдаұлетова Бибайша Ильясызы, филология ғылымдарының докторы, қазақ филологиясы кафедрасының профессоры, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 32 шағын ауданы, Ақтау, Маңғыстау облысы, Қазақстан Республикасы.

Scopus ID – 57221665637

Сведения об авторе:

Нурдаұлетова Бибайша Ильясызы, доктор филологических наук, профессор кафедры казахской филологии, Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, 32 микрорайон, Ақтау, Мангыстауская область, Республика Казахстан.

Scopus ID – 57221665637

Information about authors:

Nurdauletova Bibaysha Iliyaskyzy, Doctor of Philology, Professor of Kazakh Philology Department, Sh. Yessenov Caspian State University of Technologies and Engineering, 32 microdistrict, Aktau, Mangystau region, Republic of Kazakhstan.

Scopus ID – 57221665637



МАҚАЛАНЫ БЕЗЕНДІРУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

1. Журнал бетінен көрінгісі келетін авторлар tsj.enu.kz веб-сайтына тіркелуі және өз мақалаларын соған жүктеуі тиіс.

2. Жарияланым тілі: қазақ, ағылшын, орыс.

3. Мақаланың көлемі – 5-8 бет, метадеректерсіз.

4. Мақала мәтіні келесі тәртіп бойынша рәсімделеді:

- Автордың/авторлардың аты-жөні (екі және одан көп авторлар болған жағдайда *Байланыс үшін автор көрсетіледі), беттің ортасында, қалың кіші әріптер.
- Қызмет орны, қаласы, елі, электронды поштасы; беттің ортасында, курсивті қаріп.
- Мақаланың атауы – беттің ортасында, шегініссіз, қалың кіші әріптер.
- Аннотация (175-200 сөз). Мақала тіліндегі кілт сөздер (7-10 сөз).
- Мақала мәтіні.....
- Әдебиеттер тізімі (мақала тілінде) және Reference ағылшын тілінде.
- Аннотация және кілт сөздер басқа екі тілде (таяу және алыс шетел авторлары бұл деректерді ағылшын және орыс тілдерінде бере алады, қазақ тіліне журналдың редакциясы аударады).

• Мақала соңында автор туралы ақпарат үш тілде (қазақ, ағылшын, орыс): аты-жөні (толық), ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, ЖОО (ғылыми ұйым) атауы, мекен-жайы, қаласы, елі және Orcid немесе Scopus ID болуы міндетті.

5. Мәтінді, формулаларды және кестелерді теру үшін Windows жүйесіне арналған Microsoft Word редакторы пайдаланылады. Мәтін редакторының параметрлері: барлық шеті – 2 см; ені бойынша теңестіріледі; қарпі – Times New Roman, өлшемі – 12; жоларалық интервал – 1,15; абзацтық шегініс – 1 см; беттің кескіні – кітап үлгісінде.

6. Әдебиеттер тізіміндегі тиесілі дереккөздерге жасалатын мәтіндегі сілтемелер доғал жақша ішінде бірінші авторы, басылған жылы, бет(тер) саны көрсетіліп рәсімделеді, мысалы:

1.(Самашев, 2022: 45) немесе (Самашев, 2021: URL)

2. Егер 2 немесе одан да көп автор болса:

а) (Самашев және т.б., 2022: 45) немесе

ә) (Самашев, Абаев, Хан, 2022: 45);

3. Егер тікелей сілтеме жасалмаған болса: (Самашев, 2022).

Тізімнің қарпі – Times New Roman, өлшемі – 12, абзацтың алғашқы тармақ шегерімі –1,25 см, жолдан жолға көшу арқылы ені бойынша теңестіріледі.

7. Әдебиеттер тізімі екі үлгіде:

1) мақала тілінде алфавиттік рет бойынша нөмірленбей беріледі;

2) латынша транслитерациясы және оның тік жақша ішінде ағылшын тіліндегі аудармасы ұсынылады.

3) Диссертациялар, авторефераттар, әртүрлі басылымдардағы ресми және бей ресми (қаулылар, бұйрықтар, бағдарламалар және т.б.), мұрағаттық (автордың қазба жұмыс

материалдары) құжаттар әдебиеттер (reference) тізіміне енгізілмейді. Мақала мәтінде бұл материалдар жақша ішінде көрсетіліп, сілтеме арқылы сол беттің өзінде көрсетілуі керек. Мұрағат құжаттарының шығыс деректері үтірмен бөлініп, кіші әріптермен белгіленеді (МА, ф. 4, і. 2, б. 16). Олар әдебиеттер тізіміне енгізілмейді. (Reference үлгісін қараңыз).

8. Талаптар ғылыми шолулар, рецензиялар мен есімнамаларға қатысты да қолданылады.

9. Қолжазба орфографиялық және синтаксистік қателердің болмауы мен техникалық безендіру тұрғысынан мұқият тексерілуі тиіс. Техникалық талаптарға сай келмейтін мақалалар пысықтауға қайтарылады. Пысықтауға қайтару қолжазба жариялануға қабылданған жоқ дегенді білдірмейді.

Мақаланы безендіру үлгісі

ХҒТАР 03.41.91 (мына сілтеме бойынша анықталады: <http://grnti.ru/>)

***М. Хабдулина^a**

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан Республикасы

^a(E-mail: mk_khabdulina@mail.ru).

**Байланыс үшін автор: mk_khabdulina@mail.ru*

С. Шнайдер^b

РФА СБ Археология және этнография институты, Новосибирск, Ресей Федерациясы

^b(E-mail: sveta.shnayder@gmail.com)

А. Егинбай^c

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан Республикасы

^c(E-mail: adil_eginbaev2000@mail.ru)

З. Каримбаева^d

М.К. Аммосов атындағы Солтүстік-Шығыс федералдық университеті, Якутск, Саха,

Ресей Федерациясы

^d(E-mail: zulxumar63@gmail.com)

Қозыкөш этнографиялық қонысының қазақ үй-жайы

Аннотация. Көшпенділердің отырықшы мәдениетін зерттеу мәселесін соңғы онжылдықтарда Қазақстанның түрлі археологиялық ұжымдары белсенді түрде дамытып келеді. Палеоэтнографиялық деп аталатын бұл жаңа бағыт ХХ ғасырдың 70-ші жылдарында ғылыми сипатқа ие болды. Қазіргі уақытта жинақталған материалдың көлемі кейінгі орта ғасырлардағы стационарлық ескерткіштерді екі хронологиялық кезеңге бөлуге мүмкіндік береді: Қазақ хандығының XV-XVIII ғғ. және XIX-XX ғғ. этнографиялық уақытының ескерткіштері. Далалық Сарыарқадағы Қазақ хандығы дәуіріне тиесілі қоныстар әзірше белгісіз. 2021 жылы Ақмола өңірінде XIX ғ. аяғы мен XX ғ. басындағы Қозыкөш кеш ортағасырлық қонысында қазба жұмыстары басталды. Осы мақаланың мақсаты: Қозыкөш өзеніндегі қазақтардың этнографиялық қонысының жоспарлау-композициялық құрылымына сипаттама беру, қазылған №3 тұрғын үйдің

материалдары бойынша XIX ғасырдағы тұрғын үй-шаруашылық кешендерін, сәулетін, құрылыс ісін сипаттау, Қазақстандағы XX ғасырдың басындағы қоғамдық-саяси өзгерістерге байланысты қоныстардың (қыстақтардың) кеңістіктік орналасуы мен жоспарлау бейнесінің өзгеруін көрсету... [175-200 сөз]

Кілт сөздер: Сарыарқа, Қозыкөш, Нұра, қазба жұмыстары, қоныс, тұрғын үй, усадьба, қыстау, шымды кірпіштер. [7-10 сөз/сөз тіркесі]

МАҚАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНІ

Мақаланың негізгі мәтінінде келесі құрылымдық элементтер болуы керек:

- Кіріспе
- Материалдар және зерттеу әдістері
- Тақырыптың зерттелу дәрежесі
- Талдау
- Нәтижелер
- Қорытындылар

Әдебиет

(безендіру үлгісі)

